

Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы



**«АҒЫЛШЫН ТІЛІ» ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ  
ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА  
БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРДІ ӘЗІРЛЕУ**

**Нұр-Сұлтан  
2022**

Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды.  
(2022 жылғы мамырдағы № 5 хаттама)

«Ағылшын тілі» пәні сабақтарында оқытудың дүниетанымдық және тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағытталған әдістемелік тәсілдерді әзірлеу  
– Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 157 б.

Жұмыста «Ағылшын тілі» пәні сабақтарында оқытудың дүниетанымдық және тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағытталған әдістемелік тәсілдерді әзірлеу бойынша материалдар жинақталып салынған. Оқыту процесінде білім алушылардың дүниетанымдық және тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде оқытуға бағытталған оқыту технологияларын пайдалану бойынша халықаралық және отандық тәжірибелер зерделеніп талдау жасалған. Сонымен қатар «Ағылшын тілі» пәнін ұлттық құндылықтар негізінде оқыту тәсілін қолдана отырып, білім алушылардың жеке әлеуетін арттыру туралы әдістемелік ұсынымдар әзірленген.

Әдістемелік ұсыныстар облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың/ кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру ұйымдарының басшыларына, мектеп педагогтеріне арналған.

© Ы.Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2022

## КІРІСПЕ

Тіл – қарым - қатынас тәсілі, адамдар бір - бірімен қатынасу үшін қолданатын өзара коммуникация жүйесі.

Қоғамның қазіргі даму, жаһандану кезеңінде кез келген елде өз ана тілінен бөлек шетел тіліне ерекше мән берілуде. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде де шетел тілін оқыту пәні ретінде қарастырып, білім алушылардың тұлға болып қалыптасуына және дүниетаным аясын кеңейтуіне әсер ететін қозғаушы күш ретінде қолданылуда.

Өзге тілді үйрену барысында білім алушылар сол елдің рухани, мәдени құндылықтарымен еркін танысып, ой-өрісін кеңейтіп, тілін үйреніп жатқан елдің географиясы, тарихы, әдебиеті, өнері жөнінде білімін байытады. Тіл – адамды адам етіп қана қоймай, елді ел етіп сақтап тұратын ерекше байлық. Ол ерекше түсіністіктің, халықтың, ұлттың әлемді қабылдау кілті болып табылады. Сонымен қатар елдің рухын, өзіндік тәлім-тәрбиесі мен салт-санасын көрсете алатын құбылыс. Дәл осы тіл арқылы әркім тұлға ретінде қалыптасып, ұлттық-мәдени ұйымның мүшесі бола алады. Тілдің көмегімен адам әлемді танып, өзін индивидуум (бөлінбейтін, дара, өзіндік болмасын жоғалтпайтын) ретінде көрсетіп қана қоймай, өз ұлтының төл баласы ретінде де өз елін таныта алады. Сондықтан адамдардың туған тіліне деген сүйіспеншілігі, олардың шет тілдерін үйренуге деген құштарлығы, тіл игеру өнерін мақтан тұтуы бүгінде таңқаларлық құбылыс емес. Тіл - қоғам үшін өте маңызды құрал, ол оның бөлшегі, терең тарихы мен көркем әдебиеті [1].

Шет тілін оқытудың қолданбалы мақсаты бұл тілде білім алушыларды сөйлетуге үйрету болып табылады. Сонымен қатар, қарым-қатынас кезінде өз ойын ана тілінде емес өзге тілде жеткізуге, өзге тілдің сөздерін күнделікті өмірде қолдану қабілетін дамыту қажет. Бұл күрделі міндеттер дидактикадан, психолінгвистикадан оқытуды шыңына жеткізуге, оны сапалы етуге бағытталған теориялық және эксперименталдық арнайы зерттеулерді талап етеді.

Жұмыстың негізі тақырыбы болып танылатын «Ағылшын тілі» пәнін оқытудағы ең басты мақсат – білім алушылардың тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру. Ағылшын тілі пәні де басқа пәндер сияқты орта білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие берумен қатар жас өспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетілдіруіне қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Орта білім беру ұйымдарында тілдік пәндердің саласы ретінде шетел тілінің негізгі мақсаты білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу қабілетін қалыптастыру. Бұл коммуникативтік құзіреттілікті, яғни, білім алушының бойына тікелей қарым-қатынасты (сөйлеу, есту арқылы түсіну) және жанама қарым-қатынасты (шетел тіліндегі мәтіндерді түсінумен оқу, жазу) жүзеге асыра алу қабілетін қалыптастыру болып есептелінеді. Шетел тілдерін оқытуда ең даулы мәселелердің бірі – білім алушылардың шетел тілін меңгерудегі білімі, мен дағдыларын тексеру және бағалау, оларды ұйымдастыру және өткізу тәсілі

болып есептелінеді. Шетел тілдік қарым - қатынас дағдыларын дамыту мен қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі - тұлғаға бағытталған тәсіл. Бұл мәселенің өзектілігі шет тілін оқыту процесінде әр білім алушының жеке қабілеттерін ескеру қажет екендігінде байқалады.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. Ең басты шарттары: ағылшын тілін оқытудың алдына қойылатын мақсаты, оны оқып-үйренуге бөлінген уақыт пен сағат саны жатады. Осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын - оқыту мақсаты болып келеді. Бұл шарт қоғамның дамуы, оның басқа елдермен мәдени, саяси, экономикалық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді.

XXI ғасырдағы дамыған ел – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтардан құралған халқы бар ел. Сол үшін еліміздегі заманауи ғылыми-техникалық процестің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен міндеттер жүктейді. Білім алушыларды жан-жақты жетілген, ой-өрісі биік, ақылды, парасатты, елжанды етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең негізгі мәселелерінің бірі. Ал бұған қол жеткізуге педагогтердің шығармашылық ізденісі, қызықты сабақтар үшін педагогтің ашқан өзіндік жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы мен әдістемелік ізденісі, кәсіби дамуы, абройлы ісі мен білім беруде жеткен жетістігі жатады. Сондай-ақ, «Ағылшын тілі» пәні педагогтері білім алушыларға өзге тілді үйретуде олардың бойына өз тіліне деген құрмет етуді сіңіру үшін қазақ ақыны Қадыр Мырза Әли айтқандай, «Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілінді құрметте!» деген ұстанымда болуы тиіс.

Ұлттың болашағы, егеменді елдің ертеңі, ұрпақтың рухани байлығы, олардың ұлттық санасы мен ойлау қабілеті, білімі, іскерлігі - бүгінгі қоғам талабы. Осы орайда орта білім беру ұйымдарында «Ағылшын тілі» пәнінен білім беру сапасын жақсартуды жүзеге асыратын, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыратын әдістемелік тәсілдер әлі де тоқтаусыз зерттеуді қажет етеді.

Білім алушылардың танымдық әрекеті мен белсенділігін арттыруда оқыту процесінің, сондай-ақ «Ағылшын тілі» пәні сабақтарында оқытудың дүниетанымдық және тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағытталған мазмұнды қолданыстағы және жаңа технологиялар арқылы қалыптастыруда педагогтің ізденісі таптырмас тәсіл. Өйткені педагогтер өз тәжірибесінде білім алушылардың дүниетанымдық және тәрбиелік әлеуетін арттыруда өздерінің дайындығының төмен деңгейде екенін мойындап келеді. Алайда педагогтер пәннің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, сабақта танымдық және тәрбиелік белсенділігін арттыруды қолданыстағы технологиялармен ұштастыру мүмкіндігі зор. Бұл туралы осы әдістемелік ұсынымда толығырақ тоқталатын боламыз.

Жалпы тілдердің үш тұғырлығы идеясын қазақ тілі - мемлекеттік дәрежесінде мемлекет өмірінің бар саласында бүкіл қоғамымызды біріктіруші қызметін атқарса, орыс тілі - ұлттар арасындағы қарым-қатынастарға қызмет

етеді, ал ағылшын тілі - әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етеді деп қарастыруға болады деп қарастырған.

Дегенмен, басқа пәндер сияқты педагогтер үшін «Ағылшын тілі» пәні арқылы да бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ, өз ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрлерді ойлай, ардақтай білуге тәрбиелеу – басты әрі маңызды міндеттердің бірі. Ендеше, білім алушыларға шет тілдерін ұлттық құндылықтар арқылы үйрету үшін оқу мазмұнына түбегейлі өзгеріс енгізу күн тәртібінде тұрған негізгі мәселелердің бірі.

Жұмыс барысында «Ағылшын тілі» пәнін оқу кезінде білім алушылардың жеке әлеуеті деңгейін арттыруды ұйымдастыру ерекшеліктері жазылып, педагогтерге сабақ барысында қандай мәселеге басты назар аударылуы керек екендігі туралы жазылады. Ал екінші бөлімде «Ағылшын тілі» сабақтарында білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың және әлеуетін дамытудың озық тәжірибелері туралы жазылады. Мұнда түрлі тәжірибелерден мысал келтіріліп, педагогтерге маңызды ақпараттар беріледі. Келесі бөлім «Ағылшын тілі» пәнін оқытуда білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруды және әлеуетін дамытуды ұйымдастырудың ғылыми негіздері туралы жазылып, педагогтерге дүниетаным арқылы тәрбиелік әлеуетті көтеру жолдары сараланып, оны пайдалану жолдары жазылады.

«Ағылшын тілі» пәнін оқытуда білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру және әлеуетін дамыту әдістері көрсетілген бөлім білім алушылардың бойындағы тәрбиелік әлеуетті дамытудың тәжірибелері көрсетіледі. Соңғы бөлімде педагогтерге «Ағылшын тілі» пәнін оқытуда білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру және әлеуетін дамыту бойынша ұсынымдар беріліп, қорытындыланады.

Жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда, оның ішінде ұлттық дүниетаным арқылы олардың тәрбиелік әлеуетін арттыруда қазақ халқының бай әдебиеті мен қазақтың терең тарихының орны ерекше. Өйткені оларда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған терең тәжірибесі сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан. Осыған сай, ағылшын тілін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруде бағдарламаға негіз болып табылатын пән мазмұнына кіріктіре оқыту тетігі мен әдіс-тәсілдері анықталып, педагогтерге осы жұмыста жинақталып, ұсынылады.

## I. «АҒЫЛШЫН ТІЛІ» ПӘНІН ОҚУ КЕЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ӘЛЕУЕТІ (ПОТЕНЦИАЛ) ДЕНҒЕЙІН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі замандағы адам әлеуетін зерттеуші ғалымдар адам өзінің күнделікті өмірінде өз мүмкіндіктерінің тек 10% - ын ғана пайдаланып, ал 90% - ын қолданбай қалатыны туралы пікір білдірген [2].

Олай болса, адам баласы мүмкіндіктері мен дарынының аз ғана бөлігін пайдаланады. Сонымен қатар, адамдардың көпшілігінде өзінің қанша дарыны мен қабілеті бар екендігі туралы түсінік қалыптаспаған.

Жеке күш-қуаттың үлкен ресурсы адамның түп санасында жатып, өзінің жарық етіп шығу уақытын күтеді. Адам сол әлеуетіне назар аударып, оның жұмыс істеуіне мүмкіндік беруі үшін не істеу керек? Біздің планетамыздың миллиардтаған тұрғындарының ішінде бірнеше пайызы ғана шынайы әлеуетінің едәуір бөлігін жүзеге асырған адамдар.


Адам үлкен қабілеттерге ие екенін түсініп, өмір бойы оларды жүзеге асыруға өзін арнауы керек.

Ерте жастан бастап кез-келген бала барлық істі өзі істеуді үйренеді және басқалардың қолдауына ие болуға ұмтылады.

«Әлеует» сөзінің өзі адамға тән қасиет. Сондықтан оны құрудың қажеті байқайжоқ. Алайда педагогтер баланың бойындағы дарынын а алып, соны дамытуға бағытталған жұмыстар жасауы тиіс.

Білім алушының жеке әлеуеті бірнеше компоненттерден тұрады. Олардың әрқайсысы өз кезегінде әлеует ретінде жүйелі түрде қарастырылады. Жеке тұлғаны және оның әлеуетін анықтауды зерттеу туралы М. С. Каганның еңбектерінен көруге болады [3]. Ол жеке тұлғаны жеке іс-әрекет ретінде қарастыруды және оны бес әлеуетімен сипаттауды ұсынады (1.1-сурет)

1.1.Сурет. Жеке тұлғаның іс-әрекеттік әлеуеті



**Гносеологиялық әлеует** - эпистемология (көне грекше: — «ғылым» және көне грекше: — «сөз») немесе гносеология (көне грекше: — «білім» және — «сөз») немесе таным теориясы— философия ғылымының саласы, танымның

мәнін, ерекшелігін, әдіс құрылымын, деңгейін, басқа таным формалармен байланысын зерттейтін ғылыми таным теориясы. Басқаша айтқанда, адамның тану қабілеті, танымның бастауы, формалары, әдістері туралы, ақиқат және оған жетудің жолдары туралы ілім. Айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында белсенді бейнеленуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатысын, қоғамдық практика негізінде іске асатын таным процесінің заңдылықтарын, оның негізгі формаларын, әдістер, гипотезалары мен теорияларды құру мен дамытудың принциптерін зерттейтін философия ғылымының саласы [4].

Бұл әлеуетті зияткерлік әлеует деп те атайды. Ол - адамның айналасы және сыртқы әлем туралы білімінен тұратын ақпараттың көлемі мен сапасына сай. Оны алу табиғи ақылға, білімге және практикалық тәжірибеге байланысты. Адамның танымдық белсенділігі осы әлеуетпен байланысты. Яғни, ол – білім алушының өз айналасын, қоршаған ортасын тану, білім негізін қалау әлеуеті.

Баланың жеке әлеуетінің бірінші компоненті-зияткерлік әлеует-адамның қол жетімді және сыртқы әлем туралы білімінен тұратын ақпараттың көлемі мен сапасына байланысты. Оны алу табиғи ақылға, білімге және практикалық тәжірибеге байланысты. Адамның танымдық белсенділігі осы әлеуетпен байланысты.

**Аксиологиялық әлеует** - Аксиология (грек, axios — құнды, logos — ілім) - құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім. Аксиологияның негізгі мәселесі — «Игілік деген не?» деген сұрақты алғашқы болып Сократ қойған. Платон философиясында құндылықтар жалпы ізгілікпен байланыстырылып, әмбебапты мәнге ие болды. Мәдениеттануда құндылықтар мәселесі ерекше орын алады, өйткені, мәдениет адамзат жасаған барлық құндылықтардың жиынтығы деген түсінік кең тараған. Құндылықтардың болмыстық жалпы мәнін ашуға бағытталған Аксиологияның философиялық қырынан, оның мәдениеттанулық өлшемі өзгеше болып келеді. Аксиология әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, мәдени құндылықтардың қалыптасуын, нақтылы даму тектерін және бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі ретінде көрініс тапты. Бұл әсіресе тарихи мәдениеттануда анық байқалды. Мәдениет — адамдық қарым-қатынастарды реттеудің маңызды тұлғалық әлеуметтік тетігі, ал құндылық — норма, үлгі, мұраттармен қатар осындай реттеу жүйесінің шешуші элементі екендігі белгілі. Сол себепті аксиология әлеуметтік-мәдени талдаудың маңызды құралына жатады. Қазіргі мәдениеттануда құндылықтардың тарихтан тыс әмбебапты жүйелерінен бас тартып, тарихи әдістеме арқылы тең құқықты құндылықтар жүйелерінің молдығына негізделген мәдени-тарихи релятивизм мектебі (Дильтей, Шпенглер, Тойнби, Сорокин, т.б.) қалыптасты [5]. Яғни, ол – білім алушының қоршаған ортасын бағалап, оған мәдени қарым-қатынас жасау әлеуеті.

**Шығармашылық әлеует** - «шығармашылық» деген ұғым адамгершілік белсенділікті білдіреді, ол материалдық және рухани құндылықтарды қалыптастырады. Мұндай нәтиже тек осы автордың туындысынан шыққан. Бұл

факт ақырғы нәтижеге мән береді. Сонымен бірге, шығармашылық өнімді жасау барысында автор өзінің жеке аспектілерін көрсетеді [6]. Яғни, ол – білім алушының жеке шығармашылық (эссе, сурет, өлең, қол өнер, т.б) туындысы.

Білім алушының бойындағы шығармашылық әлеует - оны өнімді іс-әрекетке, шығармашылық дағдылармен және қабілеттерге бағыттайды. Балаға кез-келген жағдайда өзіндік әрекет етуге, қиялын дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл әлеуетті шабыт (мотивациялық) және құндылық әлеует деп те атап, адамның әлеуметтік-психологиялық көзқарастарын қамтитынын баяндайды.

**Коммуникативті әлеует** - коммуникативтік әлеует – адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауда, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдан алу білігін қарастырады [7]. Сонымен қатар, аталмыш әлеует білім алушыда қарым-қатынастың сәттілігін, басқа адамдармен түсінісу, коммуникативтік қасиеттерді, қарым-қатынас дағдыларын игеру қабілетін қамтамасыз ететін қасиет. Яғни, білім алушының өз ортасында тұлға болып қалыптасу қабілетін дамыту мүмкіндігі.

**Көркем әлеует** - мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекелеген сипат - белгілері. Әншейінде оп-оңай көзге түсе бермейтін өзгешеліктерді байқағыштықтан, көрегендіктен туындайды, сондықтан ол өмір құбылысының әр түрлі нәрсенің ерекшелігін сондай-ақ адамның бойындағы қандай да бір қасиет - сипатты дәл тауып, бейнелеп беру шеберлігін танытады. Кейіпкердің мінезіндегі, кескін-келбетіндегі, іс-әрекеті мен сөйлеу мәнеріндегі немесе шығарманың сюжеттік желісіндегі, композициялық құрылысындағы жекелеген ерекшеліктер немесе суреттеменің, баяндаудың дәлдігін, нақтылығын арттыра түсетін әр түрлі бояу-нақыштар - міне, осылардың қай-қайсысын да көркемдік деталь ретінде алып қарауға болады [8]. Яғни, білім алушы бойына көркем мінез, көрегенділік қасиет, рухани байлық қалыптастырады. Сонымен қатар, білім алушының бойындағы эмоционалды-еріктік, сезімдер, эмоционалды күйлер, эмоционалды және ерікті қасиеттер жүйесі кіреді. Эмоционалды - еріктік реттеудің дамуы мотивациялық-семантикалық саланың, адамның дүниетанымы мен сенімдерінің қалыптасуымен, сондай-ақ ерікті күш-жігердің қабілетімен байланысты.

Осылайша, жеке тұлғаның әртүрлі аспектілерін әлеует ретінде қарастырып, жүргізілген зерттеулерге талдау негізінде білім алушының жеке әлеуетінің бірнеше анықтамасын жасауға болады.

Білім алушының жеке әлеуеті жеке дамуының негізін құрайтын және әр түрлі іс-әрекеттегі, ең алдымен оқу іс-әрекетіндегі жетістіктердің тиісті деңгейін қамтамасыз ететін қасиеттер жүйесі болып табылады. Педагог өз шеберлігімен оқытатын пән барысында білім алушылардың бойындағы әлеуетін дамытуда жеке ерекшеліктерін (жас ерекшелік, физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік т.б.) ескере отырып, сабақты ұйымдастыруы тиіс.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. Ең басты шарттары: ағылшын тілін



оқытудың алдына қойылатын мақсаты, оны оқып-үйренуге бөлінген уақыт, сағат саны жатады. Осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын-оқыту мақсаты болып келеді. Бұл шарт қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси, шаруашылық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді.

Белгілі ғалым Н. Д. Гальскова бастауыш сынып білім алушылары шетел тілдерін меңгеруге өте бейім. Баланың имитациялық қабілеттері, табиғи қызығушылығы әрқашан жаңаны меңгеруге қолайлы жағдай жасайды дейді [9]. Алайда біздің елде білім алушыларға шетел тілі қазақ, орыс тілімен бірге үшінші, ал оқытуы ұйғыр, өзбек, тәжік мектептері үшін мемлекеттік тілмен қоса есептегенде, төртінші тіл болып саналатынын ескеруіміз керек.

Білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы кәсіби педагогтерді білім алушылардың жеке әлеуетін дамыту адамның жеке басын қалыптастыруда, оның болашағы мен басымдықтарын алдын-ала анықтауда маңызды рөл атқаратындығы туралы ойлануға итермелейді. Жеке тұлғаның ресурстарын қалыптастыру және ашу қолайлы жағдайлармен белгілі бір бағытқа ие, оны жүзеге асыру үшін жеке тұлғаның қалыптасуы қалай анықталатынын түсіну қажет.

Білім алушының жеке әлеуеті жеке дамудың негізін құрайтын және әр түрлі іс-әрекеттегі, ең алдымен оқу іс-әрекетіндегі жетістіктерінің тиісті деңгейін қамтамасыз ететін қасиеттер жүйесі ретінде қарастырылады.

Білім алушының жеке әлеуетінің компоненті және оларды қалыптастыру шарттары үшін ерте жастан кез-келген бала өзі болуды үйренеді және басқалардың қолдауына ие болуға ұмтылады. Мұнда «бала одан әрі өзі дами ала ма және ол өзінің әлеуетін жүзеге асыра ала ма?»,- деген сауалдар тұр. Жоғарыда жеке-жеке талдап өткен «әлеует» сөзінің өзі адамға тән қасиетті білдіреді. Ал әлеуетке тән қасиеттер:

- ✓ Адамның табиғи бейімділігі;
- ✓ Жалпы қабілеттер;
- ✓ Ерекше қабілеттер (соның ішінде шығармашылық қабілеттер).

Ағаш бұтағы неғұрлым көп болса, соғұрлым күшті, сәнді болады. Сол сияқты білім алушының жеке әлеует деңгейін арттыруды ұйымдастыруда педагогтің маңызы зор.

Әлем білім беру саласының сапасын көтеру арқылы елдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайдың дамып, тұрақталатынын мойындап келеді. Сол үшін де білім беру жүйесінде педагогтерден үздіксіз ізденімпаздықты талап етеді. Елімізді дамытудың 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарының жоғары басымдылығы ретінде адам ресурстарын дамыту болғаны да білім сапасын арттыру, нақтырақ айтсақ, білім алушылардың жеке әлеуетін педагогтер тарапынан тоқтаусыз арттырып отыруды қажет етеді [10]. Сондықтан да білім беру қызметінің сапасын жақсартуға баса назар аударылуда.

Білім алушылардың білім мен тәрбие құндылығын түсінуі, білімге, жасампаздыққа ұмтылуы, дамуға және шыңдалуға дайындығы ең маңызды ресурс.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуының, мәдени аралық алмасулардың, пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобаларды, шығармашылық ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде білім беру ұйымдарында орта қалыптасуы шарт.

Кез келген елдің әлемдегі орны адам капиталының сапасымен, білім берудің озық жағдайымен және өндірісте техника мен ғылымды пайдалану деңгейімен анықталады. Сапалы білім беру технологиясының дамуы - еліміздің бәсекелестік басымдылығы дамуының маңызды факторы болып табылады. Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі - таным теориясы, білім алушы тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру, жеке әлеуеті деңгейін арттыру туралы ілім болып табылады. Бұл теория білім беру және оқытуды арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекет ретінде қарастырады. Білім беру және оқыту теориясының білім алушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі - танымдық белсенділік пен саналылық.

Бұл талаптың орындалуы білім алушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Білім алушылардың белсенділік танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі білім алушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Осыдан келіп, оқыту барысында білім алушының іс-әрекетінде танымдық белсенділікті қалыптастыру талабы туындайды.

Танымдық әрекеттің негізінде білім алушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық белсенділік – білім алушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, күштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы, педагогтің баяндап тұрған жаңа материалын түсіну үшін, білім алушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқып, бақылау тәжірибе жасау сияқты жұмыстар жасауы қажет. Яғни білім алушының белсенділігі оқу процесінің барлық кезеңінде орын алуы тиіс. Сабақ барысында білім алушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, білім алушылардың ақыл-ой, байқампаздық, ойлау және сөйлеу, зеректілік сынды тағы басқа қабілеттері дамиды. Білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту және қалыптастыру мәселесіне зерттеушілер, педагогтер мен әдіскерлердің біршама еңбектері бағытталған.

Қазір орта білім тәжірибесінде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрлерінен басқа, дәстүрсіз түрлері де пайда болуда. Ол, әрине қоғамның жаңару, жетілдіру жағдайында білім беру саласын реформалаумен тығыз байланыста іске асуда. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың мұндай дәстүрсіз түрлері көбінесе оның жеке әдістеріне негізделіп құрылуда. Педагог пәнді оқыту жұмысын тек сабақ арқылы ұйымдастыруы мүмкін емес. Сыныптық сабақ жүйесінің негізгі кемшілігі – білім алушылардың дара ерекшеліктерін дамытуға жеткілікті мүмкіндіктердің болмауы - оқытуды ұйымдастырудың басқа жолдарын іздестіруге себеп болады.

Сондықтан білім алушылардың сыныптық-сабақтағы танымдық әрекетін дамыту, толықтыру және білім алушылардың өзіндік шығармашылық белсенділіктерін, қабілеттерін арттыру мақсатында оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша түрлері қолданылады. Олардың қатарына семинар, экскурсия, факультативтік, қосымша, конференция сабақтары, үйдегі оқу жұмысы және пәндік үйірме жұмыстары, олимпиада, сынақ және емтихан, өзіндік жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында, педагог білім беру барысында ең алдымен білім алушының пәнге деген қызығушылығын ашу керек. Сонда ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келетін, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана өз мақсатына жетеді.

Енді сабақ барысында білім алушының түрлі әлеуетін дамыту үшін сабаққа қызығушылық шабытын ояту үшін бірнеше факторларға мән берілуі тиіс. Олар:

- ✓ Оқу мазмұнының тартымдылығы;
- ✓ Педагог пен білім алушы байланысының жанды интенсивті болуы;
- ✓ Педагог тұлғасы;
- ✓ Педагогтың білім алушыны көтермелеп, ата-анасы мен сыныптастар

алдында беделін өсіруі;

- ✓ Пәнге деген қызығушылықтың тоқтаусыз жүруі, т.б.

Педагог білім алушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін тек қана оқулықты ғана емес, басқа да қосымша материалдарды аудио, видео, газет, журналдар, тіпті ғаламтор көзінен де қолдануы тиіс. Білім алушылар материалды толық және тез меңгеру үшін, педагог әр түрлі әрі қызықты көрнекі құралдарды пайдаланып, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі тиіс. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту үшін, педагог әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғаны жөн. Алайда пайдаланылған әдіс-тәсілдер төмендегідей бірнеше талаптарға сай болуы тиіс:

✓ білім алушылардың өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасалып, олардың қызығушылығын ынталандыруға лайықтылығы;

- ✓ тілді практикада қолдануға қажеттілік тудыруы;
- ✓ білім алушы тұлғасының толығымен оқу процесіне тартылуы;
- ✓ білім алушылар бойындағы тілдік шығармашылық қасиеттердің

ашылуы;

- ✓ білім алушының оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді

етілуі;

- ✓ білім алушылардың өзара тығыз байланысы;
- ✓ білім алушының физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық

ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу мүмкіндігі;

✓ білім алушы тіл үйренуде әр түрлі жұмысты жеке, жұппен, топпен, сыныппен қолдана алуы, т.б.

Сонымен қатар, сабақты ұйымдастыруда педагогтің тағы бір міндеті – білім алушылардың жеке әлеуетін арттыру мақсатында, сабақтан тыс кездерінде

танымдық әрекеттерін тереңдету, үлгермеушілікті болдырмау. Сондықтан кейбір білім алушылардың дарын-талаптарын, ғылымға бейімділігін немесе сұранысын сабақ барысында толық қамтамасыз етіп, білім алушы әлеуетін тани отырып, оларды ашуға жағдайлар жасау. Өзіндік жұмысты педагогтің дұрыс басқара білуі және білім алушының дербестік әрекетінің деңгейінің артып отыруы - осы жұмысты ұйымдастырудың негізгі белгілері. Білім алушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында әлеуетін арттыруға тікелей ықпал ететін мынадай қасиеттер қалыптасады:

- а) өз бетінше ойлану біліктері мен ізденімпаздығы;
- ә) білім алуға деген қабілетінің артуы;
- б) берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру;
- в) басқа білім алушылардың түсіндірмелеріне сын көзбен қарау;
- г) жеке ой дербестігі.

Ол оқудың жоғары ғылыми деңгейін қамтамасыз етіп, білім алушылардың өзіндік білім алуы мен шығармашылық дамуына да ықпал етеді. Білім алушылардың элективті оқуда алған білімдері мен дағдылары сабақтарда белсенді қолданып, олардың міндеттері, мазмұны мен әдістері арасындағы өзара байланыс логикалық тұрғыда іске асса, онда оқу жүйесінің нәтижесі анағұрлым артады.

Ғылыми педагогикалық зерттеулерде «өзіндік жұмыс» ұғымына бірнеше анықтамалар берілген;

- оқыту үрдісінде енгізілген білім алушылардың өзіндік жұмысы педагогтің тікелей қатысуынсыз орындалатын жұмыс; бұл жағдайда білім алушылар саналы түрде тапсырманың мақсатына қол жеткізуге өздерінің күштерін пайдалану және танымдық іс-әрекеттерінің нәтижелері арқылы іске асады [11];

- білім алушылардың тапсырмаларды еш көмексіз, педагогтің бақылауысыз орындауы [12];

- өзіндік оқу іс-әрекеті дегеніміз - бұл дидактикалық ұғым, ғылыми практикалық міндеттерді өз бетімен қою, оның шешімін табудың өзіндік тәсілдерін болжау және анықтау, жеке тұлғаның өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі бағалауы негізінде педагогикалық үрдіске қатынасушылардың өзара іс-әрекетінде қалыптасқан жеке тұлғаның интегративті білімі [13];

Білім алушылардың жеке әлеуеті деңгейін арттыруда өзіндік жұмысқа бейімдеу – білім алушыны өзін-өзі дамытатын белсенді тұлға ретінде өзін тануға, өзіндік дамуға, өзін бақылап бағалауға қабілетті, педагогпен тең диалогтық қарым-қатынасқа түсе алатын тұлға ретінде қалыптастырушы фактор. Біздің пікірімізше білім алушыларды өзіндік жұмысқа бейімдеу тиімді болу үшін төмендегідей шарттар қажет:

- ✓ өзіндік жұмыстың мәні мен қызметтері нақтыланып ашылуы;
- ✓ өзіндік жұмысқа бейімдеуге арналған арнайы дидактикалық жүйенің әзірленуі;
- ✓ тиімді қызмет ететін және дамытуға қабілетті арнайы жүйе анықталып тәжірибелік сынақтан өтілуі.

Білім алушының бойындағы түрлі қабілеті дамытуға ең алдымен оған қатысты адами сапаны қарастыру. Оған ойлау белсенділігі, тез үйрену, ептілік пен тапқырлық, практикалық жұмысты орындауда нақтылығы, оған қажетті білімді игеруге талпыну, еңбексүйгіштік т.б. жатады.

Әрбір педагогтің аса маңызды міндеттерінің бірі әр білім алушы бойындағы қабілетін, икемділігін, жеке әлеуетін көре білу, білім алушының бойына жеке әлеуетін қалыптастырумен қатар оны дамыту, оларды еңбекке бейім, тәрбиелі, шығармашыл, тапқыр ете отырып білім беру болып табылады. Педагог «Ағылшын тілі» пәні бойынша білім алушының бойына жеке әлеуеті деңгейін арттыруды ұйымдастыруда теориялық, әдістемелік және педагогикалық – ұйымдастыру жолдарын бірізділікті етуі тиіс.

1. **Теориялық** – бұл білім алушының бойындағы дарындылығын анықтау. Яғни, әрбір білім алушының дамуы мен алдағы уақытта оқыту аспектілерін ұйымдастыру арқылы жеке әлеуетін дамыту теориясын қарастыру жолы.

2. **Әдістемелік** – бұл қабылданған анықтау әдісі мен білім алушының жеке әлеуетін дамыту бағдарламасының сәйкестігі.

3. **Педагогикалық – ұйымдастыру** – білім алушылармен диагностикалық жұмысты таңдау түрі мен ұйымдастыру әдісінің болжамы.

Енді осы ұйымдастыру жолдарының алгоритмі құрылып, жұмыс жүргеннен кейін **бақылау әдісін** қолға алу керек.

Бақылау – білім алушының жеке әлеуетін тану және оны арттыру жолдарын анықтау мақсатында жүреді. Мысалы:

**Білім алушының білім көрсеткішін (жоғары, орта, төмен) анықтау;**

*(Жоғары деңгей: білім алушы пән мазмұнын жетік түсініп, оларды іс жүзінде пайдалана алады. Қиын тақырыптарды түсінуге ұмтылады.*

*Орта деңгей: Білім алушының білімі болғанымен, толық емес. Кейбір жағдайда дұрыс талдау жасағанымен, кей жағдайда білім жетпей қиналады.*

*Төменгі деңгей: Білім алушының пән мазмұны бойынша білімі таяз, тақырыпты түсінуге ынтасы болмайды. Сабақ барысында пәнге қызығушылық танытпай, селқостық танытады.)*

**Білім алушының жеке тәрбиесін анықтау;**

*(жеке тұлғаның адамдық бейнесі, қалыптасқан ұнамды мінез-құлқы, ата-анасынан берілген адами тәлімі.)*

**Білім алушының шығармашылық қабілетін анықтау;**

*(білім алушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі – таңдағы негізгі мәселенің бірі. Білім алушының өзіне сенімін арттыру, шығармашылығын дамыту мақсатында педагогтің әр сабағы әр түрлі, жан – жақты болуы керек.*

*Сабақ мазмұнының теориялық – практикалық құндылығы жоғары болған сайын білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу өте тиімді жүргізіледі. Педагогтің әрбір сабағы білім алушы сезіміне, ынта – ықыласына әсер етуі тиіс. Ол үшін сабақ құрылымы көп түрлі оқыту әдістерімен, педагогтің дайындығы, ізденісі жоғары деңгейде болуы керек. Білім алушының пәнге деген*

қызығушылығын арттыру – педагогтің өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып, жаңа сабақ үлгілерімен білім алушыларды шығармашылыққа ізденуін қалыптастыру, оларға сұрақ қою, эксперименттік тапсырмаларды шештіру, ой таласын жасау, танымдық ойындар сияқты шаралар арқылы іске асады.)

**Білім алушының қоршаған ортасымен қарым-қатынасын анықтау;**

(білім алушының ұстазымен және сыныптастарымен ағылшында пікір алмасуы немесе пікір алмасуға тырысуы. Қарым-қатынастың сөзден тыс жолдары бар: келбет, ым, мимика т.б.)

**Білім алушылардың рухани байлығын анықтау;**

(Рухани байлық – адамның өмірін қоршаған орта, тіршілік аясымен тұтастыратын және оның мақсат-мүддесін игі істермен ұштастыратын қасиет. Халық игілігі ретінде рухани асыл қазыналар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтасып жатады. Халқы үшін еңбек еткен адамдардың өмірі де рухани байлық болып табылады. Сонымен, ұлттық құндылықтар адам өміріне қажетті рухани байлық.)

«Ағылшын тілі» пәнін оқыту кезінде бірнеше әдісті қолдануда білім алушылардың жеке әлеуетін анықтау жолдары қарастырылуы тиіс.

Логикалық ойлау; Грамматикалық-аударма әдісі; Сатылау; Тізбектеу әдісі; Үнсіздік әдісі; Физикалық сезіну әдісі; Рөлдік ойындар; Мәдени қарым-қатынас; Жобалау ідісі; Проблемалық оқыту әдісі; Анализдеу; Миға шабуыл; Пікір алысу; Интерактивті әдістер; Коммуникативтік, көру, есту, кинестикалық, Витагендік әдіс, Ойға шолу, Аудиолингвистикалық әдіс; Келесі әдіс; Түсіндіру; Көрнекілік әдісі; Практикалық әдіс және ақпараттық-коммуникативтік технология әдісі. Бұл оқыту әдістерінің ішінде бұрыннан қолданып келген әдістер және осы замандық жаңа әдістер қамтылған. Осы ағылшын тілін оқыту әдістерін салыстыра сипаттау аса маңызды. Себебі пайда болған әрбір жаңа әдістің артықшылығы мен кемшілігі болады. Педагогтің сабақ барысында білім алушылардың жеке әлеуетін арттыруға қай әдісті таңдауы салыстырмалы сипаттауда аса маңызды. Себебі әдістердің түрлері сан алуан және де бұл әдістердің өзгешеліктерін білмей отырып оны таңдау мен қолдану қиынға соғады.

Педагог қолданған кез келген әдіс-тәсілінде білім алушының жеке әлеуетін дамыту жолдары мен пән мазмұнын ұштастыру - педагогтің ізденімпаздығын қажет етеді.

«Ағылшын тілі» сабағында білім алушы өзін сенімді сезіну үшін сөздік қоры бай болу керек. Ал сөздік қорды дамыту жолдары мынадай әдіс-тәсілдерден тұрады:

- ✓ сөйлеу;
- ✓ әңгімелесу;
- ✓ сұрақ-жауап;
- ✓ аударма жасау;
- ✓ түсінік айту;
- ✓ кітап-мәтінімен жұмыс жасау әдіс-тәсілдері.

Білім алушылардың сөздік қоры баю үшін педагог сабақ барысында кестелер, бейне кассеталар, түрлі суреттер, көрнекі құралдарды қолдануы керек.

Енді ағылшын тілін сөздік қорын дамытатын әдіс-тәсілдерге жеке-жеке тоқталайық (1.2. сурет)

### 1.2.Сурет. Білім алушылардың сөздік қорын дамытуға арналған әдістер



**Көрнекілік әдісі** – ағылшын тілін үйретуде ең жиі және ең нәтижелі әдіс-тәсілі болып саналады. Себебі бұл әдіс барлық сабақ түрінде қолданылады. Көрнекілік әдісте әрине көрнекілік құралдар мен схемалар қолданылады. Олар бірнеше түстен кем болмауы керек. Бұл білім алушылардың сабақ барысында қызығушылығын және сөздік қорларын дамытуда ең тиімді жолы.

**Түсіндіру әдісі** – педагог сабақ барысында, оқыту үрдісінің бастамасы ретінде іске асырылатын әдіс. Бұл әдісте педагог жаңа сөзді, жаңа тақырыпты немесе сөйлемдерді түсіндіру үшін қолданылады.

**Сұрақ – жауап әдісі** – білім алушылардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Бұл әдісте білім алушылар коммуникативтік әдісте болады. Бір-бірілеріне сұрақ қойып, кейін сұрағына жауап алады. Кең көлемде қолданылатын әдіс түрі.

**Практикалық әдіс** – білім алушылар сабақ үйрену барысында түрлі ойын элементтері бойынша тіл үйрену іс-әрекеті болып табылады. Білім алушының сөздік қорын молайтуда ойындардың рөлі зор, себебі ойындар олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет.

**Интерактивтік әдіс** – сұхбат құруда білім алушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Білім алушылар тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүдделерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр білім алушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады. Білім алушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдісте білім алушы сабақ барысында білім алушыларға кеңесші, серіктес рөлін атқарады.

Педагог пән барысында білім алушылардың жеке әлеуетін арттыруда осы аталған әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім алушының пәнге қызығушылығын оята алады.



## **II. «АҒЫЛШЫН ТІЛІ» САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**

Орта мектепте оқытылатын пәндер арқылы білім алушылар табиғат, қоғам және адам туралы ғылымдардың негіздерін игереді. Олар жаратылыстану және гуманитарлық пәндер арқылы тарихи, әлеуметтік, моральдық, эстетикалық, экологиялық ұғымдармен таныс болып, идеяларды игереді. Бұл оқушының өзін-өзі тануының, дүниетанымының негізін қалыптастырады.

Орта мектепте ғылыми дүниетанымның негіздері қаланады. Оқу пәндерінің мазмұнын қамтитын зерттеулердің нәтижесінде нақты әлем туралы дүниетаным қалыптасады. Жалпы әлемді тану үшін гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары деп екіге бөле отырып қарастырылады және солай оқытылады. Осы көрсетілген ғылым салаларын жеке-жеке пән ретінде оқытамыз. Мысалы: физика, химия, биология, география, астрономия, шет тілдері және т.б. Әр пәннің жеке оқытылуы, оның теориялық материалдары мен оқыту әдістемесі өз объектілеріне қарай, мазмұны бір-бірінен алшақтайды. Бірақ бұлай әр пәннің жеке оқытылуы білім алушының әлемді біртұтас бейне ретінде қабылдауына кедергі келтірді. Яғни материалдық әлемнің біртұтас бейнесін жояды. Білім алушының мектептен алған білімі үзік-үзік болып, қоғамдық ортада қолдана алмау қаупін тудырады. Бұл проблема әдіскер ғалымдардың, практик мұғалімдердің алдындағы шешуін күткен мәселе болды. Сондықтан, бүгінгі таңда мектепте оқытылатын әр мазмұндағы пәндердің біртұтас әлемді жан-жағынан әр пән өз тұрғысынан қарастыратындығын дұрыс түсіну керек болды. Оқушыға білімді саналы түрде беру үшін бұл пәндердің айырмашылығы мен ұқсастықтарын түсіндіру керек. Сонымен қатар олардың барлығы қосылып әлем туралы түсінік қалыптастыратындығын түсіндіру керек.

Әрине, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда биология, физика, химия, география және т.б. пәндерді оқыту, оның оқу бағдарламалары маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар шет тілі сабақтарында білім алушылар жоғарыда аталған пәндер, тағы да басқа жалпы білім беретін орта мектеп жүйесіндегі оқытылатын оқу пәндерінен алған көптеген білімдері мен идеяларын тереңдетеді және кеңейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, шет тілі пәні пәнаралық байланыстарды жүзеге асыратын, мектептегі барлық пәннің өзегі, тірегі болып саналатындығын бәрімізге белгілі. Себебі, шет тілі тілді оқытады десек, кез келген ғылымдағы жаңалық тіл арқылы сыртқа шығып, коммуникативтік қарым-қатынасқа түседі.

Еліміздің жүріп өткен тарихымен, қазіргі жаңа замандағы жаһандану кезеңімен, қай шет тілін оқытып жатқан болса, сол елдің мәдениетімен танысу дүниетанымды қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Бұл айтылғандардың бәрі білім алушылардың бойына әлемді біртұтас және жеке бөліктермен қабылдауды сіндіреді, шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталады.

Тарихизм принципі оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Адамзат алға қарыштап барлық

жағынан дамыған сайын өткенге сын көзбен қарап, кейбір дүниелерді, көзқарастарды қабылдамауы да мүмкін. Қазіргі жаһандану жағдайында адамдардың ойлауы, дүниені қабылдауы, өзіндік көзқарас, пікірі ХХ ғасырда туылып, ХХІ ғасырда біраз жасқа келгендермен салыстыруға келмейді. Қазіргі жаңа заман адамдарының көзқарасы, өткенге сын көзбен қарап, өзіне қажетін ғана алуды мақсат етеді.

Білім алушының тарихи дүниетанымын қалыптастыруды көрнекті адамдардың өмір жолы, сол кездегі қоғамдағы ортасы, іс-әрекеттері, ол адамның дүниетанымы, оның әлемге деген көзқарасы, философиялық сенімі т.б. жан-жақты, толыққанды таныстыру, толық мәлімет беру арқылы жүзеге асыра аламыз. Мұндай тәжірибе адамның дүниетанымын ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен бірге мәдениетін, білімін де қалыптастырады.

Білімді адам – мәдениетті адам, бұл қасиеті оған басқалардың көзқарастарын ескеруге және соған бейімделуге, басқалармен санасуға, пікірін тыңдап, бір бағытта жұмыс жасай алуға мүмкіндік береді. Білімді адамның толеранттылығы тек мәжбүрлі төзімділік ретінде ғана емес, сонымен бірге басқаның пікірін, дүниетанымын бағалау, өз шекараларын білу, басқа тұлғаны және басқа мәдениетті қазіргі әлемде өзінің өмірін өзгертудің қажетті жолы ретінде тануды көрсетеді.

Жалпы білім беретін орта мектепте оқытылатын әрбір пән оқушының дүниетанымын, мәдениетін қалыптастыруға қызмет етеді. Соның ішінде «Ағылшын тілі» пәнін алайық. Тілдік пәндердің оқытудағы құралы – тіл. Тіл арқылы сөз жасалады. Сөз арқылы қарым-қатынас жүзеге асады. Сөз – білім арқылы қалыптасатын білік пен дағдыларға негізделген тілдік және сөйлеу тәжірибесін ұйымдастырудың маңызды құралы.

«Ағылшын тілін» оқытуда лексиканы игерудегі мақсаттар мен міндеттерге жету үшін қолданылатын жаттығулардың түрлері:

1. лексикалық есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар;
2. лингвокреативтік ойлауды дамытуға арналған;
3. сөздер мен сөз тіркестерін болжауға арналған;
4. лексикалық материалды кодтауға арналған;
5. әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру және т. б.

А.М. Федорова коллаждау және жобалау әдістерін жетілдіре отырып, білім алушыларға лексикалық ақпаратты жылдам әрі ұзақ мерзімде есте сақтауға мүмкіндік беретін шетел тіліндегі сөздерді іріктейді және тілдік материалды болжауға, есте сақтауға қажетті жалпылама белгілерді бөлуге үйретеді.

«Ағылшын тілін» оқытудың барлық кезеңдерінде ойын түрлері қолданылады. Ең алдымен әлеуметтік-рөлдік ойындар арқылы берілетін білімге назар аударайық. Ойын арқылы оқушы тек білім алып қана қоймайды, сонымен қатар әлеуметтік тұрмыстың сан қырымен де танысады. Қоғамдағы, жан-жақтағы болып жатқан түрлі өзгерістер мен әлеуметтік жағдайлардан хабардар болады. Бұл баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға үлесін қосады. Біз ойынды әлеуметтік тәжірибе жинақтап және оны игеруге бағытталған шартты жағдайлардағы іс-әрекет нысаны ретінде түсінеміз. Ойын

әлеуметтік тәжірибенің ерекше түрінде болғандықтан, адам өмірі мен іс-әрекетінің нормалары жаңғыртылады, пәндік және әлеуметтік шындықты білу және ассимиляциялау қамтамасыз етіледі, сонымен қатар білім алушының зияткерлік және адамгершілік қасиеттері дамиды. Мұндай әлеуметтік рөлдік ойындарды кезеңдерге бөліп қарастыруға болады. Мысалы: тілді үйрету мен оқытудың *бастапқы кезеңінде* – «Шетелдік қонақтардың келуі», «Шетелдік қонақтарды күтіп алу», «Интернет арқылы шетелдік студенттермен танысу» ойындары, сондай-ақ тұрмыстық сипаттағы ойындар: «Үстел басында», «Дүкенде», «Дәріханада», «Дәрігердің қабылдауында», «Досымның үйінде», «Атамның ауылында» және т. б. ойындар. Тілді үйрету мен оқытудың *орта сатысында* – «Экскурсия», «Табиғат аясында», «Елімнің ғажайыптары» және т. б. ойындар. Тілді үйрету мен оқытудың *жоғары сатысында* іскери ойындар арқылы мақсат жүзеге асырылады: «Танымал адаммен сұхбат», «Дара жол», «Жаныңда жүр жақсы адам», «Жұмысқа қабылдау» және т. б.

«Ағылшын тілі» пәнін оқыту арқылы білім алушының рухани көзқарасын өсіруге, яғни қоршаған ортаны әлемдік кеңістікте тануға, мәдени құндылықтарды салыстырмалы түрде меңгеруге мүмкіндік беретін маңызды ақпарат көздеріне қол жеткізуге болады. Сабақтарда іргелі теорияларды зерттеудің жолдарын үйретіп, білім алушылардың өздеріне зерттеу, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістерді қолдану, курстың қолданбалы мәселелеріне назар аударта білу – бұл оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың маңызды алғышарттары. Дүниетаным мәселесі адам өміріндегі маңызды фактордың ең бастысы.

Сонымен дүниетаным дегеніміз – адамның қоғамды, оның құндылықтары мен мұраттарын білдіретін ұғымдарды әлемдік тұтастықта қабылдауы. Қоғамның өзгерісімен дүниетанымдық ұстанымдар да өзгеріп, жетіліп отырады. Басқаша қырынан түсіндіретін болсақ, тарихи дәстүрлерді ескере отырып, жаңалықтарды, жаңа өзгерістерді соған сай ұғым-түсініктерді қабылдай білу.

Қазіргі қоғамның дамуы үшін жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Жасөспірімдерге мектеп, қоғамдық ұйымдар, отбасы, бүкіл мәдени орта және әлеуметтік желілер айтарлықтай әсер етеді. Бүгінгі таңда ағылшын тілін оқытудың ерекшелігі – білім алушы тілін оқыт жатқан елдің мәдениетін, әдебиетін, өнерін, тарихын, ел ретіндегі құндылықтарын қоса меңгереді. «Ағылшын тілін» оқыту патриотизм, гуманизм, толеранттылық сезімдерін тәрбиелеуге ықпал етеді, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Егер қазақ мектебінің, қазақ ұлтының баласы ағылшын тілін оқыды десек, ол өзге елдің мәдениетін оқи отырып, өз елімен салыстырады, өзінің ұлттық құндылықтарын санамалап отырып, артықшылықтарын түсінеді. Кез келген ұлттың баласы, өз ұлтының ұлттық құндылығын ұлықтайды. Оны өзге ұлтпен салыстырып отырғанда анық байқап, анализ жасай алады. Ол баланы жоғарыда айтқанымыздай патриотизм, гуманизм, толеранттылық сезімдерін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Мектептегі бала білімді ең біріншіден оқып отырған пәнінің оқулығынан

алады. Бірақ кей жағдайда оқулықтардағы өмір туралы идеялар әрқашан нақты шындыққа сәйкес келе бермейді. Теориялық білім мен оқу жоспарын игеруге біржақты көңіл бөлінеді, ал күнделікті өмірде қажет практикалық дағдыларға тиісті көңіл бөлінбей қалатын кездер болады. Егер кітап (оқулық) пен өмірдегі жағдай бір-бірімен қабыспай жатса, білім алушының дүниетанымында қайшылық пайда болады. Бұл деген сөз пәнді оқытудың әдіснамалық базасын қайта қарау, оны заманауи құралдардың мүмкіндіктері арқылы күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Қазақстандық білім жүйесіне 2017 жылдан бастап, өндіріске сынып-сыныппен этап бойынша енгізілген жаңартылған білім бағдарламасы осындай қажеттіліктен туған дүние.

### **«Ағылшын тілі» сабақтарында оқушылардың оқу әрекетін ынталандыру және оқу мотивтерін дамыту әдістері мен тәсілдері**

Қазіргі психологтар мен мұғалімдердің пікірінше, кез келген іс-әрекеттің сапасы мен оның нәтижесі адамның қажеттіліктеріне, оның мотивациясына байланысты. Белгілі бір мақсатқа жету үшін мақсатты белсенділікті тудыратын мотивация болу керек. Мотивация – бұл адамның кез-келген іс-әрекетінің іске қосылу механизмі. Қай салада болмасын, ол: еңбек, қарым-қатынас немесе таным болсын, барлығында да мотивация қозғаушы күш болып табылады. Мотивация болған жағдайда білім алушы мақсатты түрде әрекеттенеді, ізденеді, нақты табысқа жетеді. Мотивация жоғалған жағдайда бұл іс-әрекеттің орындалуына теріс әсер етеді.

Мектептегі барлық пән бойынша оқыту процесінде педагогтің шеберлігіне қарай мотивация тууы заңдылық. Әр пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыны сабаққа қызықтыру мен ынталандыруда педагог оқу құралдары мен оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай білуі керек. Алайда, шет тілдерін үйренуге ынталандыру мәселесі ерекше маңызды. Сонымен қатар, бастапқыда шет тілін үйренуге барлық білім алушылар ынталы болады. Шет тілінің қажет екендігін сезініп үйренуге тырысады. Соның ішінде барлығы дерлік осы бастапқы мотивациясын сақтайды деп айта алмаймыз. Тіл үйренудегі қиындықтарға кездескенде, олардың көпшілігінің пәнге деген көзқарастары өзгеріп, қызығушылықтары төмендей бастайды. Себебі, бұл жолда білім алушы көптеген қиындықтарға кездесуі мүмкін. Осы қиындықтарға төзгісі келмегендер, тіл үйренуден бас тартады. Білім алушының тіл үйренуге деген мотивациясы төмендейді, қарсы белсенділік жоғалады, шет тілін меңгеруге бағытталған ерік әлсірейді, жалпы үлгерім төмендейді, бұл өз кезегінде теріс әсер етеді.

Мотивацияны шет тілін меңгеру процесінің маңызды серіппесі ретінде қарастыра отырып, оның тиімділігін қамтамасыз ете отырып, мынаны есте ұстаған жөн: мотивация – оқушының субъективті әлемінің жағы, ол өзінің қажеттіліктері мен тәуелділіктерімен анықталады. Демек, педагог тіл үйренушінің бойындағы мотивацияны жойып алмай, оған жанама түрде әсер ете отырып, студенттердің жұмысқа деген жеке қызығушылығының алғышарттары мен негіздерін қалыптастыруы керек.

Тіл – әрбір ұлттың өміріндегі феноменалды құбылыс. Оның ерекшелігі, лингвистикалық фактілер мен құбылыстардың әртүрлілігі, олардың өзара байланысы – білім алушының ана тілі мен шет тілі сабақтарында салыстырыла отырып қарастырылса, тілге деген қызығушылықты оятады.

Шет тілін оқытудың басты міндеті – білім алушының жеке басын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйрету. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін білім алушыны қызықтыратын тақырыптарды таңдай білу және жұмыс жасату барысында қызығушылықтарын жойып алмау керек.

«Ағылшын тілін» үйретуде оқушылардың танымдық мотивтерін дамыту үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады. Олардың мазмұнына: ертегілердің түрлері, салт-дәстүрге қатысты мәтіндер, нақыл сөздер, ұлы адамдардың өмірінен, халықтың әдет-ғұрпын көрсететін этнографиялық әңгімелер, ауыз әдебиеті т.б., ал өту формасы бойынша: дәстүрден тыс сабақтар, тіл апталықтары, олимпиадалар, белгілі бір тақырып бойынша жобалар, пән бойынша сабақтан тыс жұмыстар кіреді.

Осы жоғарыда айтылған ағылшын тілін үйретуде оқушылардың танымдық мотивтерін дамыту үшін қолданылатын әртүрлі әдістер мен тәсілдер бастауыш мектеп жасындағы балалардың танымдық мотивтерін дамытуға өте қолайлы.

Танымдық, әлеуметтік мотивтерден басқа, психологтар шығармашылық мотивтерді де айтады. Бұл мотивтердің болуы оқушының оқу барысында қарым-қатынас жасауда әдістер мен тәсілдерді үйреніп қана қоймай, сонымен қатар оқу іс-әрекеттерінің жаңа тәсілдерін және айналасындағы адамдармен ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуді қалайтындығын да білдіреді.

Психологтар педагог дайын білімді оқушыға беру арқылы, баланы білімді игеруге көмектеседі деп санамайды. Себебі, іс-әрекет арқылы игерілмеген білім тұрақты болмайды. Білім алушылардың оқу іс-әрекетінің басым болуы қоршаған әлемді тану мотивтерін туғызады. Сонымен қатар, білім алушының жеке тұлға ретінде толыққанды қалыптасуына таным әрекеттері мен тәсілдерін игеруі үлкен әсерін тигізеді. Яғни, мотивация дегеніміз – іс-әрекеттің қозғаушы күші қажеттілік емес, сол қажеттілікке сәйкес келетін – объект.

Мотивация, ең алдымен, адамның ішкі қажеттіліктерінің нәтижесі, оның мүдделері мен эмоциялары, мақсаттары мен міндеттері, оның қызметін белсендіруге бағытталған мотивтердің болуы.

Педагог шет тілін оқытуда мотивация туғыза отырып, оны жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін іздестіруі керек. Мотивация туғызудың, сол арқылы білім алушыны қызықтырудың жолдарын іздей отырып, оны жеңіл дүниеге айналдырып жібермеу керек. Ондай жағдайда оқушының қызығушылығы төмендейді. Мотивацияны қалыптастыру педагогтың дайын, сырттан қойылған оқу мотивтері мен мақсаттарын оқушыға эксперимент жасауы емес. Сондықтан оқуға сабақ барысында қызықтыру, іс-әрекет жасату, өздігінен іздендіру үшін мотивация беруде, жеңіл жолды іздеп кетуге болмайды.

Мотивацияны қалыптастыру, ең алдымен, оқуға деген ішкі мотивтердің пайда болуына жағдай жасау деген сөз. Білім алушының ішкі мотивтердің пайда

болуын өздері түсінуі және іс-әрекет барысында бұл мотивтердің одан әрі дамуы нәтижеге жеткізеді. Мотивацияны қалыптастыруда алынған ақпараттың жаңалығы ерекше рөл атқарады.

Танымдық мотивтердің болуы және оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйі олардың білім алуындағы іс-әрекетінен өзін-өзі тәрбиелеуі мен шығармашылыққа дейін өсуін қамтамасыз етеді.

Қызығушылық мотив ретінде мектеп оқушыларына шет тілін оқытуда маңызды рөл атқаратыны белгілі. Егер балалар оқуға қызығушылық танытса, олар қиындықтарды оңай жеңе алады, материалды жақсы игереді, еркін сөйлеу дағдылары мен біліктері дамиды.

Қазіргі жаһандану, әлемдік аренаға шыққан заманда елімізге, дамушы қоғамға заманауи білімді, адамгершілік қасиеті жоғары, іскер адамдар қажет, олар таңдау болған жағдайда өз бетінше жауапты шешімдер қабылдай алады, ынтымақтастыққа құрылған қарым-қатынас, яғни дипломатиялық көзқарастары қалыптасқан болады, кез келген жағдаяттан шешімін тауып, ұтқырлықпен, кәсіби шеберлікпен шешімін таба отырып, шығудың жолдарын таба біледі.

Осы тұрғыдан келгенде қоғамға азамат тәрбиелейтін мектептің алдында маңызды міндеті тұр. Ол өз елінің толыққанды азаматтарын қалыптастыру. Бұл міндеттің шешімі ержеткен баланың ертең кім болатыны, қандай мамандық иесі болып, немен айналысатыны, қандай жұмыс істейтіндігі т.б.

Мектеп адамға өмір бойы білім қорын бере алмайды. Бірақ ол білім алушыға базалық білімнің негізгі бағыттарын береді. Мектеп оқушының танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыта алады және дамытуға міндетті, себебі баланы қоғамда, айналамен қарым-қатынас жасап, сол қоғамды ары қарай өркендету, дамыту үшін азамат, жеке тұлға етіп тәрбиелеп, өмір жолына салатын құзыры бар мекеме. Сонымен қатар мектеп өз қабырғасынан шыққан түлекті ары қарай өз-өзін дамытуына, тәрбиелеуіне қажетті негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыра алады.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білімдегі реформа, білім мазмұнын жаңарту шет тілдерін оқытуды ұйымдастырудағы инновациялық процестерге де әсерін тигізеді. Мектептігі тіл үйренуде басым бағыт оқытудың гуманистік бағыты болды, онда жеке даму жетекші орын алады (принцип). Ол білім алушының қажеттіліктері мен мүдделерін ескеруді, оқуға сараланған көзқарасты жүзеге асыруды қамтиды.

Білім беру мекемелеріндегі, білім саласындағы, тәрбиедегі басты назарда – оқушы, оның тұлғасы, қайталанбас ішкі әлемі тұр. Сондықтан бүгінгі мұғалімнің негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамыту мақсатына оңтайлы сәйкес келетін оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын таңдау.

Қазіргі кезеңде орта мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі көтеріліп келеді. Бұл жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа нысандары мен әдістері, оқу процесіне жаңа көзқарас. Шет тілдерін оқытудың негізгі мақсаты-оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, шет тілін практикалық меңгеруге үйрету.

Педагогтің міндеті – әрбір білім алушыға шет тілін практикалық тұрғыдан меңгеруге жағдай жасау, әр білім алушының өз мүмкіндігін, белсенділігі мен шығармашылығын көрсетуге жағдай жасайтындай оқыту әдістерін іріктеп, таңдап алу, сол арқылы баланы жан-жақты ашу. Сондай-ақ, мұғалімнің міндеті – шет тілдерін оқытып, үйрету, меңгерту процесінде оқушының танымдық белсенділігін арттыру. Ынтымақтастықта оқыту, жобалау әдістемесі, жаңа ақпараттық технологияларды, Интернет-ресурстарды, интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану сияқты заманауи педагогикалық технологияларды қолдана оқыту жеке тұлғаға бағытталған тәсілді іске асыруға көмектеседі, балалардың қабілеттерін, олардың оқу деңгейін ескере отырып, оқытуды дараландыруды және саралауды қамтамасыз етеді.

Шет тілі сабақтарында компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс істеу түрлеріне мыналар жатады: лексиканы оқу; айтылымды пысықтау; диалогтік және монологиялық сөйлеуді оқыту; жазуды үйрету; грамматикалық категорияларды меңгерту.

Сабақ дайындауда, сыныптағы сабақта интернет-ресурстарды пайдалану үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Ғаламдық Интернет әлемнің кез-келген нүктесінде оқушылар мен мұғалімдерге қажетті кез-келген ақпаратты алуға мүмкіндік береді: елтану материалдары, жастар өміріндегі жаңалықтар, газеттер мен журналдардағы мақалалар, сабаққа қатысты әртүрлі сұрақтар, танымдық материалдар, және т. б.

«Ағылшын тілі» сабақтарында ғаламтордың көмегін пайдалану бірқатар дидактикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік жасайды. Мысалы: жаһандық желі материалдарын қолдана отырып, оқу дағдылары мен білігін қалыптастыру; білім алушылардың жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіру; оқушылардың сөздік қорын толықтыру; сөйлеудегі интонацияны басқара алуы, қарым-қатынас мәнеріндегі ерекшеліктермен танысу, сөз қолданудағы ерекшеліктерді анықтау, адамға қарата айтылатын сөздерге мән беру, адамдардың жас ерекшелігіне сай қарым-қатынаста қолданылатын сөздер т.б. оқушылардың ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын оятады. Сонымен қатар, желі арқылы шет елдегі өздерінің қатарластарымен сол тілде сөйлесу мектеп оқушыларының дүниетанымын, өмірге рухани көзқарасын кеңейтіп, ағылшын тілді елдердегі құрдастарымен іскерлік байланыстар мен достық қарым-қатынас орнату т.б.

Оқушыларда ғаламторда өтетін тестілеуге, викториналарға, конкурстарға, олимпиадаларға қатысу, басқа елдердегі құрдастарымен сөйлесіп, қарым-қатынас жасап, хат алмасып, чаттарға, бейнеконференцияларға және т.б. қатысу мүмкіндігі туады. Бұндай қарым-қатынас тілді үйренуге, меңгеруге көп көмегін тигізеді.

Бүгінгі күндегі жаппай компьютерлендіру адамзаттың ақыл-ой жұмысын атқаруда, адам жұмысын жеңілдетуді оңтайландырудың тиімді құралы болып отыр. Дегенмен компьютердің адам миынан ерекшелігі – жансыздығында. Яғни компьютерді де жасап, бағдарлама енгізген адам, адамның мүмкіндігі. Сол адам қолымен жасалған машина басқаларды оқытуға арналған құрылғы ретінде пайдалануда үлкен рөл атқарады. Сол компьютерді қолданатын білім алушы

бағдарламаларын, компьютер тілін жақсы білсе, онымен көп жетістіктерге жете алады. Көптеген жұмыс түрлерін уақыт шығындамай-ақ бір орында отырып орындайды. Бұл тұрғыда компьютерлерді қолдану оқытудың пайдалы жақтары бар.

Мектепте шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, қалған барлық мақсаттар (тәрбиелік, білімдік, дамытушылық) осы басты мақсатты жүзеге асыру процесінде іске асырылады. Шет тілін оқытуда ғаламтормен жұмыс істеу мәдениетаралық қарым-қатынасты коммуникативтік тәсіл арқылы жүзеге асырудың бір жолы болып табылады. Ғаламтор әлемдік деңгейдегі қарым-қатынас құралы болмаса, оның қажеттілігі де төмен болар еді.

Қазіргі уақытта коммуникативтілікке, интерактивтілікке, қарым-қатынастың түпнұсқалығына, мәдени контексте тіл үйренуге, оқытудың дербестігі мен ізгілендірілуіне басымдық беріледі. Бұл қағидалар коммуникативтік қабілеттің құрамдас бөлігі ретінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Шет тілдерін оқытудың түпкі мақсаты–шет тілдік ортада еркін бағдарлауды және әртүрлі жағдайларда, яғни қарым-қатынаста дұрыс әрекет етуді үйрету. Бүгінгі таңда интернет - ресурстарды қолданатын жаңа әдістер шет тілдерін дәстүрлі оқытуға қарсы. Шет тілінде қарым-қатынас жасауды үйрету үшін материалды зерттеуді ынталандыратын және тиісті мінез-құлықты дамытатын нақты өмірлік жағдайларды ( яғни, шынайы қарым-қатынас принципі деп аталатын) жасау керек.

*Коммуникативті тәсіл* – психологиялық және тілдік қарым-қатынасқа дайындық жасайтын материалдарды және оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдерді саналы түрде түсінуге бағытталған қарым-қатынасты модельдейтін стратегия. Интернетті пайдаланушы үшін коммуникативті тәсілді іске асыру аса қиын емес. Коммуникативтік қарым-қатынасты жүзеге асыруға құрылған тапсырмаларды білім алушылар қызыға орындайды және ол ақпаратты бір-бірімен бөліседі, және оны бағалайды. Бұл тәсілді оқу іс-әрекетінің басқа түрлерінен ажыратудың негізгі критерийі-студенттер өз ойларын жобалау үшін тілдік бірліктерді өз бетінше таңдайды. Интернетте коммуникативтік тәсілді қолдану өте жақсы негізделген: оның мақсаты білім алушылардың білімі мен тәжірибесін жинақтау және кеңейту арқылы шет тілін үйренуге қызықтыру.

Ғаламтор - ресурстарды қолдана отырып, шет тілдерін оқытуға қойылатын негізгі талаптардың бірі-сабақта өзара әрекеттесуді құру, оны әдістемеде интерактивтілік деп атайды. Интерактивтілік – бұл «коммуникативті мақсат пен нәтиженің күш-жігерін сөйлеу құралдарымен біріктіру, үйлестіру және толықтыру». Тілді шынайы үйрету арқылы ғаламтор сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ лексика мен грамматиканы үйренуге көмектеседі, қызығушылықты, тиімділікті қамтамасыз етеді. Интерактивтілік өмірдегі нақты жағдайларды басшылыққа ала отырып, білім алушының соған қарым-қатынасын қалыптастырады. Үйреніп отырған тілі арқылы қарым-қатынасқа түсуге мәжбүрлейді.



Жеке тұлғаға бағытталған оқытуды қамтамасыз ететін технологиялардың бірі - шығармашылық, танымдық іс-әрекетті, тәуелсіздікті дамыту тәсілі ретінде жоба әдісі.

*Жобалау әдісі* – оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, мәдениет, қарым-қатынас, іскерлік, ойын қысқаша және түсінікті түрде тұжырымдау, серіктесімен қарым-қатынас жасауда оның ой-пікіріне сыйластықпен қарау, ақпаратты әр түрлі дереккөздерден іздеп табу, оны заманауи компьютерлік технологиялардың көмегімен өңдеу, тілдік орта құру, шет тілінде қарым-қатынас жасаудың табиғи қажеттілігінің пайда болуына ықпал ету мүмкіндігін қалыптастырады.

Жұмыстың жобалық формасы білім алушыларға пән бойынша жинақталған білімдерін қолдануға мүмкіндік беретін өзекті технологиялардың бірі болып табылады. Оқушылар өздерінің ой-өрісін, тілді меңгеру шегін кеңейтіп, оны практикалық қолданудан тәжірибе алады, жобаларды қорғау кезінде шет тілінде сөйлеуді және естуді, бір-бірін түсінуді үйренеді. Балалар анықтамалық әдебиеттермен, сөздіктермен, компьютермен жұмыс істейді, осылайша тілді тек сыныптағы оқулықтың көмегімен үйренуге мүмкіндік бермейтін түпнұсқа тілмен тікелей байланыс мүмкіндігі жасалады.

*Жобамен жұмыс жасау* – бұл білім алушыдан шығармашылықты талап етеді. Жобамен жұмыс жасауда оқушы өз бетінше немесе мұғалімнің жетекшілігімен бір тақырып төңірегінде қандай да бір мәселенің шешімін іздеумен айналысады, бұл оқушыдан тек тілді білуді ғана емес, сонымен қатар пәндік білімнің терең болғандығын, шығармашылық, коммуникативтік және интеллектуалдық дағдыларды меңгеруді қажет етеді. Шет тілдерін оқытуда бағдарламалық материалдар аясында жоба әдісін кез-келген тақырып бойынша қолдануға болады. Жобалармен жұмыс жасау білім алушының қиялын, шығармашылық ойлауын, ой тәуелсіздігін, ізденуді, ақпарат көздерімен жұмыс жасауды, жиналған деректерді сұрыптап, өңдеуді және басқа да жеке қасиеттерді дамытады.

Оқыту процесінде қолданылып жүрген технологиялардың бірі – *ынтымақтастық технологиясы*. Бұл технология бойынша әр түрлі оқу жағдайларында оқушылардың белсенді бірлескен іс-әрекеттері үшін жағдай жасай отырып, негізгі идеяны қорғау болып табылады. Білім алушылар 3-4 адамнан тұратын топтарға біріктіріледі, топқа бөлу әр сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы бөлінеді, тек мұғалім бір топқа бір деңгейдің балалары жиналып қалмауын қадағалауы керек (мысалы: бір топқа тек С деңгейінің балалары, немесе бір топқа түгелдей А деңгейінің балалары) оларға бір тапсырма беріледі, ал әрқайсысының рөлі жеке түсіндіріледі. Топтағы әр оқушы өз жұмысының нәтижесі үшін ғана емес, бүкіл топтың нәтижесі үшін де өзін жауапты сезінуі керек. Сондықтан үлгерімі төмен, С деңгейіндегі оқушы үлгерімі жоғары, А деңгейіндегі оқушыдан түсінбейтін нәрселерін анықтауға тырысады, ал үлгерімі жоғары оқушылар әлсіздерді тапсырманы мұқият орындауы үшін түсіндіруге тырысады. Осыдан келіп, бүкіл сынып тапсырманы

жоғары деңгейде орындап шығады, өйткені олар бірлесе, ынтымақтастықта жұмыс жасап, олқылықтарды бірге жояды.

Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын тәрбиелеудің тиімді әдістерінің бірі-олардың ойын әрекеттерін ұйымдастыру. Тәрбие мен оқытудың ең көне құралы – ойын. Ойындар оқытудың дәстүрлі түрлерін толықтырады, оқу процесін жандандыруға ықпал етеді. Ойынның әртүрлі әдістері мен тәсілдері оқытудың тиімділігін арттырады, оқу процесін қызықты етеді, зерттелген материалды жеңіл игеруге ықпал етеді, ұжымдық жұмыс дағдыларын қалыптастырады.

*Ойын-қызықты сабақ.* Сабақты ойын арқылы оқытудағы баланың сезінетін теңдік сезімі, ынта мен қуаныш атмосферасы, орындаудың мүмкіндігі – оқу нәтижелеріне жағымды әсер етіп, балада қанағаттандыру сезімін туғызады. Төменде берілген зат есімді ойындар арқылы оқыту баланың сөздік қорын арттыруға зор мүмкіндік береді.

Ойын тәсілі арқылы зат есімдерді оқыту

Мысалы:

1. Төрт бағаннан кесте сызыңыз.
2. Оқушылардан бірнеше әріп атауын сұраңыз.
3. Оларды бірінші бағанның бағанына жазыңыз.

Мысалы:

А

В

С

4. Оқушылар бірінші бағандағы әріптерді көре алмайтындай етіп парақты ораңыз.

5. Оқушыларға зат есімдердің бірдей санын атаңыз.

6. Оларды екінші бағанға жазыңыз.

Мысалы:

Ғ Жануар

В Қала

М Елі және т. б.

7. Оқушылар тиісті әріптен басталатын және зат есімге сәйкес келетін сөздерді ойлап табуы керек.

Мысалы:

А жануар Түлкі

В Бангкок Қаласы

С ел Мексика және т. б.

Ойын әрекеті келесі жағдайларда қолданылады:

- тұжырымдаманы, тақырыпты меңгеру үшін дербес технологиялар ретінде;
- неғұрлым кең технологияның элементі ретінде;
- сабақ ретінде немесе оның қатысуы;
- сыныптан тыс жұмыс технологиясы ретінде.

Оқу үрдісіндегі қолданылатын ойын технологиясының орны мен рөлі, ойын түрі мен оқу элементтерінің үйлесімі, көп жағдайда мұғалімнің сабаққа қойған мақсатына сай таңдап алған әдіс-тәсілдеріне, функцияларды түсінуіне және педагогикалық ойындардың жіктелуіне байланысты.

Ең алдымен, тілді үйрету барысында қолданылатын ойындар мақсатына, атқаратын қызметіне сәйкес физикалық (қозғалыстағы), зияткерлік (ақыл-оймен), еңбек, әлеуметтік және психологиялық деп бөлінеді.

Педагогикалық процестің сипаты бойынша ойын топтары келесідегідей бөлінеді:

- оқыту, дайындау, бақылау және жалпылама;
- танымдық, тәрбиелік, дамытушылық;
- репродуктивті, өнімді, шығармашылық;
- коммуникативтік, диагностикалық, кәсіби бағдар беру.

Ойын техникасының табиғаты бойынша педагогикалық ойындар өте көп. Солардың ішінде педагогика, пәндік оқыту, пән мазмұнын меңгертуде қолданылатын түрлері: тақырыптық, сюжеттік, рөлдік, іскерлік, имитациялық.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде сабақтарда проблемалық оқыту үлкен маңызға ие. Проблемалық оқыту технологиясы әдістеме саласына жаңадан келген дүние емес. Ол 1920-30 жылдары кеңестік және шетелдік мектептерде таралып, білім жүйесінде қолданылған.

Қазіргі таңдағы білім жүйесіндегі проблемалық оқыту дегеніміз – педагогтің кеңес беруімен проблемалық жағдайларды құра отырып, білім алушылардың оларды шешу жолдарын өздерінің іздеуі, педагогика ұғымында білім алушының белсенді тәуелсіз қызметін қамтитын сабақтарды ұйымдастыру, нәтижесінде білім, дағдылар мен біліктілікті шығармашылық тұрғыдан игеру және ақыл-ой қабілеттерін дамыту.

Білім алушыларға мотивация беруде проблемалық оқыту үлкен рөл атқарады. Проблемалық оқыту мотивацияның ерекше түрін құруға негізделген.

Педагог проблемалық жағдай туғызады, білім алушыларды оны шешуге бағыттайды, шешім іздеуді ұйымдастырады. Осылайша, білім алушы өзінің тақырыбына сай жаңа білімді игереді.

Кез келген педагогтің арманы – балалардың сабаққа ынталы болуы, үй тапсырмасын уақытында, сапалы орындауы, өзінің шығармашылығын шыңдап конкурстарға және сабақтан тыс іс-шараларға қатысуы, барлық мүмкін міндеттерді белсенді және шығармашылықпен шешуін армандайды. Мұның бәрін қалай жүзеге асыруға болады? Баланы қалай қызықтыруға болады? Оны оқуға қалай ынталандыруға болады?

«Ағылшын тілі» сабағында «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбы бар. Оқушыларды осы тақырыпқа қызықтыру өте маңызды. Жаңа тақырыппен жұмыс істеу барысында оқушыларға шағын мәтіндер ұсынылады.

Мәтіндермен жұмыс істеу алдында тақтаға орналастырылған кестемен жұмыс жасалады. Кесте Жер шарының схемалық сызбасы деп аталады. Шеңбердегі суреттер мен жазулар мәтін мазмұнына сай таңдалып алынады. Онда

маңызды экологиялық мәселелер тізімделіп көрсетіледі. Мұның бәрі қоқыс, қалдық мәселесіне байланысты болады (қоқыс мәселелері).

Білім алушылар қоқыс салынатын жәшіктегі қоқыс түрлерін көреді. Ол қоқыстар сөзбен жазылып ілініп қойылған, олар мысалы: қағаз, металл, шыны, пластик. Содан кейін білім алушыларға rubbish (қоқыс) сөзіне шағын мәтін құрастыру ұсынылады. Мәтінді жазып дайындағаннан кейін олар сұрақтарға жауап береді.

Жұмыстың келесі кезеңінде балалардың назары қоршаған ортаны сақтау мәселесіне аударылады. Ұсынылған материалды сөйлеу барысында ойын түрінде пысықтауға болады. Ойын тақырыбы: демалыс саябағында гараж салу, мектеп оқушыларының темекі шегуі, сынған ағаш, гүл отырғызу, ағаштарды суғару, демалыс саябағының тазалығы, қураған жапырақтар және т. б. Оқушылар рөлдік ойындарға қуана қатысады. Экологиялық тақырыптар бойынша плакаттар сериясын дайындау, оқушылардың сабаққа, ондағы өтіліп жатқан тақырыпқа, мәселеге деген қызығушылығын арттырады және жұмыс жасау барысында тілдік қарым-қатынас жүзеге асады.

Балаға білім беруде жүзеге асырылатын, қолданылатын барлық заманауи инновациялық технологиялар оқушылардың белсенділігін арттыруға қызмет етеді, және баланың қызығушылықпен жасайтын жұмыстары өте нәтижелі болады. Себебі бала ол жұмысқа бар күш-жігерін, өзіндегі жинақталған білім багажын пайдаланып іс-әрекет жасап, еңбектену арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді. Бұл нәтиже баланы шығармашылық деңгейіне дейін көтереді. Оқу үрдісіндегі мұндай нәтижеге бағытталған жұмыстар оқушының белсенділігінің арқасында жанданатын іс-әрекеттің өзгергіш сипатын білдіреді. Оның шығармашылық сипаты әрқашан жаңа, әрекет стереотипінің өзгеруімен, қызмет жағдайымен байланысты болады.

Ең бастысы алынған нәтижеге, сол нәтижеге жеткенге дейінгі іс-әрекетке қанағаттану, бұл мотивтерге, оқу әдістеріне және оқушылардың мұғаліммен, сыныптастарымен қарым-қатынас жасауына, іс-әрекетте жағымды қарым-қатынас орнатуға жағымды әсер етеді.

Шет тілі сабақтарында уәждемені арттыру тәсілдері

*1. Мотивация. Мотивацияның түрлері мен әдістері*

Мотивация (lat. movere) ұғымын бірнеше түрлі етіп, жан-жақтан суреттеуге болады. Олар:

1) іс-әрекетке шақыру;

2) адамның мінез-құлқын басқаратын, оның бағытын, ұйымдастырылуын, белсенділігі мен тұрақтылығын анықтайтын физиологиялық және психологиялық жоспардың динамикалық процесі;

3) адамның еңбек арқылы өзінің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті. Яғни мотивация дегеніміз адамды ынталандыруға түрткі болу (бір істі бастау үшін мотивация беру).

Мотивация шартты түрде сыртқы мотивация, ішкі мотивация болып бөлінеді. Осыларға тоқталар болсақ, сыртқы мотивация (экстремалды) — белгілі бір қызметтің мазмұнымен байланысты емес, бірақ субъектіге қатысты сыртқы

жағдайларға байланысты мотивация. Ішкі мотивация (интринсивтік) — сыртқы жағдайлармен емес, қызметтің мазмұнымен байланысты мотивация.

«Ағылшын тілін үйренудегі» (мотивация беру) ынталандыру түрлері.

*1. Кең әлеуметтік мотивация.*

- Әрбір білімді адам ағылшын тілін білуі керек (жалпы даму үшін; оның әлемдегі қарым-қатынас тілі болғандығы үшін).

- Менің ата-анам тілді біледі, мен олар сияқты болғым келеді.

- Мен пәнді бағдарлама бойынша оқимын, сондықтан бағдарламаны терең меңгеріп, жақсы баға алғым келеді.

- Мен жолдастарымнан қалғым келмейді.

- Мен ағылшын тілінен сабақ беретін мұғалімді ренжіткім келмейді.

*2. Тұрмыстық, күнделікті қажеттілікке қатысты мотивация*

- «Ағылшын тілін» білмесең бірде-бір шетелдік жарнамаларды, әр түрлі киімдердегі, тамақтардағы орауыш жапсырманы, ілініп тұратын тақтайшалардағы жазуларды оқу, түсіну мүмкін емес.

- «Ағылшын тілі» орыс тіліне қарағанда көбірек ұнайды, себебі ол қызықты, бұрын таныс емес, интернетке кіруге мол мүмкіндік береді.

- «Ағылшын тілі» пәнін мұғалім өте жақсы көріп, сыйлағандықтан оқимын. Пән маған мұғалім үшін ұнайды.

*3. Ішкі мотивация: Жеке тұлғаның перспективалық дамуына байланысты мотивация.*

- Мен зерттеймін, ізденіп, шет тілін үйренемін, өйткені бұл өмірде пайдалы болады.

- Ағылшын тілі институтта (жұмыста, өмірде) пайдалы болуы мүмкін, мақтанышқа айналуы мүмкін. Сондықтан мен ағылшын тілін үйренуге бар күшімді саламын.

*4. Коммуникативтік мотивация.*

- Маған сыныпта ағылшын тілінде сөйлесу ұнайды.

- «Ағылшын тілі» сабақтары қызықты өтеді. Мен басқа себептер туралы ойламаймын.

- «Ағылшын тілі» менің сабақтан тыс уақытта айналысатын жұмыстарымды, қызығушылықтарымды қанағаттандыру құралы ретінде қызмет етеді (компьютер, интернет пен фидоның электронды байланысы, заманауи музыка, видео).

- «Ағылшын тілінде» еркін хат жазуды үйренгім келеді.

- «Ағылшын тілді» елдерден келген хаттарды еш қиындықсыз, сөздіксіз, түпнұсқадан оқыған ұнайды.

- Мен жоғары сынып оқушысы ретінде шетелдік достарым болғанын қалаймын, олармен ағылшын тілінде еркін сөйлескім келеді.

*5. Оқу іс-әрекетінен туындаған мотивация.*

- Ағылшын тілі пән ретінде қызықтырады: мәтіндер аударған ұнайды, жаңа сөздермен танысып, меңгеру, зерттеп, жаттығуларды орындау ұнайды.

- Сабақты ойын түрінде өткен ұнайды
- Ағылшын сөздерін есте сақтау оңай.
- Өлеңдер үйрену ұнайды.
- Мен сабаққа карточкалар, суреттер дайындағанды ұнатамын.

Сабақ беру барысында мұғалім басшылыққа алатын, сол арқылы баланың қызығушылығын туғызатын мотивацияның келесі әдістері бар.

*Мотивацияның эмоционалды әдістері:*

- ынталандыру,
- сөгіс,
- оқу - танымдық ойын,
- жарқын визуалды-бейнелі бейнелер жасау,
- сәттілік жағдайын құру,
- ынталандырушы бағалау,
- тапсырманы еркін таңдау,
- маңызды тұлға болуға деген ұмтылысты қанағаттандыру.

*Мотивацияның танымдық әдістері:*

- өмірлік тәжірибеге сүйену,
- танымдық қызығушылық,
- проблемалық жағдай жасау,
- балама шешімдерді іздеуге шақыру,
- шығармашылық тапсырмаларды орындау,
- «миға шабуыл»,
- дамып келе жатқан ынтымақтастық.

*Мотивацияның ерікті әдістері:*

- оқу талаптарын ұсыну,
- ақпарат,
- оқытудың міндетті нәтижелері туралы қалыптастыру,
- оқуға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру,
- танымдық қиындықтар,
- іс-әрекеттің өзін-өзі бағалауы және түзету, б-мінез-құлық рефлексиясы,
- болашақ іс-әрекеттің бағдарламасы.

*Мотивацияның әлеуметтік әдістері:*

- Отанға пайдалы болуға деген ұмтылысты дамыту,
- күшті тұлғаға еліктеуге шақыру,
- өзара көмек жүйесін құру,
- байланыстар мен ынтымақтастықты іздеу,
- ұжымдық жұмыс нәтижелеріне қызығушылық,
- өзара тексеру,
- рецензиялау.

*Оқу мотивациясының өзіндік ерекшелігі* – оны жүзеге асыру барысында білім алушы білімді игереді және тұлға ретінде қалыптасады. Оқуда білім алушының нәтижеге жетуі, яғни табысты оқытудың басты шарттарының бірі – оқуды ынталандыру болып саналады.

Сабақ беру барысында мұғалім оқушыларға мотивация процесін дұрыс ұйымдастыруы және оны басқаруы үшін мына төменде көрсетілгендерді үнемі басшылыққа алып отыруы керек. Олар:

1) оқушылардың оқу мотивациясын диагностикалау, оған мыналар кіреді:

- оқушыларға сауалнама жүргізу, соның нәтижесінде мотивация деңгейлері диапазондар бойынша анықталады: жоғары, орташа, төмен
- оқушыларға сауалнама жүргізу, оның нәтижесінде оқушы үшін маңызды оқу мотивтері анықталады;

2) оқушылардың мотивациялық саласын құру бойынша мұғалімнің жұмысын өзіндік талдау және әкімшілік талдау. Мқндай талдау жүргізу барысында ең маңыздыларын мұғалімнің көзімен қарай отырып, мына нәрселерге баса назар аударылуы керек. Олар:

- оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;
- оқушының мүмкіндіктеріне сәйкес іс-әрекетті таңдау;
- оқушылармен бірге мақсатқа жету үшін құралдарды таңдау;
- ұжымдық және топтық жұмыс түрлерін қолдану;
- проблемалық жағдайларды, дауларды, пікірталастарды пайдалану;
- ойын технологиясын қолдану;
- сабақ өткізудің стандартты емес түрі;
- өзара түсіністік пен ынтымақтастық атмосферасын құру;
- сәттілік жағдайын жасау;
- мұғалімнің оқушының мүмкіндіктеріне сенімі;
- көтермелеу мен сөгіс қолдану;
- оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру;
- мұғалімнің эмоционалды сөйлеуі.

2.1. кесте. О. С. Гребенюктің оқу мотивациясын арттыру әдістерінің жіктелуі

<b>Қабылдауды жүзеге асыру үшін қолданылатын оқу құралы немесе оқу әдісі</b>	<b>Оқу тәсілдері</b>
Оқу материалының мазмұны	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мазмұнның жаңалығын көрсету;</li> <li>- меңгерілген білімді жаңарту және тереңдету;</li> <li>- білімнің практикалық және ғылыми маңыздылығын және игерілетін қызмет тәсілдерін ашу;</li> <li>- пәнаралық, пәнішілік және цикларалық байланыстар;</li> <li>- зерттелетін материалдың өлшемі;</li> <li>- тарихизм, қазіргі ғылымның жетістіктерін көрсету.</li> </ul>
Проблемалық оқытудың интерактивті әдістері мен тәсілдері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қызмет мақсаттарын түсіндіру;</li> <li>- ақпарат көздерімен жұмысты ұйымдастыру;</li> <li>- сабақтың ойын-сауық және ойын түрлерін қолдану;</li> <li>- аргументті күшейту, оны драмаға, жанжалға, пікір күресіне дейін жеткізу.</li> </ul>

Оқытудың көрнекі, техникалық және дидактикалық құралдары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мөлшерленген көмек карточкаларын қолдану, мәселелерді шешу үлгілері;</li> <li>- компьютерлік оқу құралдарын пайдалану;</li> <li>- көрнекі ақпаратқа тапсырмалар қою;</li> <li>- ақпаратты тірек сигналдар түрінде қайта беру;</li> <li>- оқушылардың өзіндік жұмысын басқару.</li> </ul>
Мұғалім мен оқушылардың педагогикалық қарым-қатынасы, оқушылардың өзара қарым-қатынасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мұғалімнің бағалау өтініштері (жанама бағалау, ескерту, бас тарту, келісім, мақұлдау);</li> <li>- ынталандыру (мадақтау, мадақтау);</li> <li>- сәттілік жағдайын құру;</li> <li>- мұғалімнің уақтылы көмек көрсетуі;</li> <li>- педагогтің оқушылардың өз сұрақтарын қоюын ынталандыру, олардың бастамаларын қолдау.</li> </ul>
Сыныптағы ұжым ішілік қатынастар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бірлескен қызметті жоспарлау және орындау бойынша ұжымдық жұмысты ұйымдастыру;</li> <li>- жұмыс қорытындыларын ұжымдық талқылауды жүргізу;</li> <li>- оқушылардың өзара бақылау және өзара көмек тапсырмаларын қолдану;</li> <li>- бірлескен жұмыстың әртүрлі формаларын біріктіруді қолдану;</li> <li>- оқушылардың іс-әрекеттерін қоғамдық бағалау.</li> </ul>

2.2. кесте. «Ағылшын тілі» сабақтарында оқуға және тыңдауға үйрету кезінде мотивацияны арттыру әдістері

Қиындықтарды жою	сөздің және оның аудармасының корреляциясы (әр түрлі сөздіктерді қолдану. Оның ішінде электрондық)
	сөздің мағынасын оның түбірінің мағынасын білу негізінде анықтау
	берілген сын есімдермен / етістіктермен және т. б. біріктіруге болатын зат есімдерді анықтау.
	бірқатар сөздерді оқу және мәтін тақырыбына қатысты сөздерді окшаулау
	мәтін тақырыбы бойынша лексиканы есте сақтау мақсатында" қар шары" әдісін қолдану
	тақырып бойынша "идеялар қоржыны"
Күту кезеңі	мәтіннің тақырыбын, проблемалар тізімін, мәтіннің бірінші жолындағы кілт сөздерді анықтау
	суреттер бойынша мәтін тақырыбын, проблемалар тізімін, кілт сөздерді анықтау
	мәтін тақырыбын, проблемалар тізімін, жаңа лексикалық тақырып бойынша берілген кілт сөздерді анықтау
	мәтінге сұрақтарды оқу кезінде мәтін тақырыбын, проблемалар тізімін, кілт сөздерді анықтау
	мәтінге схемалар мен кестелерді талдау кезінде мәтін тақырыбын, проблемалар тізімін, кілт сөздерді анықтау
Мәтіндік кезең	мәтіннің негізгі идеясын анықтау, тақтаға жазу, карталарға, дәптерлерге жазу



	сөзге анықтама жазу
	мәтінде берілетін ақпаратты маңыздылық дәрежесі бойынша саралау жауаптар
	абзацқа тақырып немесе сурет салу
	тақырып пен параграфтың, сөздер мен иллюстрациялардың корреляциясы бірнеше таңдау тапсырмалары
	мәтінді қалпына келтіру (абзацтар шатастырылған, сөз жоқ, соңы, басы жоқ)
	мәтіндегі нақты ақпаратты іздеу (кестені толтыру)
	белгілі бір лексиканы қолдана отырып, сұралған фонетикалық / лексикалық / грамматикалық құбылыстарды іздеу
	сөздің мағынасын контекст бойынша анықтау (дауыс беру)
	сөз / сөйлем / сөйлемді аударудың ең жақсы нұсқасын анықтау (біз ең қызықты нұсқаға дауыс береміз)
	белгілі бір тақырып бойынша лексиканы қолдана отырып, монолог / диалог құру, сурет, сіздің өмірлік тәжірибеңізді сипаттау, Достардың өмір тарихы.
Мәтіннен кейінгі кезең	оқиғалардың одан әрі дамуын болжау (біз нұсқаларды тақтаға жазамыз)
	мәтіннің негізгі идеясы туралы пікіріңізді негіздеу (біз жұпта, топта пікір алмасамыз, досымызға, мұғалімге хат жазамыз)
	кейіпкерлердің сипаттамасы, іс-әрекет орны, сюжет элементтері (өзіңізбен, сүйікті кейіпкеріңізбен салыстырыңыз)
	берілген тізімдегі өрнектерді анықтау, сіз келіспесеңіз де, басқаша жасады
	жоспар құру, мәтін бойынша тезистер, кілт сөздерді жазу
	жоспарға, кілт сөздерге, суреттерге сүйене отырып, әр түрлі адамдардан мәтінді қайталау
	Аннотация жазу, мәтінге пікір жазу, пікір жазу
	мәтіннің жаңа аяқталуын, оның атауының нұсқаларын, кейіпкерлердің аты мен әрекет ету орнын құру
	мәтінге сәйкес мақал-мәтелдерді таңдау
	үлгі бойынша өз мәтініңізді жазу
	мәтін бойынша схемалар, кестелер, сауалнамалар, сұрақтар жасау
	"дұрыс / дұрыс емес" тапсырмасы (досыңызға, сыныпқа арналған тапсырма)

### 2.3. кесте. Ауызша сөйлеуді оқытуда мотивацияны арттыру әдістері

Монологиялық сөйлеу	зерттелетін тақырып бойынша өз пікіріңізді білдіру (директорға, мұғалімге хат жазамыз)
	сипаттамасы иллюстрациялар отырып, тірек сөздер, жоспар, тезистер, клише
	"қар түйірі"
	"сынған ұялы телефон"
	бір кейіпкердің атынан мәтінді оқиғаның басқа кейіпкеріне қайта жазу
	негізгі сөздер, иллюстрациялық материалдар, жоспар бойынша әңгіме құрастыру

	ауызша хабарлама, тақырып бойынша баяндама (жұпта, топта)
	АКТ-ны қолдана отырып, шешендік (сыни, үгіт-насихат) сөйлеу
	рөлдік ойындар (жұмысқа қабылдау кезіндегі сұхбат)
	"идеялар аукционын" өткізу және тақырыптық көрмелер ұйымдастыру, мысалы, "21 ғасырдың жетістіктері", бұдан әрі-сыныпта "экскурсиялар" өткізу.
Диалогтық сөйлеу	"Сауалнама". Әр оқушының сабақ тақырыбы бойынша өз сұрағы бар, оны барлық қатысушыларға қою керек. Балалар сыныпқа барып, бір-бірінен сұрайды. Әрі қарай жауаптар талданады және ауызша хабарламада көрсетіледі, бала өз пікірін (ауызша немесе жазбаша)міндетті түрде айтады
	жетіспейтін ақпаратты сұрау (бала зерттелетін материал аясында өзін қызықтыратын тақырып бойынша хабарлама дайындайды)
	ым-ишара, мимика, интонация, реквизит, қуыршақтарды пайдалана отырып, рөлдер бойынша диалогты ойнау
	ертегі сюжетін жүзеге асыру, сабақ аясында спектакль қою (ағылшын тілін үйренудің екінші тобын, сынып жетекшісін шақырамыз) немесе шет тілдері апталығы аясында өнер көрсету
	квест өткізу (балалардың өздері тапсырмаларды дайындайды)

#### 2.4. кесте. Жазу мен жазуды оқытуда мотивацияны арттыру әдістері

Графика және емле	синонимдермен, антонимдермен сөздіктер жүргізу (суреттермен)
	рифмалық сөздерді жазу (суреттермен)
	фонемалық корреспонденцияларға негізделген сөздерді топтастыру (фотосуреттермен немесе суреттермен)
	кірістіру қабылданбаған әріптер сөздер (қолданамыз жарқын фломастерлер)
	сөздердегі, сөйлемдердегі, мәтіндегі қателерді табу (кез-келген түспен бөлектеңіз)
	біріктіру бөліктерін сөздер, сөз тіркестерін, ұсыныстар дайындаймыз әртүрлі шрифт)
	Кроссворд (сыныптастармен алмасу және шешу)
	Жұмбақтар (топта жасаңыз)
	түрлі-түсті лото (балалар жасайды және сабақтың басында ойнайды)
	синквейн техникасы (белгілі бір тақырып бойынша буклет шығарамыз)
	Көрнекі диктант сөздерге, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге, мәтінге сәйкес (материал слайдта көрсетіледі, оқушылар оны есте сақтайды, содан кейін оны есте сақтайды немесе мұғалімнің диктантына жазады, содан кейін слайд қайтадан көрсетіледі және балалар өздерін немесе досын тексереді)
Жазбаша тіл	фразаны, сөйлемді, мәтінді аяқтау (қайғылы немесе көңілді аяқтау)
	жасау ответов к вопросам (опрашиваем дос)
	құрастыру сұрақтарға жауаптар (жұмыс істейміз жұпта)
	мәтінді қысу (біз 2 мәтінді аламыз, негізгі ойды бөліп алып, досымызды қайталаймыз, ал ол өз кезегінде басқа мәтіннің материалын айтады, пікір алмасады)
	мәтін сөйлемін кеңейту (есімдерді, сын есімдерді қосу...)

жауап жоспар-конспектісін жазу (кілт сөздерді жазу )
диалогты монологқа және монологты диалогқа түрлендіру (көріністі ойнаймыз)
құрастыру сауалнама, Өмірбаян, түйіндеме, өтініш жұмысқа қабылдау туралы (жібереміз электрондық пошта мұғалімге және күтеміз жауап)
жеке немесе ресми хат, құттықтау хат, рецензия, Аннотация, баяндама жазу (алдын-ала дайындалған презентациямен сынып алдында сөйлейміз)
эссе, эссе жазу (бір-бірімізді оқимыз, қорытынды жасаймыз, пікір алмасамыз)

Мектепте «ағылшын тілдері» оқытудың басты мақсаты – білім алушыны коммуникативтік қарым-қатынасқа түсіре отырып, коммуникативті құзыреттілікті баланың бойына дарыту, өзі үйреніп отырған тілінің дамуын, мәдениетін білуі үшін, баланы шет тілінде мәдениаралық қарым-қатынасқа түсіруге дайындау және оқушының қабілетін ескере отырып, оны әрі қарай жетілдіру, баланың өз бетінше ізденіп, өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік туғызу, баланы өзін-өзі жетілдіруші, өзін-өзі реттеуші ролінде жұмыс істете отырып, қабілетті баланың жеке басын дамыту. Осы сараланып көрсетілген мақсаттарға жету ең алдымен, адамның мотивациясы мен қажеттіліктеріне, оның ерік-жігеріне, қызығушылығына байланысты. Сабақта мақсатты белсенділікті тудыратын мотивацияны басшылыққа алу, мақсатқа жету үшін құралдар мен әдістерді таңдау, оларды ұйымдастыру мұғалімнің атқаратын дайындық жұмыстары болып саналады және оның шеберлігін көрсетеді, анықтайды. Білім алушылар ағылшын тілін оқуды бастап, тіл үйрене бастаған кезде пәнге деген қызығушылықтары өте жоғары болады, бірақ сыныптан сыныпқа көшкен сайын қызығушылықтары айтарлықтай әлсірейді, ал жоғары сыныпқа көшкенде оқушылардың төрттен бір бөлігі ғана өз қызығушылықтарын жоғалтпайды. Ал қалған үш бөлігі тіл үйренуге қызығушылық танытпай, сөз мағынасын түсінбестен тек оқып, автоматты түрде көшіріп жазумен ғана шектеледі. Сыныптың білім көрсеткішінің бұлай төмендеуі білім сапасының динамикасына кері әсерін тигізеді. Ал баланың ағылшын тілін үйренуге қызығушылығы сыныбы өскен сайын неге төмендейді, оны көтеру үшін не істеуіміз керек. Міне, тілдерді оқытуда бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелердің бірі осы мәселе болып табылады.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерге жауап іздеуде психологтардың көмегіне сүйенуге тура келеді. Психологтар ынталандыру күштерінің сипатын және оларды білім беруде реттеуді зерделей отырып, мотивациялық саланың күрделі құрылымын құрды. Ешқандай әрекет мотив болмаса толыққанды нәтиже бермейтіндігі белгілі яғни мотивсіз әрекет жоқ. Олай болса, ағылшын тілін үйрену, игеру кезінде оқушыны іс-әрекеттің қалай жүзеге асыруға болады, баланы қалай жұмыс істете аламыз. Оны жұмыс істеуге ерікті түрде қалай мәжбүрлеуге болады. Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Ол үшін білім алушының ішкі мотивациясын қалыптастыру керек. Оқушылардың ішкі мотивациясын қалыптастырудағы педагогтің міндеті – құнды мотивтерге

ынталандырушы күш беру. Осы мақсатта ынталандыру қолданылады. Бір іс - әрекеттің сыртқы мотивтерінің міндеті оқушының өзіндік мотивтерін ояту және күшейту болып табылады. Оқушы бойында мотив қалыптастыру, ең алдымен, оқушы бойында оқуға деген ішкі мотивтердің пайда болуына жағдай жасау және ынталандыру деген сөз.

Үлгерімі төмен оқушыны алға тарту үшін, педагог оған, оның мүмкіндіктеріне, күшіне сенетіндігін сездіре отырып, баланы ұжымдық оқу жұмысына белсенді түрде қатыстыруға тырысуы керек. Оқуда артта қалған оқушы өзіне қойылған міндеттерді іштей уәжді түрде шешуі үшін оны үнемі назарда ұстап, белсенді жұмыс жасауға жұмылдыру қажет. Ондай жұмыс түрлеріне: тапсырмалардың өзгермелілігі, ұсынылған жоспар бойынша жұмыс, осы оқушыларды жеңіл, жетекші сұрақтарға жауап беруге тарту, қатесі болсанамысына тимей елеусіз түрде әдептілікпен түзету, ынталандыру, қолдау, шамасы жететін тапсырмалар беру.

Мұндай қарым-қатынастан кейін оқушының бойында жетістікке деген ұмтылысы туындайды. Бұл оқушы үшін үлкен тәжірибе және өте күшті мотивациялық үрдіс. Мұндай іс-әрекет оқушының үлгеріміне оң әсер етеді. Мұғалім оқушының осы ұмтылысын, қызығушылығын, оқуға, білуге деген әрекеттерін деп кезінде байқап, оны ары қарай дамыту үшін жұмыс істеуі керек.

Оқу үлгерімі төмен білім алушыны өз күшіне сендіру үшін мұғалімдер балаға сенім арта отырып, жұмыс істетсе ол өз нәтижесін береді. «Сабақта берілген тапсырманы орындай алмаймын, күшім жетпейді, түсінбеймін, мен үшін орындау мүмкін емес» деп санап, өзін-өзі шектейтін, өзіне сенімі аз оқушылар үшін мұғалім осы комплексті бұзатындай, бала орындайтын, жеңіл тапсырмалардан бастап, бірте-бірте баланың жинаған білімінің көлеміне қарай күрделендіріп отыруы керек. Сонда өзіне сенімі аз оқушы, бұл қиындықты жеңіп, сыныпқа ілесіп кете алатын болады. Ондай жеңіл тапсырмалар, мысалы: адамды, жануарды, затты сипаттайтын сөз тіркестерін жазыңыз, оларды сөздікті қолдана отырып, аударыңыз, хабарлама табыңыз, интернеттен құттықтаулар табыңыз, топтық қабырға газетін жасаңыз, топ болып әрқайсыңыз бір сөйлемнен қоса отырып, мәтін құрастырыңыздар және т.б.). Осындай тапсырмалар оқушының сабаққа деген көзқарасын өзгертіп, баланың өзін-өзі бағалауын, сенімін оятып, сабаққа деген ықыласын тудырады.

Білім алушы бойына мотив қалыптастыруда әсер ететін маңызды ынталандырудың бірі – ойын. Бұл ынталандыру әрекетіне мектептегі оқушылардың барлығын жас ерекшеліктеріне сай қатыстыра беруге болады. (кіші мектеп жасы - оқу әрекеті, орта-әлеуметтік пайдалы, аға мектеп жасы-оқу және кәсіби қызмет) Сабақта ойын әрекетін қолдану баланың даму процесіне оң әсерін тигізеді.

«Ағылшын тілдерін» оқыта отырып, үйрету өте қызықты және өте жауапты іс. Уақыт талабы мұғалімдерден ағылшын тілін оқытуға, яғни тіл үйретуге жана көзқарасты талап етеді. Шет тілдерін, атап айтқанда ағылшын тілін оқытуда оқыту ойындарын немесе ойын жаттығуларын қолдану маңызды рөл атқарады. Ойын оқушылардың ақыл-ой белсенділігін күшейтеді; ойын барысында балалар

элеуметтік функцияларды, мінез-құлық нормаларын үйренеді; бір-бірімен достық, жолдастық қарым-қатынас жасайды; бірін-бірі тыңдауға үйренеді; тез ойлап, жылдам шешім қабылдауға машықтанады; уақытты бағалауға үйренеді, жан-жақты дамиды. Баланың ойын арқылы дамуы, яғни дамыту қағидаты ойынның табиғатына тән, өйткені ойын әрқашан эмоциядан тұрады. Сабақтағы ойындар, мұғалімнің дайындауымен құрастырылған ойындар әрине, қашанда оң эмоцияға құрылады. Эмоция болған жерде белсенділік, қиял, ойлау, ашық көңіл-күй болады.

Ойынды қолданудағы мақсат сабақтан шаршаған баланың шаршауын ұмыттыра отырып, сабақ оқуға еркінен тыс жұмылдыру, тіл үйретудегі ойын баланың бойында практикалық дағдылар мен біліктерді қалыптастырады, білімін тереңдетеді және кейбір меңгерілмей қалған материалдарын жетілдіреді, және сол білімдерін ойын арқылы тексеруге мүмкіндік туады.

Сабақтағы ойын барысында мұғалім әртүрлі көрнекіліктерді қолдана алады, мысалы: схемалар, суреттер, кестелер, слайдтар, лото. Ойындарды жеке, жұптық, топтық түрде ұйымдастыруға болады. Ойынның күші оның әмбебаптығында, баланың материалды оңай және жеңіл түрде меңгеруіне мүмкіндіктің берілетіндігінде. Мұғалім ойын арқылы білім бере отырып, баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруда айтарлықтай нәтижелерге еркін қол жеткізе алады.

*Сабақта ойын арқылы оқытуда мына қағидалар сақталуы керек:*

*Жаңашылдық принципі.* Сабақ барысында қолданылатын кез-келген жаңа жұмыс формалары мен әдістері балаға әрқашанда қызығушылық туғызады. Бірақ уақыт өте келе ол қызығушылық басыла бастайды. Мұғалім осы кезеңде әдіс-тәсілдерін басқаша ауыстырмаса, баланың сабаққа деген қызығушылығын жойып алады. Сондықтан сабақ бірсарынды болмай әр түрлі болып құрылуы керек. Мысалы: сұхбат, пікірталас, жобаларды қорғау т.б. Демек, мұғалімнің басты міндеттерінің бірі-баланың қызығушылығын сақтау, әрдайым балаға әлі таныс емес жаңа қызмет түрлерін ұсынып отыру.

*Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен тілдік дайындығын есепке алу принципі.* Негізінен, әр пән мұғалімі әр түрлі жастағы балалармен жұмыс істейді, ал бастауыш сынып оқушыларына ойын тапсырмаларын немесе дәстүрлі емес жұмыс түрін ұсынамыз, дәл осы материалдарды баланың жас ерекшелігін ескермей жоғары сынып оқушыларына да ұсынатын кезіміз болады. Бұл әрине, сабақтың мақсатына жетпеуіне себепші болады. Нәтижесінде балалар сабаққа ешқандай қызығушылық танытпайды, жұмысқа баяу қатысады және тапсырманы жауапкершіліксіз орындайды.

*Мейірімділік принципі.* Кейбір оқушылар «мен бұл сабаққа барғанды ұнатамын, өйткені маған мұғалім ұнайды» дегенді айтып жатады. Егер мұғалім балаларға өзін сыйлата алса, онда бұл пәнді оқуға үлкен ынталандыру болып табылады. Бірақ көп жағдайда мұғалім балаларды ұрсу арқылы қорқытып бағындыратын, қаталдық көрсетіп оқытатын сәттер жиі кездесіп жатады. Бұл баланың психологиясында пәнге, мұғалімге, мектепке деген жеккөрініс сезімін ұялатады. Ал, керісінше тілдік пәндердің, соның ішінде ағылшын тілі пәнінің

мұғалімі балаға тілді үйреткісі келсе, оның ағылшын тілінде сөйлей алғандығын көргісі келсе, әріптестік, өзара сенімділік қарым-қатынасын орнатуы керек. Мұғалім мен оқушы арасындағы, бүкіл топ мүшелері арасындағы достық қарым-қатынас көптеген қиындықтарды жеңіп, сынып тәртібін, оқушы жауапкершілігін қалыптастырады. Сабақтағы субъекті-субъектілік қарым-қатынас, достық көңіл күй, өзара сенім, қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Сабақта қолданылатын дидактикалық ойындар оқушыларға ағылшын тілін меңгертуде ынталарын арттыру мақсатында төмендегідей міндеттерді шешу үшін қолданылады:

- Оқушыларды жұмыс жасауға бағыттау, оларға ағылшын тілін оқытуда ситуациялық жағдаят жасап, соған енгізу.
- Оқушылардың белгілі бір дағдыларын қалыптастыру.
- Оқушылардың белгілі бір сөйлеу дағдыларын дамыту.
- Оқушыларды шет тілінде сөйлесуге үйрету.
- Қажетті қабілеттер мен психологиялық функцияларды дамыту.

Оқушылардың танымын елтану және тіл саласын бойынша кеңейту. Ол үшін викториналар, сырттай саяхат, дәстүрлі мерекелерге дайындық, туған күн, мәдени ошақтар, ұлттық мұражайға саяхат, мұражайдағы экспонаттар туралы т.б. қолданылады.

Білім алушылардың өзін-өзі босаң ұстауы. Қарқынды ақыл-ой әрекетінен кейін оқушыларға қысқа демалу, жағымды эмоциялар тудыру керек. Сергіту сәті түрлі қозғалыстармен бірге жүретін көңілді өлеңдер, әндер, ойындар болуы мүмкін.

*Ойын* – бұл оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын туғызып, зерттелетін материалдың мақсатына жетуіне және сол үшін жұмыс жасау барысында әр түрлі жаттығуларды орындауға деген қажеттілігін қанағаттандыратын күшті ынталандырушы фактор. Ойындар, әсіресе сыныпта жүзеге асырылатын рөлдік ойындар оқу үрдісін қызықты етіп, бала еркінен тыс сабаққа қатысуға белсенділік танытады. Рөлдік ойындар – ағылшын тілін меңгеруді, оқытуды практикалық тұрғыдан жоғары деңгейге жеткізетін белсенді амал-тәсілдердің бірі. Рөлдік ойындар – бұл нақты және практикалық іс-әрекетке қатысушылардың қарым-қатынас жасап, өзара коммуникацияға түсуіне жағдай жасайды. Мұндағы оқытудың тиімділігі, ең алдымен, мотивацияның болуы, ол мотивация баланың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бұл рөлдік ойындарды сабақтың мақсатына қарай оқудың бастапқы кезеңінде де, орта кезеңінде де қолдану тиімді болмақ.

Рөлдік ойын кезінде сөйлесу әрекеті жүзеге асырылады, себебі білім алушылар ойын барысында бір-бірімен сөйлесу, сұрау, білу, дәлелдеу, сұхбаттасушымен ой бөлісу мақсатында түрлі қажеттіліктердің туындауына байланысты қарым-қатынас жасауға тиіс болады. Ал қарым-қатынас сөз, сөйлем, сөйлесу арқылы жүзеге асады. Оқушылар тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданады. Ойын балалардың бір-бірімен және мұғаліммен байланысқа деген ұмтылысын белсендіреді, қарым-қатынас жасауда теңдік жағдайын қалыптастырады, мұғалім мен оқушы арасындағы кедергіні бұзады.

Ойын ұялшақ, өз-өзіне сенімі аз оқушыларға сөйлеуге және сол арқылы өз бойындағы сенімсіздікті жеңуге мүмкіндік береді. Рөлдік ойында әркім рөл алады және ауызша қарым-қатынаста бір-біріне белсенді серіктес болуы керек. Ойындарда оқушылар қарым-қатынас элементтерін меңгереді, мысалы, әңгіме бастау, оны қолдау, сұхбаттасушыны тоқтату, өзгенің пікірімен келісу немесе оны жоққа шығару, түсіндіру сұрақтарын қою, өзгенің пікіріне өз пікірін телу, дәлелдер келтіру т.б.

Рөлдік ойындар қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылатын тұлғааралық қатынастарға негізделеді. Тұлғааралық қарым — қатынас моделі бола отырып, рөлдік ойын қарым-қатынас қажеттілігін тудырады, шет тіліндегі қарым-қатынасқа деген қызығушылықты оятады және осы тұрғыда мотивациялық-ынталандырушы функцияның қызметін атқарады.

Сабаққа қызықты әдіс-тәсілдерді қолдану ынталандырушы рөл атқарады. Мұғалім сабақты ұйымдастырғанда сабақтың мынадай түрлерін алуына болады. Олар: қарым-қатынас сабақтарын, қиял сабақтарын, драматизация сабақтарын, поэзия сабақтарын, видео сабақтарды, ойын сабақтарын, тест сабақтары. Сабақтың осы түрлерінің әрқайсысының өзіндік басым мотивациясы бар.

### **Сабақтарда қолдануға болатын ойын түрлері, жұмыс тәсілдері**

«Ағылшын тілі» сабағында интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың психологиялық күйіне оң әсерін береді. Сабақтағы іс-әрекет формаларын өзгертіп отырып, үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеуге, топта жұмыс істеуге, басқа оқушылардың пікірін тыңдауға үйретеді. Бұл мұғалімнің оқушыға еріп отырған материалының сапасын және оны игерудің тиімділігін арттыруға, ең бастысы, оқушылардың ағылшын тілін үйренуге деген ішкі уәжін қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл оқуға үлкен ынталандырушы күшке ие.

«Ағылшын тілі» сабақтарында білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың және әлеуетін дамытудың әр түрлі бірнеше озық тәжірибелеріне сипаттап өтейік

«Ағылшын тілі» пәнінде тіл үйрету фонетика саласынан, яғни фонетикалық жаттығулардан немесе сөйлеу жаттығуларынан басталады.

#### *1. Әріпті салыңыз.*

Екі команда құрылады. Тақта екіге бөлінеді. Әр команда үшін сөздер жазылады, әр сөзде бір әріп жоқ. Команда өкілдері кезек - кезек тақтаға шығып, жетіспейтін әріпті тауып, қосып, сөзді оқиды. Мысалы: c..t, a..d, a..m, p..n, r..d, c..r, s..t, r..n, t..n, o..d, l..g, t..a, h..n, h..r, h..s, f..x, e..g, e..t, b..d (cat-мысық, and- және, arm-қол, pen - қалам, red - қызыл, car-машина, sit - отыру, ran -жүгіру, ten-он, old - ескі, tea-шай, leg - аяқ, hen - тауық, her - оның, his - оның, fox -түлкі, egg - жұмыртқа, eat - тамақтану, bed - төсек).

#### *2. Ойын «Hangman» (Виселица).*

Балалар сөзді әріппен болжайды. Егер бұл әріп сөзде болмаса, онда мұғалім сол жасырылып тұрған заттың бір элементтерінің суретін салады. Егер мұғалім сурет салуды аяқтағанға дейін сөзді тапса, балалар жеңеді. Балалар мұндай ойын барысында өз сөздік қорларындағы сөздерді қалай пайдаланып,

қолданып жатқандарын өздері де байқамайды. Бірақ бұл тәсіл оқушының сөздік қорына бір-екі сөз болса да қосып отырады.

### 3. «*Crosses and Noughts*» ойыны (*кресттер мен нөлдер*).

Сынып екі командаға бөлінеді: кресттер мен нөлдер. Әр өріс ұяшығында тапсырма бар (тапсырма мұғалімнің мақсатына байланысты дайындалады), оны орындау үшін 15-20 секунд қажет. Егер тақтадағы команда мүшесі осы тапсырманы орындаса, онда ол қажетті торға өзінің қай команда мүшесі болуына байланысты крест немесе нөлді салады. Тапсырмалардың түрлері төмендегідей болуы керек: етістіктің үш формасын атаңыз / жазыңыз; сөздерді аударыңыз; сөйлемдегі катені табыңыз; берілген сөздерге сөйлем құраңыз; Берілген сөйлемді сөзге айналдырыңыз; берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыз; сөйлемнен қимылды білдіретін сөздерді табыңыз; сөйлемнен көңіл-күйді білдіретін сөздерді табыңыз және т.б. тапсырмалардың бұл түрі материалды қайталауға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сабақта оқушылардың белсенділік танытуына мүмкіндік жасайды

### 4. *Сөз жарысы (Word race)*.

Бұл ойын өткен сабақтағы оқыған, білген сөздерін бекіту үшін өте қажетті тәсіл болып саналады. Ағылшын тілі сабақтарындағы мұндай грамматикалық ойындар сыныптағы оқушыларды белсендіруге және оқушылардың көңіл-күйін көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойынды кез-келген жастағы оқушыға және баланың деңгейіне қарамастан қолдануға болады.

### 5. *Ойын ережелері:*

Оқушылар екі командаға бөлінеді. Тақта екі жартыға бөлінеді де жоғары жағына тапсырма жазылады. Мысалы: Көктем айы келді. Осы тақырыпқа сай командалар осы жыл мезгіліне қатысты сөздерді жазуы керек. Ойын басталғанда оқушылар тақырыпқа сәйкес сөздерді жаза бастайды. Бір сөзге бір балл беріледі. Берілген уақыт ішінде тақтаға ең көп сөз жазған команда жеңіске жетеді. Ұтылған команда ұтқан командаға жақсы тілектерін айтады.

### 6. *Пазл*.

Бұл ойын топпен жұмыс жасауға бағытталған. Бұл ойынды ойнай отырып, шапшаңдыққа үйренеді, сөздермен қайта қайта кездесе отырып, дағды қалыптасады, сөз тіркестерін жасауды меңгереді. Ойын тәртібі: түрлі-түсті қағаздарға 3-5 сөйлем жазылады. Содан кейін сөйлемдегі сөздер сөз тіркестерін сақтай отырып, қайшымен кесіп бөлінеді. Барлық бөліктер араластырылады. Топтағы оқушылар ойын басталғанда әр топ кезектесіп сөйлемдерді тауып орнына орналастыруы керек. Топтың жұмысты бастаған уақыты мен аяқтаған уақыты жазылып отырады, тапсырманы дұрыс орындағаны да есепке алынады. Қай команда аз уақытта әрі дұрыс орындаған болса, солар жеңіске жетеді.

### 7. «*Жадынды жаттықтыр*» ойыны

Баланың жадын дамыту үшін өте қолайлы әрі қызықты әдіс. Тақтада өлеңнің мәтіні жазылады. Оқушылар оны есте қалатындай етіп, бірнеше рет оқиды. Келесі кезекте әр оқыған сайын бір сөзден өшіріліп отырады. Осылайша тақтадағы сөздердің жартысынан көбі өшіп болғанша қайталанатын. Қайталау кезінде алғашқысынан бастап өшірілген сөздер қоса айтылып отырылуы керек.



Соңында оқушылар әрқайсысы өз парақтарына өлеңнің алғашқы жазылған нұсқасын толықтай жазып шығулары керек. Нәтижесінде оқушылар мәтінді есте сақтауға жаттығады. Бұл әдісті сабақтың бастапқы кезеңінде, жаңа тақырыпқа кіріспе элемент ретінде қолдануға болады. Ойынға мүмкіндігінше көп оқушылар қатысуы керек.

#### *8. «Викториналық сұрақтар» ойыны*

Сабақта викториналық сұрақтарды қолдану пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға көмектеседі. Викторина сұрақтарына алдыңғы сабақтарда оқыған ақпараттар пен материалдар кіруі мүмкін. Ойында басқа сабақтарға қатысты сұрақтар ағылшын тілінде беріледі. Ойын барысында балаларға сыныпта бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беріледі. Оқушы орнынан тұрып өзі қалаған сыныптасының жанына барып, ақылдасуына болады. Бұл еркіндік, әдеттегі жағдайдың өзгеруі оқушылардың қызығушылығын тудырады, олар өздерін еркін ұстап, сабаққа белсенді қатыса бастайды және сыныпта жағымды атмосфера туғызады.

#### *9. «Пікірталас»*

Жоғары сынып білім алушылары ұсынылған тақырыптар бойынша пікірталастарға қуана қатысады, қаралған фильмдер мен қойылымдар бойынша өз пікірлерін айтады, кроссвордтар жасайды және шешеді. Бұл жастағы оқушыларда бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажеттілігі жоғары болады. Ал балалар осындай пікірталасқа түскен кезде осы қажеттіліктер өтеледі. Балалардың арасындағы кедергілер жойылады, бір-бірімен теңдік қатынаста сөйлесе бастайды. Бұл олардың арасында достық қарым-қатынасқа да жалғасуы мүмкін.

#### *10. «Синонимдерді бағындыру» ойыны*

Оқушылар тіл үйренуде синоним сөздерден қиналуы мүмкін. Себебі әр сөздің өз қолданылатын орны бар, сондықтан синонимдік қатарды үйренуде қиындықтарға тап болады. Сөз тізбегі, мысалы, feud-friction - argument - quarrel - row (дұшпандық – төбелес – дау – жанжал - жанжал) немесе grumble - grumble - moan-mutter (күңкілдеу, жақтырмау, сөйлеу) бірден есте сақталмайды. Оқушыларға осындай етістіктерді сахналауды тапсыруға болады. Мұндай тапсырмаларды жоғары сынып оқушылары тез және оңай жасайды. Бұл басқа көріп отырғандар үшін өте қызықты болады және сол қимылды білдіріп тұрған сәттерді естерінде сақтай отырып, сөздің мағынасын түсінеді, есінде жақсы сақталады.

#### *11. Қабылдау «тыңдау – келісу – талқылау»*

Интерактивті оқытудың бұл әдісі білімді белсенді игеруге ықпал етеді, кез-келген дайындық деңгейі бар студенттерді пәндік жұмысқа тартады. Мысал: сабақта "Жануарлар" тақырыбын оқу кезінде студенттерге осы тақырыпқа қатысты 3 сөз ойлауға және жазуға шақырылады. Содан кейін партадағы көршіңізге көрсетіңіз, екеуіңіз дайындаған алты сөздің үшеуін таңдап алып, бірлесе отырып сөйлем құрастырыңыздар. Сонда, талқылау барысында әр сөзбен сөйлем жасалады.

#### *12. «Күрделі және жеңіл сұрақ» қабылдау*

Сыни ойлауды дамыту технологиясынан алынған бұл әдіс өзара сұрауды ұйымдастыру үшін қолданылады. Мақсаты оқушылардың сұрақтарды саралай отырып, тұжырымдау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді; ұғымдарды байланыстыра білуге үйретеді. Жеңіл сұраққа нақты қысқа жауап береді. Күрделі сұраққа егжей-тегжейлі жауап беріледі. Сабақ барысында тақырыпты өтіп болғаннан кейін білім алушыларға өткен материалға қатысты үш "жеңіл" және үш «күрделі сұрақтар» тұжырымдау ұсынылады. Содан кейін олар "күрделі" және «жеңіл» сұрақтар кестелерін қолдана отырып, бір-бірімен сұхбаттасады. Мысал: «Жабайы аңдар» сабағының тақырыбы бойынша балаларға күрделі және жеңіл сұрақ қоюды ұсынуға болады. Мысалы: Жеңіл сұрақ. Сізге қандай жануар ұнайды? Күрделі сұрақ. Сіздің сүйікті жануарыңыз қандай және неге?

### *13. Жеделхат қабылдау*

Бұл өте қысқа жазба түрінде субъективті тәжірибені актуализациялау әдісі. Мысал: сабақтан түсінгеніңізді партадағы көршіңізге тілектер түрінде қысқаша жазыңыз және жіберіңіз (алмасу). Жеделхат алған көршісі жауап жазу керек. Сол сабақтағы меңгергендерін сұрақ түріне айналдырып, көршісіне кері жібереді. Жеделхатты алған адам ол сұрақтарға жауап жазып жібереді.

Осылайша бірнеше хат алмасу болады. Хаттың мазмұны бігінгі өтілген сабақ бойынша жазылады. Бұл әдіс оқушылардың сол күнгі өткен сабақты, ондағы жаңа сөздерді терең игеріп, ұзақ есте сақтауларына көп көмегін тигізеді.

### *14. «Топтық кері байланыс»*

Қысқа мәтінде берілген сөйлемдерді топқа бере отырып, аудартады. Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалауға қатысты топтық кері байланыс жасайды. Мұғалімге оқудағы қажеттіліктерді қарапайым түрде анықтауға көмектесе алады. Егер топ кері байланыс ұсынатын болса, бұл мәселеге назар аудартып, жүйелендірілген, талқыланған тапсырмаларға қатысты ақпарат береді (сонда мұғалім қайталауға арналған жаттығуларды азырақ бере алады).

### *15. «Шатасқан әңгімеші»*

Қатысушылар шеңбер құрып отырады. Кілт сөздер беріледі. Сол сөздер бойынша бастаушы шағын әңгіме тақырыбын белгілейді. Дайындыққа уақыт береді. Қатысушылардың бірі әңгіме бастайды да, ортасына келгенде, әңгіме желісін басқа жаққа бұрып жібереді. Осылайша өз ойын, мүмкіндігінше, шатастырып жібереді. Өз сөзін ыммен келесі бір адамға жалғастыруға ұсынады. Сөзді жалғастыру кез келген қатысушыға берілуі мүмкін, сондықтан бәрі мұқият тындап отырады. Сөз тиген адам әлгі әңгімешінің сөзін соңынан басына қарай адасқан кейпінде жеткізу керек. Сөйтіп басына алып келеді де, енді өз оқиғасын басқаша шатастырып жеткізеді де, сөзді келесі қатысушыға береді. Әңгімешіге қойылатын басты талап, әңгімесінің ішінде кілт сөздер болуы керек.

Бұл әдіс оқушыларды сыни ойлауға, сөздік қорын молайтуға, қиялын жетілдіруге көмектеседі.

### *16. «Шаттанушы мен күдікшіл»*

Бастаушы бір сөзді қолданып бір сөйлем айтады, келесі қатысушы оны жағымды пікірмен жалғастырады, одан кейінгі қатысушы соңғы сөйлемді алып, жағымсыз пікір қосады, келесі жағымды ой айтады. Осылайша жалғаса береді.

Мысалы, «Мен бүгін сабаққа дайындалдым, бірақ төмен баға алдым, содан көңіл-күйім сабындай бұзылды», «Бұл жақсы, себебі ол сабақты қайтадан қарап меңгеріп аласың», «Тағы да төмен баға алып қалсаң ше?», «Маған сын айтылуы мүмкін, бұл жақсы, себебі келесі сабаққа ескертпелер бойынша дайындаламын.» т.с.с.

Бұл тәсіл сыни ойлауға жетелейді. Кез келген ұғымның жақсы-жаман жағы, тиімді-тиімсіз жағы болатынын, жақтаушы-даттаушы болуға болатынын бағамдап жүреді.

17. «Хат жазысу»

Шәкірт пен ұстаз арасында терең байланыс орнатуға, түсіністікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелейді. Баланың креативті-шығармашылық мүмкіндіктерін ашады. Сабақ кезінде еркіндік пен сенім артқан хаттар тақырып аясында қалып қойып отырады, ал сабақтан тыс уақытта жазылған хаттар шәкірт көңіліндегі алаңдататын сұрақтар мен сабақ кезінде ашылмаған ойларды қамтиды.

Қарапайым қарым-қатынас хаттары уақыт өте келе мәнді де маңызды, сауатты пікір жазбалары ретінде қарастырылуы қамтылады. Сонымен қатар, мұндай хаттар – ұстаз тарапынан ой салу, бағдар беру, шәкірт тарапынан жарқын ойлар мен еркін пікірлерді тізетін «идеялар аралы» болып табылады. Әрі хатты жазуда тенеулердің болуы міндетті деп саналады.

18. «Үш жақты күнделік толтыру»

Жүзеге асыру қадамдары:

1-қадам: Сабақ тақырыбы айтылады, оқылатын мәтін таныстырылады.

2-қадам: Мәтінді оқу барысында әрқайсысы жеке күнделік толтырады.

3-қадам: Жұмыс нәтижесін жұпта, топта талқылау.

Күнделік сол жақтан бастап толтырылады. Күнделікте жазылатын сөйлемдерде бүгінгі сабақта өткен жаңа сөздердің болуы талап етіледі.

2.5. кесте. «Үш жақты күнделік» әдісі

Мәтіннен ерекше әсер еткен немесе ой салған дәйексөз келтіру	Жеке түсінік беру: осы дәйексөзді жазуға не мәжбүр етті? Қандай ой тудырды? Осыған байланысты қандай сұрақ туды?	«Мұғалімге хат» - сұрақтар

Жеке тақырыптарды зерттеуде компьютерлерді қолдану

Бүгінгі күнде мектептің жұмысының сапасын көтеру үшін білім берудегі жасалып жатқан жұмыстармен бірге болашақтағы перспективаларды да алдын-ала болжап, көру қажеттілігі туындайды. Білімді игеруге ынталандыру үшін сабақтарды ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдану бүгінде әрқашан тиімді бола бермейді. Уақыт алға жылжыған сайын, жаңа технологиялар өмірге еніп жатыр, бірақ мұнымен тоқтап қалу көп нәрсені жоғалту болып саналады. Ағылшын тілі сабақтарын өткізу үшін компьютерлік сыныптың мүмкіндіктерін

пайдалану – сабақтың сапасын арттырып, оқушыларға тіл үйренуге деген күшті мотивация туғызады. Мысалы: компьютер арқылы презентациялар жасап, қолдану кең таралды. Олар мұғалім үшін дебілім алушылар үшін де ыңғайлы. Презентацияға мәтіннен басқа суреттер, графиктер, кестелер, бейнелер және музыкалық сүйемелдеу кіруі мүмкін. Тілді үйрену барысында айналада сол тілде сөйлейтін адамдардың болмауы, яғни тілдік ортаның болмауы, біраз қиындықтармен бетпе-бет келтіреді. Осындай қиындықты жеңуге компьютердің, интернеттің көмегі зор. Интернет арқылы түпнұсқа мәтіндерді қолдана отырып, шет тілін үйренуге, сол тілді қолданатын адамдармен сөйлесуге мүмкіндіктер болады, яғни табиғи тілдік орта жасауға септігін тигізеді.

Ғаламтор мүмкіндіктері мен ресурстарын пайдалануға болады:

- сабақ мазмұнына желі материалдарын қосу үшін. Мысалы, "Travelling" тақырыбын зерттеу кезінде нақты туристік агенттіктердің сайттарын пайдалануға болады. «Housesand Flats» тақырыбын зерделеу кезінде әйгілі дүкендердің Британдық сайттарына жүгінуге болады (мысалы. IKEA)

- жоба бойынша жұмыс аясында оқушылардың өз бетінше ақпарат іздеуі үшін;

- білімдегі олқылықтарды жою үшін.

*Жоба жұмыстарын ұйымдастыру.* Жоба – бұл оқушылардың өз идеяларын әр түрлі мүмкіндіктерді, әдіс-тәсілдерді қолдана отырып шығармашылық ізденіспен зерттей отырып, нәтижесін жарыққа шығаруы. Жобаның нәтижесі сол жобамен айналысып отырған адамның жас ерекшелігіне сәйкес әр түрлі формада жасалады. Мысалы: мақала түрінде, баяндама, кітапша, коллаждар, афишалар, жарнамалар, жолсілтемелер жасау, сұхбат жүргізу және т.б.

Жоба бойынша жұмыс істеу балаға жеке жұмыстан топтық, ұжымдық жұмыстар жасауға бағыттайды. Бала тақырып бойынша алған жұмысын топ болып жоспарлай отырып, зерттеп, жинаған материалдарын сұрыптап зерделейді. Мұндай жұмыстар оқушылардың қажетті ақпаратты өз бетінше іздеп, табуына ынталандырады; табылған ақпаратты ары қарай зерттеп, оны басқаларға ұсыну үшін шығармашылық тұрғыдан нақты бір қолға ұстайтын жұмыс жасап, қорытындысын шығарады. Жоба әдісі оқушының жеке басының барлық аспектілерін белсендіреді: оның зияткерлік саласы, типологиялық ерекшеліктері мен мінез-құлқы: мақсаттылық, табандылық, қызығушылық, еңбекқорлық, қарым-қатынас дағдылары, сезімдер мен эмоциялар.

Оқушыға бағалаудың әр түрлі тәсілдері арқылы мотивация беру. Оқушыларды бағалау өте жауапты жұмыс. Білім алушының кез келген жетістігін мейлі ол үлкен жетістік болсын, мейлі кішкентай ғана жетістік болсын, назардан тыс қалмай мадақталып отыруы керек. Балаға ешқашан көңілін түсіретін сөз айтып, эмоциясына нұсқан келтіруге болмайды. «Сен ешнәрсе түсінбейсің», «қолыңнан түк келмейді», «ешқашан жетістікке жете алмайсың», «мына жұмысың тағы қате» деген сияқты негатив нәрселерді оқушыға айтуға болмайды, оның орнына егер оқушы шын мәнінде сабаққа түк қатыспай, оқығысы келмей, амалсыз отырған болса, «Сіз бүгін сабаққа назар

аудармадыңыз, бірақ бұл тапсырмалар сіз үшін өте жеңіл, сіздің қолыңыздан келеді», «мына жұмысыңызда қателер кетіпті, бірақ тағы біраз уақыт бөліп ізденсеңіз, дұрыс жауабын таба аласыз, ол сіздің қолыңыздан келеді» деген жылы сөздер айта отырып, баланың бойына сенім ұялату керек. Шын мәнісінде үлгерімі төмен оқушыларды көтермелеп, мотивация беру арқылы ынталандырып отыру керек. Олай болмаған жағдайда баланың пәнге деген қызығушылығы жойылып, үлгерімі жоғары деңгейге көтерілмейді.

Білім алушыларды ағылшын тілін үйренуге ынталандыру қиын міндет, ол оқушының көп күш-жігерін және мұғалімнің шығармашылық көзқарасын қажет етеді. Ынталы төмен оқушылар оқуға көңіл бөлгісі келмейді. Олар ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтамайды, тіл үйрену процесіне қатыспайды. Сабақ кезінде өтіліп жатқан тақырыпқа қызығушылық танытпайды және болашақта өзіне қажет болмайды деп ойлауы да мүмкін. Осылардың ішінде кейбір білім алушылар ерекше назар аударуды қажет етуі мүмкін. Әрине, мұндай оқушыларды ынталандыру өте қиын, дегенмен егер оқушының тіл үйренуге деген ынтасын оята білсе, бұл оқу процесін әлдеқайда тиімді етер еді. Ынталы оқушылар оқуға және мектеп өміріне белсенді түрде қатысады. Егер педагог өз ісінің шебері, мықты болса, сабақты қызықты етіп өтіп олардың әлеуетін толық ашуға шабыттандырады. «Ағылшын тілін» үйренуде жоғарыда айтқанымыздай мотивацияның рөлі ерекше маңызды.

### **III. «АҒЫЛШЫН ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТІН ДАМУТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**

Бүгінгі қоғамның қарқынды дамуы табысты адам үшін жаңа талаптар қояды, осылайша белсенді және шығармашыл адамдарды тәрбиелеу, оқуға және тәуелсіз қызметке деген ынтаны арттыру мәселелерінің өзектілігін арттырады. Ерте жастан бастап тұлғаның дамуына және оның танымдық белсенділігіне үлкен көңіл бөлінеді.

Қазіргі уақытта оқу үрдісінде, әсіресе шетел тілдерін оқытуда білім алушылардың өзіндік жұмысына көбірек көңіл бөлінуде, ол бірнеше негіздеменен анықталған. Біртұтас құқықтық, экономикалық және ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жағдайында тұлғаның тұрақты дамуы мен әлемдегі өзгерістерге сай әрекет ету қабілетінің болуы қажет.

Демек, қазіргі динамикалық өзгермелі әлемде белгілі бір білімнің болуы жеткіліксіз. Жеке тұлға өз білімін толықтыра алатын, өзін-өзі тәрбиелеуге ашық, ғылыми, қоғамдық міндеттерді шеше алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын болуы керек.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі жолында еліміздің алдында сапалы білім алу үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз ету міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының шет тілінде білім беру тұжырымдамасында қоғамның дамуын жеделдету, саяси-әлеуметтік таңдау мүмкіндіктерін кеңейту негіздемесі қарастырылған. Сондықтан жас ұрпақтың заманауи ойлауын, атап айтқанда, өз бетінше білім алу қабілетін қалыптастырудың ерекше маңызы көрсетілген. Бүгінде білім алушыларға жауапты шешімдер қабылдау және істі алдын ала болжау, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту процестеріне дайындық жасау қажеттілігі туындап отыр. Бұл білім беру процесінде үлкен дайындықты қамтиды. Осы мәселе қарастырылған жағдайда, білім алушы белсенді субъект және тұлғаға айналады [14].

Ағылшын тілін оқытудың ең танымал және сұранысқа ие пәндердің бірі ретінде оқыту кезінде танымдық белсенділікті қалыптастыру, оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру ерекшеліктерін анықтау, ағылшын тілін оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін табу, балалардың танымдық белсенділігіндегі педагог тұлғасының рөлін анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Бастауыш мектеп білім алушыларына ағылшын тілін оқытуда танымдық белсенділікті қалыптастыруды зерттеу мәселесі өзекті. Әдістемелік әдебиеттерде бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың ағылшын тіліне деген танымдық қызығушылығын дамыту толық ашылмаған мәселе, сондай-ақ қазіргі жаңа буын баласының динамикалық өзгеретін психологиялық портреті жағдайында олардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың тәсілдерін және ақпараттық, мультимедиялық технологияларды, жаңа оқу құралдарын іздеу қажеттілігі де өзекті.

Жеке адамның өмірге, табиғатқа көзқарасының қалыптасу процесі дүниетаным идеясы элементтерін игеруден, яғни білімнің, ғылымның негіздерін және мінез – құлықтың белгілі нормаларын білу, оларды сақтай білуден басталады.

Білім алушылардың дүниетанымы дене, ақыл-ой күшінің дамуына және білім деңгейіне сәйкес бірте-бірте дамиды. Орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинский «Төменгі сыныптан бастап әр сынып сайын оқушының жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әр жыл сайын ол көзқарас тереңдетіліп, кеңейіп, толықтырылып отыруы тиіс», - деп жазды.

Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың жолдары мен құралдары: оқытудың әдістері мен формаларының, мазмұнының рөлі; оқушылардың әлемді түсінуін қалыптастыруда қазіргі әлеуметтік жағдайларға талдау жасау; әртүрлі іс-әрекеттердің түрлеріне оқушыларды қатыстыру; оқушының тұлғалық әлеуметтенуі мен дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырудағы мектеп пен отбасының бірлескен іс-әрекеті.

Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға адам, табиғат, қоғам туралы білімдер тірек бола алады. Адам, қоғам, табиғат арасындағы байланысты, олардың үнемі бірлікте дамитынын оқушылар бастауыш сыныптан бастап түсінуі тиіс.

Дүниетаным, таным, қазақ дүниетанымы саласында құнды ой-пікірлер мен көзқарастар философ ғалымдардың (Г.И. Щукин, Г.А. Цукерман, А.А. Вербицкий, Л.С. Выготский, Э.Нысанбаев, А.Қасабеков, М.Орынбеков және т.б.) еңбектерінде жан-жақты талқыланып келеді.

Бүгінгі таңда «танымдық белсенділік» термині танымдық іс-әрекетті жақсарту сияқты психологиялық-педагогикалық мәселелердің ажырамас бөлігі болып табылады және білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда мұғалім мен жеке тұлғалардың рөлін білдіреді.

Г.И. Щукин, Г. А. Цукерман, М. А. Данилов, Л.И. Божович, А.А. Вербицкий, Л.С. Выготский, П.И. Халперин және т.б. ғалымдардың еңбектері балалардың танымдық белсенділігін, оқу іс-әрекетін белсендендірудің әдістері мен тәсілдерін зерттеуге арналған.

Танымдық белсенділікті анықтау кезінде Г.А. Цукерман оқу процесінде нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, қиындықтарға қарамастан білім алуға ұмтылатын оқушының эмоционалды қарым-қатынасының маңыздылығын атап өтеді [15].

С.М. Вишнякова бұл ұғымды оқушының оқу іс-әрекетінің сапасы ретінде түсіндіре отырып, танымдық іс-әрекеттің эмоционалды компонентінің маңыздылығын көрсетеді, ол оқушының білім мен дағдыларға ие болудағы ұмтылысынан және оны оқу процесіне жетелеуден көрінетінін айтты.

М.А. Данилов танымдық белсенділікті ақыл-ой қызметінің сапасы ретінде анықтайды. Д.Б. Годовикова баланың зерделеген ұғымын танымға деген табиғи ұмтылысы ретінде сипаттайды.

Г. И. Щукина педагогикадағы танымдық белсенділікті мұқият зерттей отырып, «таным саласына бет бұрған жеке тұлғаның, оның білімді игеру процесіне деген бағыттылығы», - деген анықтама береді [16, 1].

«Танымдық белсенділік» құрылымы өте маңызды, өйткені оның компоненттерін түсіну оны қалыптастырудың тиімді әдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Т.И. Шамова танымдық іс-әрекетті құрылымдық бірлік ретінде анықтайды, ал танымдық іс-әрекеттің негізгі компоненттері мотивациялық, мазмұнды - операциялық және ерікті деп аталады [17].

С.А. Аксючиц ерікті және мотивациялық компоненттерді мәні жағынан ұқсас деп санап, осы компоненттерді толығырақ қарастырады және танымдық белсенділік мотивациялық, мазмұнды, процедуралық және эмоционалды компоненттерден тұрады деп жазады. Оның пікірінше, мотивациялық бөлім қарым-қатынас дағдыларына жауап беретін әлеуметтік мотивті және білім беру қызметінің мазмұнымен байланысы бар танымдық мотивті білдіреді. Мазмұндық компонент пәнді меңгеру көрсеткішін береді. Процессуальды компонент білім мен білікті шынайы өмірде қолдана білу іскерлігіне жауап береді. Танымдық іс-әрекеттің эмоционалды компоненті де маңызды, ол оқу процесіндегі сабақ атмосферасына қатысты және оң нәтижеге ие болуы тиіс [3]. Танымдық белсенділікті зерттеуде оның бастауыш мектеп жасындағы балаларда қалыптасу проблемасы маңызды орын алады, өйткені бұл жаста ағылшын тілін оқытудың бастапқы кезеңінде мотивация мен танымдық белсенділік келесі кезеңдерде алдын ала анықталған ағылшын тілін оқытудың тиімділігі деңгейінде рөл атқарады.

Осы мәселені зерттеумен Ш.А. Амонашвили, Т.М. Землянухина, Г.И. Щукина, А.С. Макаренко және т.б. айналысты.

Танымдық белсенділік ізденіске бағытталған, соның арқасында адамда жаңа сұрақтар пайда болады және оларға жауап табуға ниет қалыптасады. Белсенді іздеу әрекеті барысында адам, әсіресе төменгі сынып оқушылары эмоционалды көтеріңкі көңіл-күйді, табысынан ләззат алуды сезінеді.

А.С. Макаренко баланың әрбір іс-әрекеті оның тікелей қатысуымен, қызығушылығымен қатар жүруі тиіс екендігіне назар аударады және оқушылардың белсенділігін қолдау үшін келесі амалдарды ұсынады:

- оқушыны тірек сөздер арқылы жетелеп, болжам жасауға итермелеу;
- ерекше, қызықты сұрақтар қою;
- суреттермен жұмыс жасау;
- үнемі жаңа материалды енгізу [18].

Г.И. Щукина: «оқу процесі үнемі қызықты мазмұнға толы болуы керек, жұмыстың формалары мен әдістері өзара байланысты болуы керек, осылайша мұғалім «оқу материалының мазмұнын оқушыға бұрын белгісіз болған жаңа және танымдық қызығушылықтың қалыптасу көзіне айналдыра алады», - деді [16, 2].

Ш.А. Амонашвили танымдық белсенділік мәселесін зерттей отырып, көп нәрсе жұмыс әдісіне байланысты деп санайды, мысалы, бастауыш сынып оқушысы оқуға деген қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Сондықтан



мұғалімдерге танымдық белсенділікті сақтау, материалды оқыту үшін сабақта жұмыс формаларын таңдау, өмірге белсенді көзқарасты қалыптастыру және ішкі әлемді байыту қажеттілігін ескере отырып, шығармашылық тұрғыдан қарау өте маңызды екенін айтты [19].

Оқытудағы дербестікпен танымдық белсенділікті В.А. Сухомлинский де жоғары бағалады, ол қарым-қатынас оқушыдан шығуы керек, ал мұғалім бұған ықпал етуі керек екенін айтты. Кеңестік жаңашыл мұғалім ретінде ол педагогикалық жүйеге гуманизмнің ең маңызды принципін енгізді, ол оқу процесіндегі мұғалім мен оқушының қарым-қатынасының маңыздылығын түсіндіре отырып, қажеттілік білімді беру ғана емес, сонымен бірге оқушының жеке тұлғасымен байланысты жоғалтпау қажеттілігін айтқан еді [20].

Қазіргі әлемде компьютерлік технологияның білім берудегі маңызы артып, білім алушылардың белсенді ойлау, өз бетінше оқу, шешім қабылдау және оларға жауапты болу сияқты қасиеттерінің рөлі артып келеді. Сондықтан, А.Г. Асмолов атап өткендей, қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық белсенділігімен тікелей байланысты шығармашылық қызметіне ерекше көңіл бөлінеді, оған нақты мәселелерді шешуге бағытталған жобалық оқыту формасы арқылы қол жеткізуге болады.

Білімді жетілдірудің ең қолжетімді және дәлелденген әдістерінің бірі – білім алушылардың өз бетінше оқуды тиісті ұйымдастыру ретінде сабақтағы жұмысын белсенді ету. ХХІ ғасырда сабақты ұйымдастыру мен оқытудағы басты рөлі білім алушыға қарай ауысуда. Яғни, білім алушы педагогтің сілтеген жолы арқылы білім алуға өзі бет алады.

Педагогке бағдарланған сыныптың дәстүрлі тәсілі бұрын педагогикалық салада көптеген өзіндік шектеулерін көрсетті. Тапсырманы орындау кезінде адамның белсенді қатысуының мінез-құлық және эмоционалдық сапасы ретінде белсенділікті анықтауға болады [21].

Ғалымдар білім алушылардың өз бетінше оқуын дамытуға ынталандыруға арналған көптеген әдіс – тәсілдерді қарастырып, білім алушыларды ерекше қызықтыратын, олардың өзіндік оқу үдерісіне деген ынтасын оятатын ерекшелігіне назар аударады.

Білім алушылардың дербестігін қалыптастыру туралы айтқанда бір-бірімен тығыз байланысты екі міндетті есте сақтау қажет. Оның біріншісі – білім алушылардың оқу іс-әрекетіндегі дербестігін дамыту, өзін-өзі тануға, өз дүниесін қалыптастыруға үйрету; екіншісі – өздерінің бар білімдерін пән мен практикада пайдалана білуге үйрету [22].

Бұл мәселеге қатысты Р. Джексон өзінің көзқарасын ұсынды. Автор педагогке білім алушыларды қызықты оқу процесіне тарту үшін қол жетімді тәсілдерге жүгінеді. Р.Джексон төмендегідей қорытындыға келеді:

✓ педагогтер оқу процесі кезінде аса сабырлықпен сыныптағы білім алушыларды түгелдей сабаққа араласуына жағдай жасау керек;

✓ педагогтер білім алушылардың өзін сыныптастар алдында көрсетуіне аз болса да мүмкіндіктер беріп, оларды үнемі көтермелеу арқылы бойындағы төзімділігін дамыту қажет;

✓ педагогтер білім алушыларды шамадан тыс қорғауына, бақылауына немесе басқаруына болмайды;

✓ педагог тарапынан білім алушыларды қашанда шабыттандырып отыру қажет;

✓ білім алушылардың оқуға деген шабытын олардың жеке көңіл-күйімен байланыстыру маңызды [23].

Ал білім алушылардың дербестігі және жеке тұлғаға бағытталған әдіс-тәсілді қолдану туралы айтатын болсақ, басқа ғалымдар мынадай пайымға келеді:

✓ педагогтер көбінесе өзіндік жұмысты қолдануға оң көзқараспен қарайды;

✓ педагогтер әдетте педагог пен білім алушы арасындағы теңдікке қол жеткізу процесіне сілтеме жасамағандықтан түсінбеушіліктер орын алуда;

✓ «оқуды үйрену» тәсілі (психологиялық тәсіл) педагогтердің үлкен қолдауына ие;

✓ білім алушылардың сыныптағы шешім қабылдау процесіне қалай қатыса алатындығында қалаулы және мүмкін болатын арасында айтарлықтай алшақтық бар;

✓ әр педагогтің білім алушылардың өзіндік жұмысы туралы жеке түсінігі бар. Сондықтан оқу процесіне ешқандай әдіс - тәсіл жоқ;

✓ педагогтердің көпшілігі өз сыныбында қосымша әдістерді енгізудің қажеті жоқ деп өзіндік жұмысты алға тартады деп санайды [24].

Оқытудың мәдени аспектісіне, сондай-ақ тілді үйренуге баса назар аударатын шет тілі сабағының ерекшелігін ескере отырып, авторлар Н. Таниели мен С.Кутер үш негізгі тұжырымға келеді: біріншіден, білім алушылардың көпшілігі ағылшын тілін үйренуге оң көзқараспен қарайды, бұл өзіндік жұмыс жасауды дамыту үшін өте маңызды. Екіншіден, зерттеу көрсеткендей, білім алушылар ағылшын тілі сабақтарында өз бетінше жұмыс жасауға ынтасын жеткіліксіз деп санап, педагогтердің бақылауын күтеді немесе олардың қолдауына мұқтаж. Үшіншіден, зерттеу көрсеткендей, педагогтер білім алушыларды тәуелсіз, ерікті тіл үйренуші ретінде қабылдамайды [25].

Енді біздің зерттеуіміз үшін тағы бір маңызды мәселе – білім алушылардың сыныптағы өзіндік жұмысты және оқуда жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты қалай қабылдауында.

Өзінің зерттеуінде Дж. Рив оқу процесінде білім алушылардың қызығушылығы мен ынтасының маңыздылығын атап өтеді. Сондай-ақ, автор «4 өлшем» деп аталатын стратегия арқылы тартымды оқу ортасын құрудың мүмкін жолдарын ұсынады. Олар:

- ішкі мотивациялық ресурстарды дамыту;
- ақпараттық тілге сүйену;
- білім беру құндылықтарын насихаттау;
- теріс шектеулерге нақты реакция ретінде тану және қабылдау.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының қоғамдық өмірінде жүріп жатқан демократиялық өзгерістерге байланысты әр түрлі әлеуметтік

мүмкіндіктер мен негіздерді ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруды көздеген білім беру жүйесіне қойылатын талаптар жылдан жылға күшейе түсуде. Сондай маңызды талаптардың бірі - білім алушының дүниетанымын қалыптастыруға едәуір ықпал ететін білім мазмұнын жетілдіру болып табылады. Білім - дүниетанудың негізі. Ол неғұрлым тереңдеп, кеңейген сайын дүниетаным да қалыптасып, адам санасына тұрақтана түседі.

Дүниетанымның қалыптасуына адам, табиғат, қоғам туралы түсініктер негіз болады. Адам, табиғат, қоғам - біртұтас дүние. Олардың арасындағы байланысты және оларды үнемі бірге дамитынын білім алушылар бүгінде бастауыш сыныптан бастап оқып жатыр. Ондағы негізгі мақсат - дүниетануды бастауыш сыныпта оқытудың барысында білім алушының таным процесін дамыту. Дүниетаным ана тілінде қалыптасқан білім алушы олардың атауын ағылшын тілінде біртіндеп біле бастап, өзінің білім көкжиегін кеңейту жолына түседі. Осылайша, әртүрлі оқу әрекеттері нәтижесінде олар дүниені біртұтас бірлікте сезініп, қабылдау арқылы санасында білім қоры жиналып, ой-өрісі кеңейеді.

«Дүниетаным», «таным», «қазақ дүниетанымы» саласында көптеген құнды ой-пікірлер мен көзқарастар философ ғалымдардың (С.Б.Крымский, Б.М.Кедров. Э.Нысанбаев, А.Қасабеков, М.Орынбеков, Ж.Алтаев, Кішібеков және т.б.) еңбектерінде жан-жақты талқыланып келеді. Білім алушының ағылшын тілін ұлттық құндылықтар негізінде оқытуда қазақ дүниетанымының атқарар рөлі маңызды. Ал білім алушылардың танымдық әрекеттерінің түрлері болса бірқатар психологтар мен педагогтардың еңбектерінде (М.А.Данилов, И.Я.Лернер, Л.В.Занков, М.И.Махмудов, А.А.Люблинская, А.Н.Леонтьев, Н.Б.Менчинская, П.Я.Голперин, Д.Б.Эльконин, М.И.Левина, Ю.К.Бабанский, Т.И.Шамова, С.П.Баранов) зерттеу объектісіне қарай жүйелі талданған.

Педагогика саласындағы кеңестік ғалым Г.И.Щукинаның айтуынша, оқып білу жаңадан жаңалық ашу емес, бұрыннан белгілі адам тәжірибесінен өткен жаңалықтардың жиынтығын меңгеру [26]. Сол үшін осындай жаңалықтарды білім алушылар санасына жеткізу үшін ең алдымен педагогтер осы тәжірибесін білім алушыға жеткізудің әдіс-тәсілдерін меңгеруі керек деп есептеледі.

Педагог-гуманист Я.А.Коменский, «мүмкіндігінше адамдар білімді кітап бойынша ғана емес аспаннан, жерден, жөкеден, яғни, басқа біреудің байқағанынан, не сол жайында берген мәлімдемесінен емес, заттың өзінен алсын» - деп пайымдайды [27].

Білім алушылардың танымдық әрекетін арттыруда проблемалық оқытудың атқаратын ролінің ерекше екендігін, оны ұйымдастыру әдістері білім алушылардың ойлау процесі мен ізденушілік әрекетінің дамуына елеулі әсерін тигізетінін қазақтың белгілі дидакт-ғалымдары И.Нұғыманов, Т. Сабыров және т.б. өз еңбектерінде дәлелдеп отыр [28], [29]. Бұл пікірлерде оқытудың басты мақсаты - білім алушыларға айқын дүние заңдылықтарын, заттарын, фактілерін таныту деген түсінік береді.

Бұл пікірлермен толықтай келісуге болады. Себебі қоршаған заттар мен құбылыстар жайында білім алып, оны нақты қабылдау барысында білім

алушылар әртүрлі оқу әрекеттерін қолданады. Алдымен затты не құбылысты көру әрекеті арқылы түрі, түсі, пішінін, көлемін анықтап, таныса, ұстап сезіну әрекеті арқылы оның күйін, қатты-жұмсақтығын және басқа да сапасын айқындау, онан әрі затты не құбылысты бақылау іс-әрекеттері негізінде ой қорытып, заттарды салыстырып, айырмашылығы мен ұқсастығын табады. Осылайша, ағылшын тілінде түрлі таным әрекеттері нәтижесінде білім алушылар затты не құбылысты қабылдайды және олардың ғылыми ұғымның негізі қаланады. Осы аталған әрекеттер арқылы түсінік алған білім алушыларда келешекте эмоциялық, іскерлік, интеллектуалдық дағдылардың дамуына жағдай туады.

Білім алушылар дүниетанымын ана тілінде қалыптастырып, кейін ағылшын тілінде атауларын білу арқылы тарихи деректер жайында жалпы мағлұмат алып, халықтың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, табиғат байлығы, мәдени-әдеби, көркем-қолөнер шығармашылығы арасындағы байланысты, сабақтастықты немесе айырмашылықта көре білуге үйренеді. Пәннен алған ұғымдарын басқа пәндермен кіріктіре оқу арқылы дүниенің тұтастығы жайында жүйелі білім негізі қалыптасады.

Жалпы адам баласының дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі процесс. Оның нәтижесінде жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды, қалыптасады. Олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық етеді. Дүниетаным процесінде әртүрлі факторлар, әлеуметтік микро орта мен тәжірибе жаппай ақпарат құралдары т.б. әсер етеді. Олардың әрқайсысы іс-әрекетіне әртүрлі ықпал жасайды.

Білім алушылардың өмірге, табиғатқа көзқарасының қалыптасу процесі дүниетаным идеясы элементтерін игеруден, яғни білімнің, ғылымның негіздерін және мінез-құлықтарын, белгілі нормаларын білу, оларды сақтай білуден басталады.

Педагог білім алушыға білім мен тәрбие беру арқылы адамның ой-сезіміне, мінез-құлқына, дүниетанымына әсер етуіне болады. Ойшыл Әл-Фараби айтқандай адамдағы үш қабілетті дұрыс жолға қойып тәрбиелеу арқылы дұрыс нәтижеге жетуге мүмкіндік туады. Дүниедегі ең бағалы байлық – адам болғандықтан, оның қоршаған дүниеге көзқарасы, білу деңгейі қоғам дамуында, табиғатты сақтауда және өзінің тұлға ретінде қалыптасуында негізгі орын алады. Оның адамдық қасиеттері, ұстайтын жолы, дүниеге көзқарасы, мақсат-тілегі, мінез-құлқы, моральдық бейнесі іштей өзімен бірге тумады, қоғамда, басқа адамдар арасында өмір сүру барысында қалыптасады. Сондықтан дүниетанымды дұрыс қалыптастыру бастауыш мектеп қабырғасында басталады да өмір талабына, ғылым дамуына, тіл үйренуіне жалғаса береді.

«Ағылшын тілін» үйрету барысында педагогтер:

- ✓ Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру жайында ағылшын тіліндегі мәтіндермен танысу;
- ✓ Ұлттық дүниетаным мен әлемдік дүниетаным түрлерін айқындау;
- ✓ Білім алушылардың бойында адамгершілік қасиетін арттыру жолдарын анықтау;

- ✓ Сабақ барысындағы мәтіндерді дүниетаныммен байланыстыру;
- ✓ Білім алушылардың сабақ барысында дүниетанымы қалыптасуының әдіс-тәсілдерін айқындау;
- ✓ Білім алушыларының ұлттық дүниетанымының қалыптасуын жолдарын анықтауды басты назарға алуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 08 қаңтарда «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында әлеуметтік жауапкершілікті Абайдың «Толық адамынан» іздеу керектігін айтқан [30].

Білім алушының дүниетанымын өзін – өзі танудан бастар болса, қазақтың Ұлы ақыны Абайдан артық ешкім айтпаса керек. Басқа пәндер сияқты ағылшын тілі пәні педагогтері үшін де білім алушының дүниетанымын өзінің төл шығармалары арқылы қалыптастыру арқылы ғана әлем әдебиетіне жол ашқан жөн. Ал оған Абай шығармашылығы құнды ақпар көзі. Білім алушыларды ана тілін құрметтей отырып, ағылшын тілін меңгеруде ұлтқа қалай қызмет қылмақ туралы жаңа ой, тың идеяны ел Президенті Қ. Тоқаевтың жоғарыда аталған мақаласынан алуға болады. Ендеше, аталмыш мақаланың түп нұсқасының біраз бөлігін еш өзгертусіз осы жұмыс барысында өздеріңізге жолдап отырмыз.

Президент өз мақаласында, «...Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу.

Ол үшін, ең алдымен, **білім беру саласын** заманға сай дамытуымыз керек.

**«Педагог мәртебесі туралы»** заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы, кез-келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Педагогтер **білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады.**

Абай айрықша дәріптеген **игілікті істің бірі – тіл үйрену.** Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді.

Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды.

Келер ұрпақтың тәрбиелі, білімді, саналы қоғам құруын Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «**A man of integrity**» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты.

Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «**Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек**», – деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек жылы жүрек керек екенін айтады.

Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы.

Осындай **таным-түсінікпен** өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Өзі асқа жарымай қиналса да, бір тілім нанын бөлісіп жеуді парыз санаған. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған.

Біз Абайдың **«толық адам»** тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. Бірақ бұл – Абайды танудың бір қыры ғана. Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қарасөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Ол әлемнің **кең таралған негізгі тілдеріне барлық бояуын сақтай отырып аударылуға тиіс**. Бұған біз толық қол жеткізе алдық деп айту қиын. Нағыз ұлт ақындарын өзге тілдерге аудару – оңай шаруа емес. Аудармашы да сол ойшылдың деңгейіндегі талант болуы керек. Біздің абайтанушы ғалымдарымыз, тіл мамандары мен жанашыр азаматтар осы мәселеге ерекше мән бергені жөн.» [31].

Осылайша, маңызды педагогикалық мәселелердің бірі болып білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға байланысты білім алушылардың сенімдері мен өзіндік көзқарасының заңдылықтарын ашу.

Ғалымдардың көзқарасы бойынша табиғат және қоғам туралы ғылыми білімдерді меңгеру – ғылыми дүниетанымды қалыптастыру негізінің маңызды шарты болып табылады. Бірақ табиғат пен қоғам дамуының заңдылығын білу жеткіліксіз. Саналы көзқарас, сенім ойдың болмауы адамда формальды түрде деректерді меңгеруге және дүниетанымдық сипатты жалпылауға әкеп соғады.

Білімді аудару тұрақты сендіру, мінез-құлық мотивтері, принциптері болатын, тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың шарты болып табылады.

Педагогтар мен психологтардың зерттеулері бойынша білім алушылардың іс-әрекетінің басты нәтижесі, олардың бойында теориялық сана мен ойлаудың қалыптасуы болып табылады. Оқу іс-әрекетінің психологиялық мазмұны - іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін, білімдерді меңгеру.

И.Я. Лернер танымдық тапсырмалардың рөлін зерттей келе, білім алушылардың өздігінен жетістіктерге жету жолындағы бағдары және білімді пайдалануы сезінуге жол ашады, яғни білімдер сенімге айналу үшін, жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік болып тұрған көзқарастарынан жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет дейді (түсінік, баға, өлшем). Білім алушылардың жағымды эмоционалдық күйі, олардың жеке тәжірибесіне, әлеуметтік-психологиялық жағдайына сүйенеді.

Алайда танымдық тапсырмалардың рөлі ғылыми сенімділіктерін қалыптастыру жолында да өз маңызын жоғалтпайды. Танымдық тапсырмаларды бір мезетте қалыптастыру диагностикасы мен сенімнің тәсілі болып қызмет етеді.

Психология-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасай келе, тұлғаның дүниетаным ұйытқысын құру, ғылыми сенімді қалыптастыру құбылыстарының мәселесін мынандай етіп бөлуге болады:

- объективті мазмұны, маңызды қасиеті бар сыртқы дүние туралы дүниетаным білімі болуы және оны меңгеру;
- олардың мағынасы мен құндылығын түсіну;
- олардың талаптарынан шығатын міндеттерге, шынайылыққа сенімділік;
- индивидтің қажеттілігі мен қызығушылығын есепке ала отырып, меңгерілген білімді негіздеу;
- құбылыстар мен әлеуметтік фактілерді бағалау және ғылыми талдаудың тәсілдерін меңгеру, білім берудің біліктілігін жаңғырту, адамдардың іс-әрекетін, өмір құбылыстарын, әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да құбылыс фактілерін талдау және бағалау;
- өмірде осы білімдер арқылы басшылық жасай білу ұмтылу;
- белсенді іс-әрекетке субъект ретінде дайындық (шешім қабылдау, іс-әрекет жоспарын жасау және негіздеу, бағалау, қабылданған шешімнің дұрыстығын дәлелдеу).

Білімді сенімге айналдыру және дүниетанымды қалыптастыру тұлғаның жалпы бағытта қалыптасуымен яғни іс-әрекет қарым-қатынасының жүйесімен тікелей байланысты. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей баланың жеке тұлғасы оның жүйеде алатын орнымен, жеткілікті адами қарым-қатынаспен, соның ішінде өмірде қойылатын талаптардың дәл сол кездегі психологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады. Дәл осы сәйкестіктен білім алушының қажеттілігі мен тілегі, мақсаты, ұмтылысы туындайды және сол арқылы жаңа психологиялық сапаларының қозғалыс күші дамиды. Өмірдің шарты білім алушы жеке тұлғасының қалыптасуын тікелей анықтамайды, ал оның тәуелділігі сонда, өзара қатынасымыз бен әрекеттерімізде осы шарттармен білім алушының өзі болады.

Білім алушының дүниетанымын қалыптастыру мінез-құлқының ең маңызды қозғаушысы болып табылады, оның іс-әрекетінің себеп-салдарын анықтайды. Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру іс-әрекеті жетістігінің маңызды шарты тәжірибелік іс-әрекеттер мен сенімдер, білім бірлігімен қамтамасыз етілген педагогикалық процесс болып табылады. Бұған тек қана педагогикалық процесте «логикалық тізбені» ойластырғанда және жүзеге асырғанда ғана жетуге болады.

Ол жүйелер:

- ✓ танымдық көзқарасы бар білім жүйесі;
- ✓ зерттеліп жатқан фактілерге;
- ✓ құбылыстарға тұлғалық қарым-қатынас;



- ✓ тәжірибеде ойластырылған;
- ✓ алынған жеке іс-әрекеттік жоспардағы білім.

Адамдардың көзқарастары мен сенімдері әрқашан уақытта жеке тәжірибеде ойластырылған. Тәжірибе негізіне сүйене отырып, олар жеке тұлғаның діни әлемін, оның қажеттілігін, сезімін, мінез-құлық мотивін анықтайды, сонымен қатар тек қана білім алушылардың танымына, сезіміне, еркіне әсер етеді, бірақ мінез-құлық және іс-әрекет тәжірибесінде оған белгіленген әлеуметтік-мәнділігін анықтауды және жинақтауды ұйымдастырады.

Педагог, академик Г.Н.Филонов бойынша тұлғалық іс-әрекеттік тұрғыдан білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруды төмендегідей қарастырады [32]:

- шынайы дүниені жеке тұлғаның рухани-тәжірибелік тұрғыдан меңгеру негізіндегі іс-әрекетін мойындауы және оның адам санасындағы адекватты бейнеленуі;

- тұтастықтың жеке тұлғаның интеллектуалдық эмоционалды-еріктік және іс-әрекет тәжірибе саласына әсерін іске асыру;

- жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру жүйесінде тәрбие процесін дараландыру, еңбек және оқытуда жеке тұлға мен ұжымның өзара әсерінің органикалық біртұтастығы;

Оқытудың өмірмен, еңбекпен, тәжірибемен тығыз байланысына негізделген іс-әрекет тәжірибе факторының белсенді қызметі білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың міндетті шарты.

Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру процесінде мысалы, білім алушының ішкі позициясындағы бұрын қалыптасқан және қалыптасып отырған әрекеттің арасында, оған деген педагогтің білім алушыға қойған талабымен және оны орындаудағы дайындық деңгейі арасында қарама-қайшылықтар туындауы мүмкін. Өз уақытында пайда болған қарама-қайшылықтың көзін және сипатын ашу керек, тәрбие процесінде оны жеңу жолдарын анықтау – педагогтің басты міндеті.

Баланың ғылыми дүние-танымына табиғат және қоғам елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, қоғамдық саяси қатынастар әсер етеді. Ғылыми сенімдер ғылыми-философиялық білімдерді, қазіргі ғылым жетістіктерін оқып-үйрену, дүниені танудың ғылыми әдістерін қолдану арқылы қалыптасады.

Ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың ең жоғарғы түрі. Ол арқылы баланың өмірдегі жақсы мен жаманға көзқарасы қалыптасып, бағыт-бағдары айқындалады.

Ғылыми дүниетаным тек қана білімдер арқылы ғана емес, сонымен қатар, дәйекті дәлелдері аз жазған көзқарастарды жеңу нәтижесінде қалыптасады. Қоғамның өзгеруі, қоғамдық және жаратылыс ғылымдарында ашылған жаңалықтар ғылыми дүниетанымды жетілдіреді, толықтырады, нақтыландырады, кейбір көзқарастарды өзгертеді.

Бастауыш сынып білім алушыларына ағылшын тілін оқытуда танымдық белсенділікті В.В. Хвойнова, Е.А. Филатова сияқты зерттеушілер зерттеді және

ойын технологиясын осы жас санатында шет тілін үйрену процесінде негіз болатын технологиялардың бірі ретінде анықтады. Зерттеумен айналысатын А.М. Матюшкин танымдық іс-әрекеттің психологиялық құрылымы мен дамуы, бұл «танымдық іс-әрекеттің пайда болуын ынталандыратын әртүрлі ойын жағдайлары», - деген қорытындыға келді [33].

Е.А. Филатова бастауыш сынып оқушыларының шет тілін үйренуде мнемоникалық стратегияларға, олардың ішінде: қайталау; ассоциативті есте сақтау; жіктеу; схемалық жүйелеу; карталар; контексте қолдану және т.б. ерекше назар аударуды ұсынады [34].

Осылайша, танымдық белсенділік бастауыш сыныпты оқыту процесінде маңызды шарттардың бірі болып табылады және шет тілін меңгеру басынан бастап қалыптасуы керек деп қорытынды жасауға болады. Мұқият зерттеуді қажет ететін танымдық белсенділікті дамытудың әртүрлі қызықты әдістері мен аспектілері бар.

«Weblog» терминін алғаш рет Джорн Баргер 1997 жылы ағылшын тіліндегі «a log of the web» журналы ретінде қолданған. Оның ең қарапайым түрінде блог – бұл кері хронологиялық ретпен берілген және Интернетте жарияланған жазбалары бар веб-сайт. Блогтардың дәстүрлі веб-сайттардан айырмашылығы бар және мынадай артықшылықтарды қамтамасыз етеді

- жаңа беттерді оңай құру, өйткені жаңа деректер әдетте блогқа қарапайым форма арқылы енгізіледі, содан кейін блогер растайды. Осылайша, минималды техникалық біліммен жаңарту арқылы блогтар жаңадан бастаушы адамды дамытудың веб-құралына айналады;

- әр түрлі блог жазбаларының мазмұнын, мысалы, күні, санаты, авторы немесе басқа өлшемдері бойынша сүзу;

- көптеген блог-платформалар блог әкімшісіне қолжетімді және басқаруға оңай, басқа авторларды шақыруға және қосуға мүмкіндік береді.

- пайдалану оңай, автоматты түрде мұрағатталатын және бөлісуге болатын мазмұнды құру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

- білім беру қауымдастығын қалыптастыру үшін өзара сілтемелер жіберу;

- жетістіктер мен қол жеткізген табыстардың электрондық портфолиосы түрінде қызмет ету мүмкіндігі;

- мазмұнды басқарудың толық функционалды жүйелерімен кеңейтілуі.

Ақпараттық кеңістікті пайдаланудың қарапайымдылығы мен қолжетімділігі, ұйымдастыру тиімділігі, интерактивтілік және мультимедиалық сияқты дидактикалық қасиеттерге ие бола отырып, блог мұғалім тарапынан педагогикалық қолдау мен оқушылардың дайындығы қамтамасыз етілген жағдайда әдістемелік және педагогикалық мақсаттарды іске асырудың интерактивті алаңы бола алады [35]. Блогтармен жұмыс істеу процесі оқушылардың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын жүйелендіруге, бекітуге және кеңейтуге, сондай-ақ оқушылардың дүниетанымын дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, білім беру процесін ұйымдастыру үшін блогосфераның мүмкіндіктерін қолдана отырып, дүниетанымды дамыту негізінде ағылшын тілін оқыту әдістемесінің құрылымдық моделі жасалды. Модель өзара байланысты компоненттердің жиынтығын қамтиды: оқыту мақсаты; оқу пәнінің мазмұны, блогтарды қолдана отырып, білім беру мақсаттарына қол жеткізудің әдістері мен құралдары; оқытудың ұйымдастырушылық нысандары; педагог пен оқушылардың негізгі білім беру қызметі.

Білім беру блогын дүниетанымның қай компонентін дамыту қажеттілігіне сәйкес әртүрлі мақсаттарда пайдалануға болады. Ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау барысында анықталғандай, дүниетаным құрылымында төрт негізгі компонентті ажырату көрсетуге болады:

*Танымдық компонент.* Танымдық компонент шет тілін оқытудың пәндік нәтижелерімен тығыз байланысты. Педагогикалық эксперимент аясында дүниетанымның танымдық компонентін дамыту барысында оқушылар сын есімдерді қолданудың грамматикалық ережелері, өнер тақырыбына байланысты жаңа лексика, сонымен қатар музыка, әдебиет әлемі туралы қызықты фактілерді біледі. Жеке және қоғамдық танымның нәтижелері оқушылардың танымдық қызығушылығын ынталандыруға арналған білім блогында көрінеді. Оқу тобының блогында үй тапсырмасы ретінде жаттығудың бірнеше түрі ұсынылады:

Педагог талқылау үшін жаңа тақырыпты ұсынады, онда білім алушылар түсіндірмелер беру арқылы қатысады.

Білім алушы тақырыпты жасайды, ал басқа оқушылар оны талқылауға түсініктемелер беру арқылы қатысады.

Бірінші жағдайда білім алушылар Интернеттегі қарым-қатынастың шынайы жағдайларына жақын жағдайда пікірталасқа қатысады. Мұғалім өз жазбаларын «Tasks» бөлімінде жариялайды.

Мұндай тапсырманың мысалы ретінде оқушылардың «music likes and dislikes» тапсырмасына жауаптары болуы мүмкін, онда балаларға өздерінің сүйікті орындаушысы немесе музыкалық тобы туралы жазу ұсынылады.

Блогта осындай тапсырманы орындаудағы артықшылық – оқушылар оңай кіріп, көкжиегін кеңейте алатын қосымша ақпарат немесе аудио жазбаларға сілтемелерді бөлісуде мүмкіндікке ие болуы.

Екінші жағдайда оқушылар жоба жасауға мүмкіндік алады. «Фокустағы ағылшын тілі» ОӘК білім алушыларға бесінші модуль аясында шығармашылық тапсырмалардың алуан түрлерін ұсынады. Олардың кейбіреулері ауызша әрекетке бағытталған, кейбіреулері блогта орындауға жарамды. Сонымен, модульдің бесінші сабағында оқушылар екі командаға бөлініп, интернет ресурстарын қолдана отырып, қарсыластар командасына музыка туралы викторина жасау ұсынылады. Сұрақтар білім беру блогындағы "projects" бөлімінде «Quiz 1» және «Quiz 2» беттерінде жарияланады. Егер мектепте компьютерлік сынып болса, бұл ойында сабақ барысында өткізуге болады. Білім алушылар қарсыластар командасының викториналық сұрақтарына жауаптарды

түсініктеме түрінде қалдырады. Бұл кезенді үй тапсырмасы ретінде ұсынуға да болады. Осындай жобаны жүзеге асыру нәтижесінде білім алушылар музыка тақырыбында көкжиегін кеңейтеді, сұрақтар қоюға және оларға ағылшын тілінде жауап беруге дағдыланады.

*Құндылық компоненті.* Құндылық компонентін дамыту үшін құндылықтарға, идеалдарға, нанымдарға, сенімдерге, нормаларға және т.б. әсер ету қажет. Көбінесе құндылыққа бағытталған материал оқулық мәтіндерінде болады, бірақ олардың саны жеткіліксіз. «Фокустағы ағылшын тілі» ОӘК-тің бесінші модулі шеңберінде эстетикалық құндылықтарды шартты түрде көрсететін үш мәтін бар. Білім беру блогын шет тілі сабақтарында пайдалану білім алушыларға құндылықты реттеуші компоненттің дамуына ықпал ететін қосымша материалдарға, мәтіндерге және бейнелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. "Interesting links" қосымша бетінде мұғалім оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру үшін жағдай жасауға ықпал ететін пайдалы тақырыптық сілтемелерді орналастыру мүмкіндігіне ие болады.

*Эмоционалды-еріктілік компоненті.* Келесі қадам білім, құндылықтар мен нормалардың дүниетанымның қалыптасуы мен дамуына ықпал етуі үшін олардың эмоционалды ерікті дамуы, жеке көзқарастарға, нанымдарға, сенімдерге айналуы, сондай-ақ әрекет етуге дайын болу үшін белгілі бір психологиялық көзқарасы да дамуы қажет. Оқулықта құндылыққа бағытталған мәтіндермен қатар, метафоралардың, эпитеттердің, салыстырулардың, эмоционалды қаныққан етістіктердің көптігімен ерекшеленетін эмоционалды мәтіндер де бар. Олар шығармашылық ойлауды дамытуға арналған. Мұндай мәтіндерде білім толығымен берілмейді, кейбір олқылықтар да кездеседі. Мәтіндерді оқу кезінде оқушылар проблемалық міндеттерді шешетін олқылықтарды толтыруы керек. Оқулықтағы мұндай мәтіннің мысалы – кітапқа шолуы бар электрондық пошта. Сыныпта оқушылар берілген мәтінді оқиды, шолу құрылымын оқиды, содан кейін үйде жеке шолу тапсырмасын орындайды және хат мәтінін жеке блогқа орналастырады. Мұндай тапсырманы орындау үшін жеке блогтың мынадай артықшылықтары бар: біріншіден, тапсырманы тексерудің ыңғайлылығы, екіншіден, мұғалімге әр оқушының жұмысына түсініктеме беру мүмкіндігі.

*Практикалық компонент.* Соңғы компонент іс-әрекеттермен және белгілі бір жағдайларда адамның белгілі бір мінез-құлық түріне нақты дайындығымен анықталады. Бұл компоненттің дамуын ынталандыру үшін қажетті жағдайлар жасалуы керек. Оқушылардың блогтағы қарым-қатынасы Интернеттегі қарым-қатынастың нақты жағдайларына мүмкіндігінше жақын. Белгілі бір тақырыпты талқылау, өз пікірін айту және басқа оқушылардың дәлелдерімен танысу дүниетанымның дамуына ықпал етеді. Пікірталасты ұйымдастыру эссе жазудан бұрын дайындық кезеңі болуы мүмкін. Мысалы, модуль аясында оқушыларға «Өнерсіз біздің өміріміз қандай болар еді?» деген тақырыпта эссе жаздырмас бұрын оқушылар пікірталасқа мұғалім жасаған жазбаға түсініктеме бере отырып қатысады. Оқушыларға өз көзқарасын қалыптастыру және оны дәлелдеу, сондай-ақ талқылауда басқа қатысушылармен келісу немесе қарсылық білдіру міндеті

қойылады. Жұмыстың бұл түрін бағалаудың өлшемдері оқушылардың пікірлерінің дұрыстығы және пікірталастағы белсенділіктері болып табылады. Эссе жазар алдында бұл жұмыс түрін орындау оқушыларға өз пікірлерін, сөйлеу клишелерін білдіру дағдыларына үйретеді. Сонымен қатар, оқу тобының блогына бұл тапсырманы орындау кезінде мұғалім оқушылардың көзқарасын талдауға, оқушылардың дүниетанымы қаншалықты қалыптасқанын түсінуге мүмкіндік алады.

Блогосфераның мүмкіндіктерін пайдалану кезінде дүниетанымды дамыту негізінде ағылшын тілін оқыту әдістемесі моделінің нәтижесін тестілеу және әртүрлі практикалық тапсырмаларды орындау арқылы бағалауға болады, қажет болған жағдайда мақсаттар мен ұйымдастырушылық процесті түзетуге болады. Осылайша, бұл модельді іске асыру және блогтармен жұмыс жасау процесі оқушылардың ағылшын тілі саласындағы теориялық білімі мен практикалық дағдыларын жүйелендіруге, бекітуге және кеңейтуге, сондай-ақ оқушылардың дүниетанымын дамытуға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың танымдық әрекетін арттыруда проблемалық оқытудың атқаратын рөлінің ерекше екендігін, оны ұйымдастыру әдістері оқушылардың ойлау процесі мен ізденушілік әрекетінің дамуына елеулі әсерін тигізетінін қазақтың белгілі дидактері И.Нұғыманов, Т.Сабыров және т.б. өз еңбектерінде дәлелдеп берді.

Білім алушылардың дүниетанымы – қоғамдық сананың ең жоғарғы түрі. Ол арқылы баланың өмірдегі жақсы мен жаманға көзқарасы қалыптасып, бағыт-бағдары айқындалады. Қоғамның өзгеруі, қоғамдық және жаратылыс ғылымдарында ашылған жаңалықтар ғылыми дүниетанымды жетілдіреді, толықтырады, кейбір көзқарастарды өзгертеді.

Баланың көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыратындар: тәжірибені теориялық тұрғыдан қорыта білу, сезімнің ақыл-ойға әсері, саналы, алдына қойған мақсаты бар ерік-жігер.

Ал көзқарастар – баланың өзі сенетін білімдері, ұғымдары, практикадан шығарған теориялық тұжырымдары, ұсыныстары. Бала олар арқылы табиғатта және қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарға баға беріп, өзінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын белгілі бір бағытқа салып отырады.

Сенім – ақиқат екендігіне бала ешқандай күмән келтірмейтін білімдер, ұғымдар, тұжырымдар, теориялар, болжамдар. Бала өз сеніміне сүйеніп, ол үшін күреседі, басқалардан қорғайды, өз басына төнген қауіптен қорықпайды, басқа балаларды соңына ілестіргісі келеді.

Дүниетаным құрамындағы маңызды бөлік – қажымайтын қайрат. Баланың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру үшін оған теориялық білімдерді берумен шектелуге болмайды. Тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде бала өз алдына мақсат қойып, соған жету үшін жігерлене еңбек етеді. Дүниетаным тәрбиелік те қызмет атқарады. Бала өзі келісетін көзқарастары арқылы адамгершілік қасиетін, ерік-жігерін, эстетикалық сезімдерін шындайды.

Ұлы адамдардың, ірі ғалымдардың өмірі мен қызметі туралы әңгімелер баланың білімі мен тәрбиесіне ықпал етеді. Гуманитарлық пәндер оқушыны

қоғамда болып жатқан түрлі оқиғаларды дұрыс талдауға үйретеді, жақсылық пен жамандықты көрсетеді, елімізде және шетелде болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға беруге баулиды, адамгершілік-эстетикалық сезімін тәрбиелейді. Сондықтан ағылшын тілі сабақтарында эссе, шығарма, ой толғау жаздыру, сахналық қойылымдар көрсету баланың дүние туралы ой-өрісін кеңейтіп, көзқарастары мен сенімін тексеруге көмектеседі.

Тіл – сыртқы дүние мен қоршаған орта туралы білім алу көзі. Пәнді оқытуда оқушылар ағылшын тіліндегі атаулармен, құбылыстармен танысады. Танысу ауызша және жазбаша түрде жүреді. Осы екі түрді меңгеру ағылшын тілін игерудің тәжірибелік мақсаты болып табылады. Яғни, оқушы ағылшын тілін ауызша және жазбаша түрде қолдана білуі тиіс.

Қазіргі әлемде шет тілін оқытудың мақсаты – білім алушыларға тек лингвистикалық білім беру мен сөйлеу дағдыларын дамыту ғана емес, әлемдік жаһандану және тілдер мен мәдениеттердің интеграциясы жағдайында шет тілі сабақтарындағы бастапқы орын оқушының жеке басын дамытуда және оның жалпы көкжиегін кеңейтуде маңызды рөл атқаратын әлеуметтік-мәдени компонент.

Негізгі және жалпы орта білім стандартында мемлекеттік тілде берілген әлеуметтік-мәдени құзыреттілік шет тілі бойынша оқытылатын тілдегі ел туралы білімнің жиынтығы, олардың сөйлеудегі мінез-құлқының ұлттық мәдени ерекшеліктері және мәдениеттер диалогы процесінде осы білімді пайдалану мүмкіндігі ретінде анықталады [36]. Алайда, мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының маңызды элементі бола отырып, әлеуметтік-мәдени даму, сонымен бірге өз елін, аймағын және мәдениетін таныту қабілетін де қамтиды. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың дәл осы кезеңінде мұғалім белгілі бір проблемаларға тап болады:

1. Өлкетануға танымдық қызығушылықтың төмен деңгейі.
2. Ағылшын тілі арқылы туған өлкенің мәдениетін таныстыра алмау.
3. Тұратын аймақтың және оқытылатын тіл елдерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтай алмау және салыстыра алмау [37, 187 бет].

Осы мәселелерді шешудің тиімді әдістерінің бірі және оның салдары ретінде оқушылардың әлеуметтік-мәдени даму деңгейін арттыру ағылшын тілі сабақтарында ұлттық-аймақтық компонентті енгізу болуы мүмкін.

Білім берудің ұлттық-аймақтық мазмұны тарихи-мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, оқытудың құралдары мен формаларын қолдануды білдіреді. Қазіргі уақытта аймақ алдыңғы қатарға шығарылуда. Өйткені туған жер туралы білім патриотизмді, өз мәдениеті мен басқа елдердің мәдениетін құрметтеуге, толеранттылыққа, мәдениаралық диалог пен ынтымақтастыққа дайын болуға көмектеседі.

Ұлттық-аймақтық компонентті іске асыру пәнаралық интеграциямен үздіксіз байланысты, себебі бұл география, тарих, әдебиет, музыка сабақтарында және туған өлкенің мәдениетін қалыптастыратын басқа да материалдарды қолдануға жетелейді. Басқаша айтқанда, оны оқытудың мақсаты объективті әлем туралы білім беру емес, тақырыбы әр түрлі болуы мүмкін және сыртқы жағынан

енгізілуі мүмкін байланыс пен сөйлеу әрекетін жүзеге асыру болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілін оқыту кезінде өлкетану тақырыбындағы ақпаратты қолдану оқытуды дербестендіруге мүмкіндік береді, өйткені ол шет тіліндегі коммуникацияны жақындатады және оларға күнделікті өмірде кездесетін мәліметтер мен фактілерді өзара қарым-қатынаста пайдалануға мүмкіндік береді.

Ұлттық-аймақтық компонентті ескере отырып, оқу материалының мазмұны мыналарға сәйкес келуі керек екенін атап өткен жөн.

Басты критерийлері:

1. Білім алушылардың жалпы мәдени білім деңгейін көтеруге, олардың білім деңгейін қалыптастыруға жәрдемдесуді көздейтін әлеуметтік-мәдени құндылық, ұлттық-мәдени құзыреттілік базасы, бұл оқытылатын тілдің негізгі әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, ел болмысы туралы білім жүйесін құрайды.

2. Елтану құндылығы.

3. Өзектілігі, яғни оның қазіргі замандағы дәрежесі мен қоршаған болмысқа бағыттылығы.

4. Оқу материалының тартымдылығы.

5. Функционалдылық – сөйлеу әрекетінің барлық аспектілерін оқытуда қолдану мүмкіндігі [38, 92 б.].

Әлеуметтік-мәдени құзіреттілікті қалыптастыру үшін шетел тілін оқыту процесінде қолданылатын негізгі материал – көркем мәтіндерді қамтитын оқу мәтіні, өлеңдер, әндер, диалогтар, сұхбаттар, бейне және аудиоматериалдар. Сонымен қатар, оқу мәтіні шынайы болуы керек, өйткені дәл сол фактор оқушылардың мотивациясын едәуір арттырады.

Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев және т.б. қазақтың көрнекті жазушылары мен ақындарының шығармаларын көркем мәтіндер ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, газет-журналдардағы мақалалар мен жеке үзінділерді де мәтін ретінде алуға болады.

Білім алушылардың қызығушылығын арттыруға және материалды игеру сапасын жақсартуға ықпал ететін бейнероликтерді пайдалануға ерекше назар аудару қажет. Бейнематериал мазмұны елдің тарихы, мәдениеті, табиғаты, көрнекті жерлері, тарихи орындары және т.б. туралы мәліметтерді қамтығаны дұрыс.

«Қазақтардың шығу тегі» деп аталатын бейне роликті көрмес бұрын, алдымен, онда қолданылған тиісті атаулар мен басқа да таныс емес сөздер мен сөз тіркестерінің семантикалық мағынасын ашып, олардың хормен айтылуын пысықтау ұсынылады.

Бейнематериалды көргеннен кейін білім алушылардың мәтінді жалпы түсінгенін тексеретін сұрақтарға жауап беру ұсынылады. Мысалы:

Where did the Kazakhs and other Turkic peoples come from?

Who are the Huns?

Where was the Turkic state formed?

Бейнематериалды екінші рет көргеннен кейінмәтінді егжей-тегжейлі түсінетін болады, оны тексеру келесі сұрақтардың көмегімен жүзеге асырылады.

Бейнематериалмен жұмыста соңғы тапсырма сөйлеуді дамытуға бағытталған жаңа лексиканы қолдана отырып, қайталауды қамтиды.

Ағылшын тілді елдердің фольклорын зерттеу және соның нәтижесінде оны орыс және қазақ фольклорымен салыстыру мектеп оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Фольклордың осындай компоненттерінің бірі – басқа адамдардың менталитетімен, олардың ойлау тәсілімен танысуға мүмкіндік беретін мақал-мәтелдер. Мысалға: *If you run after two hares, you will catch neither.* – Екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетер. *A friend in need is a friend indeed.* – Достың қадірін басыңа іс түскенде білерсің.

Ұлттық - аймақтық компонентті шет тілін оқыту процесіне кіріктірудің тағы бір тәсілі – сөйлеу құзіреттілігін дамытуға, туған жер туралы білім деңгейін арттыруға, сонымен қатар шағын топтарда жұмыс істеуді үйренуге және іздену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік беретін жобалық қызмет. Кез келген жобалық жұмыс мақсат қоюдан басталады. Жобаны ұлттық-аймақтық материалмен жұмыс істеу тәсілі ретінде, білім беру мақсаты ретінде қарастыра отырып, оқыту мақсаты – оқушылардың кіші Отан туралы түсініктерін қалыптастыру, тақырып бойынша білімін бекіту және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын меңгерту болса, ал тәрбие мақсаты – оқушылардың өз ұлтының да, басқа мәдениеттің де өкілдерімен қарым-қатынасына ықпал ету. Мақсаттарды анықтау кезеңі ұйымдастыру бөлімінен тұрады, оның барысында сыныпты шағын топтарға бөлу және олардың арасында жобалар тақырыптарын бөлу жүзеге асырылады.

Жобалық жұмысты жүргізу үшін оқушыларға мынадай тақырыптарды ұсынуға болады: «Менің туған қалам», «Менің ауылым», «Қазақстанның танымал адамдары», «Қазақстанның мәдени ескерткіштері», «Менің кіші отанымның тарихы», «Туған өлкемнің табиғаты», «Қазақстанның ұлттық ерекшеліктері».

Жобаларды таныстыру және қорғау әртүрлі формада өтуі мүмкін. Мысалы, видеорепортаж, газет мақаласы, плакат, сұхбат және т.б.

Осылайша, мектеп оқушылары арасында әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктің қалыптасуын шет тілін оқыту мазмұнында ұлттық-аймақтық компонентті қолданбай елестету мүмкін емес. Оны оқу процесіне кіріктірудің негізгі әдістерінің бірі – түпнұсқа материалдармен жұмыс істеу, сонымен қатар туған елінің фольклорымен салыстыра отырып, оқытылатын тілдің фольклорымен танысу. Оқытудың осындай тәсілдерін іске асыру білім алушылардың жалпы қызығушылығына оң әсер етеді, басқа елмен танысуға және туған өлкенің мәдениетін терең зерделеуге мүмкіндік береді және мәдениетаралық диалогқа дайындайды.

Шет тілі сабақтарында оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастырудың маңызды аспектісі «Рухани жаңғыру» ұлттық идеясын іске асыру болып табылады:



- білім алушылар бойында шет тілінің қазіргі адам өмірінде және көпмәдениетті әлемдегі рөлі мен маңыздылығы туралы таным қалыптастыру, шет тілін қолдануда мәдениетаралық қарым-қатынаста басқа халықтар әлемі мен мәдениетін тану құралы ретінде жаңа тәжірибе жинақтау;

- азаматтық теңдікті, өз халқы, туған өлкесі, өз елі үшін патриотизм мен мақтаныш сезімін, өз этникалық және ұлтқа қатыстылығын сезіну, тілдерді және мәдениетті меңгеру арқылы жалпы қабылданған адамзаттық және базалық ұлттық құндылықтарды дамыту;

- коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдениетін қалыптастыру, яғни өзінің сөйлесу мүмкіндігіндегі деңгейіне қарай ауызша (айтылым және тыңдалым) және жазбаша (оқылым және жазылым) әртүрлі үлгіде тілді таратушымен қарым-қатынаста қабілеттілігі мен дайындығын, коммуникативтік шешімдер мен әңгімелесу әдебіне сәйкес барынша кең көлемде сөйлесу және сөйлесуден басқа құралдарды тепе-тең пайдалану;

- ағылшын тілді елдердің мәдениетімен танысу арқылы өзге (бөгде) мәдениетке құрметпен қарау қатынасын қалыптастыру;

- ауызша және жазбаша қатынаста шет тілінде өзінің төл мәдениетін таныстыру қабілетін одан әрі дамыту.

Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында шет тілі пәні мұғалімдеріне:

- оқыту материалдарының түпнұсқасын пайдалану (аудио-, бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар);

- сипаттау дағдысын қалыптастыру үшін ақпараттармен жұмыс жасау, шет тілінде сипаттама беру, салыстыру, талдау, диалог жүргізу, пікірталас, қажетті дәлелдемелер келтіру, жинақтау және қорытынды жасау;

- білім алушылардың сөздік қорын байыту мақсатында өз бетінше анықтамалармен және энциклопедиялық әдебиеттермен, электронды ресурстармен жұмыс істеуге үйрету ұсынылады.

Қазіргі әлемде шет тілін оқыту елдердің мәдениетімен және дәстүрлерімен танысуды қамтиды. Елтану аясында география пәні әр елдің аумағы мен өңірлерін, мәдениетін, дәстүрін, ұлтын, халқын және экономикасын зерттейді. Лингвоелтану елдің мәдениетін зерттейді және тілді оқыту курсының бір бөлігі болып табылады [38, 5]. Ол ең алдымен коммуникативтік құзыреттілікті қамтамасыз етеді. Сондықтан лингвоелтану материалдарын шет тілін оқытудың алғашқы кезеңдерінен бастап енгізу ұсынылады. Оқушылар елдердің тарихымен танысып, сол арқылы шет тілі мәдениетіне араласуы керек. Бұл қызығушылықты арттыруға, олардың көкжиегін кеңейтуге ықпал етеді. Коммуникативтік дағды, қиял, шыдамдылық, сыйластық сияқты ұлттық мәдениетін дамытуға көмектеседі. Бұл техниканы пайдаланудың бірқатар қиындықтары бар. Біріншіден, лингвистикалық және аймақтық материалдар білім алушылардың жасына сәйкес келуі керек, өйткені алынған барлық білім өз мәдениеті негізінде қалыптасады. Мәдениет, тек өз білімін байытады. Екіншіден, балалардың тіл білімі саласындағы жұмысы кейбір қиындықтарды тудырады. Оқушылар шетелдің мәдениеті туралы ақпаратты түсінуі, талдауы және салыстыруы керек,

сонымен қатар білімді жаттығумен бекітуі өте маңызды. Көбінесе, көлемді мәтіннің толық мағынасын түсінбейді және мұндай мәтінмен жұмыс жасау қиын әрі ұзақ. Ол үшін мұғалім тиісті материалды тауып, оқушыларға тапсырмалар дайындап, ел туралы қосымша ақпарат беруі керек. Бірақ бұл жеткіліксіз. Сондықтан мұғалімдер алдын ала түрлі ақпараттар, ашықхаттар, түпнұсқа материалдар, карталар, презентациялар және т.б. қосымша материалдар сақталатын елтану оқулықтарын қолдануы тиіс.

Дүниетанымды қалыптастыратындар: тәжірибені теориялық тұрғыдан қорыта білу, сезімнің ақыл-ойға әсері, саналы, алдына қойған мақсаты бар ерік-жігер. Бұлар баланың көзқарастары мен сенімдерін қалыптастырады.

**Көзқарастар** – білім алушының өзі сенетін білімдері, ұғымдары, практикадан шығарған теориялық тұжырымдары, ұсыныстары.

Білім алушы олар арқылы табиғатта және қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарға баға беріп, өзінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын белгілі бір бағытқа салып отырады.

**Сенім** - ақиқат екендігіне білім алушы ешқандай күмән келтірмейтін білімдер, ұғымдар, тұжырымдамалар, теориялар, болжамдар.

Білім алушы өз сеніміне сүйеніп ол үшін күреседі, басқалардан қорғайды, өз басына төнген қауіптен қорықпайды, басқа балаларды өз соңынан ілестіргісі келеді.

Сенімге **сезім** әсер етеді. Таным процесінде қуану білімнің ақиқаттығына сену, өз алдына мақсат қою, сұлулықтан ләззат алу сенімнің қалыптасуына ықпал етеді.

**Қажымайтын қайрат** - дүниетаным құрамындағы маңызды бөлік. Білім алушының ғылыми дүниетанымын қалыптастыру үшін оған теориялық білімдерді берумен шектелуге болмайды. Тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде бала өз алдына мақсат қойып, соған жету үшін жігерлене еңбек етеді.

**Теориялық ой** - дүниетанымның элементі, болмыс туралы білімдерді, құбылыстарды шығармашылықпен, терең түрде ой елегінен өткізе білу, дүниетанымды жетілдіру, сенімді басшылыққа алып, іс-әрекет жасауға ұмтылу.

Дүниетаным көптеген маңызды қызмет атқарады. Ол өзінің ағарту қызметі арқылы балаға табиғат және қоғам туралы ғылыми білімдер беріп, оны жалған көзқарастардан арылтады, болмысты тану әдістерімен қаруландырады.

Дүниетаным тәрбиелік қызмет атқарады. Білім алушы өзі келісетін көзқарастары арқылы, адамгершілігін, ерік-жігерін, эстетикалық сезімдерін шыңдайды. Педагогтер білім алушыларды адалдыққа сендіріп, олардың адал жүруіне керекті батылдықты, табандылықты, ізгілікті, жауапкершілікті тәрбиелеу керек. Осы талапты орындау үшін қоғам және жеке адамдар өміріндегі жақсы тұстарды балаларға әсерлі етіп түсіндірген дұрыс.

«Ағылшын тілі» пәнін оқыту барысында педагог мәтінде адами құндылықты, толық адамды қалыптастыратын мазмұнды аса талғампаздықпен таңдап, білім алушыға ұсыну керек. Егер құндылықтарды жіліктеп көрсек:

**Рухани-адамгершілік құндылықтар** (*ізгілік, мейірім, достық, махаббат, жанашырлық, қамқорлық, адалдық, шыншылдық, парасаттылық, сенім, ынсап, қанағат, рақым, намыс, жігер, ар-ождан, ұят, талап, құрмет, ізет, қарапайымдылық, жауапкершілік, парыз*);

**Отбасылық құндылықтар** (*жеті ата (ұрпақтар сабақтастығы), қара шаңырақ, ата-ана қадірі, отбасы жауапкершілігі, еңбекқорлық, тазалық, отбасы әл-ауқаты, ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі, отбасылық әдеп, отбасы берекесі, қонақжайлылық, бауырмалдық, әке жолы, ананың ақ сүті, дәстүрлі туыстық қарым-қатынас*)

**Ел-жер, табиғат құндылықтары** (*атамекен, туған жер, туған жердің табиғаты, экологиясы, туған өлке тарихы, туған жердің рухани және табиғи қазыналары, туған жер экономикасының, еңбек ресурстарының дамуына мүдделілік, дүниеге позитивті көзқарас*)

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтары** (*Отан, тарих, тәуелсіздік, елжандылық, заң, құқық, міндет, азаматтық борыш, жауапкершілік, еркіндік, бостандық*);

**Мәдениет құндылықтары** (*ана тілі, ұлтжандылық, мемлекеттік тіл, білім, ғылым, тәуелсіз сана, мәдени мұралар, ұлттық құндылықтар, ұлттық дәстүрлер, тәлімдік, тағлымдық сөздер, байқампаздық, талғампаздық, ізденімпаздық, жасампаздық, шығармашылық, оқуға құштарлық, сезімталдық, зейінділік, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары, іскерлік этикет, шешендік, ұшқыр ойлылық, тапқырлық, шапшаңдық, );*

**Саламаттық құндылықтар** (*өмірді бағалау, денсаулықты күту, уақыт мәдениеті, өзін-өзі басқару, белсенділік, дене мәдениеті, психикалық саулық, позитивтік ерік-жігер, сабырлылық, төзімділік, ұстамдылық, икемділік*)

Саяси-әлеуметтік, философиялық, моральдық, эстетикалық, ғылыми теориялық білімдерді меңгеру білім алушының белсенді ой жұмысын туғызады.

Ғалымдар болмысты (алуан түрлі байланыстағы объективтік дүние, тұрмыс, қоршаған орта, жағдайлар) түсіну үшін диалектикалық тәсілдер қолдану керектігін дәлелдеп отыр.

Бұл тәсілді қолданғанда баланың миы жағдайды дұрыс бағалап, шығармашылықпен жұмыс істейді, құбылыстарды басқа құбылыстармен байланыста қарайды.

Білім алушының дүниетанымы ұйымдастырушылық қызмет атқарады. Бала өзінің дүниетанымына сүйеніп, тәжірибеде түрлі іс-әрекет жасайды.

Дүниетанымның болжамдық қызметі арқылы бала қоғамның даму заңдарын қолданып, оған ғылыми, теориялық, тәжірибелік тұрғыдан баға беріп, бүгінгі мен болашақты жасау туралы ұсыныстар айтады.

Сонымен, ғылыми дүниетанымдық тәрбиенің мақсаты – баланың жеке тұлғасының орталығында орналасатын дүниетанымды берік және оған сенетіндей етіп қалыптастыру, сол арқылы қоршаған ортамен дұрыс байланыс жасауға көмектесу.

Осы мақсатқа жету үшін педагог білім алушының ғылыми көзқарастары мен сенімдерін қалыптастырып, ғылыми емес, дәлелдері аз көзқарастарды сыни

тұрғыдан ойлауға үйрету керек. Ол үшін оқу тәрбие процесінің мүмкіндіктері пайдаланылады.

Білім алушының дүниетанымын қалыптастыру үшін оған өмірдің жақсы да, көлеңкелі тұстарын да айтқан дұрыс. Дүниетанымдық сана баланың сезіміне, ерік-жігеріне әсер етеді, сезім-сананы бекітуші, ерік-жігерді ынталандырушы. Білім алушының дүниетанымы оның сөзі мен ісінен, дүниемен қарым-қатынасынан көрінеді. Сананы, ой мәдениетін, сезімді, қарым-қатынасты бір мезгілде тәрбиелеу және дамыту дүниетанымды қалыптастырады. Баланың санасы, көзқарастары, сенімдерін ең алдымен ғылым негіздері қалыптастырады.

Табиғи – жаратылыстық бағыттағы пәндер табиғат құбылыстарының шын себептерін ашады. Білім алушылар өмірдің дамуындағы сабақтастықты, қартаю, өлу себептерін, жаңа өсімдіктер мен ағзалардың пайда болуын оқиды. Жоғары жүйке қызметінің заңдылықтарын оқып үйренудің, ғылым мен техникалық адам өміріндегі рөлін түсінудің зор маңызы бар.

Ағылшын тіліндегі мәтіндердегі ұлы адамдардың, ірі ғалымдардың өмірі мен қызметі туралы әңгімелер баланың білімі мен тәрбиесіне ықпал етеді. Қоғамдық тақырыптағы мәтіндер білім алушыны қоғамда болып жатқан түрлі оқиғаларды дұрыс талдауға үйретеді, жақсылық пен жамандықты көрсетеді, елімізде, шетелдерде болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға беруге баулиды. Өнер тақырыбындағы мәтіндер – әдебиет, бейнелеу өнері, саз, театр, кино білім алушының адамгершілік-эстетикалық сезімін тәрбиелейді.

Өнер шығармалары баланың сезімін оятады. Шығармаларды талдау, салыстыру, қорытындылау баланың дүниетанымын қалыптастырады. Өнердің түрлі салаларында білім алушылардың іс-әрекет жасауы дүниетанымның қалыптасуына орасан зор әсер етеді. Білім алушылар өнердің тілімен танысып, тәжірибеде жұмыс істеуге үйренеді, дағдыланады. Білім алушының дүниетанымының қалыптасқандығын оның ғылыми білімдерінің тереңдігінен, жүйелілігінен, диалектикалық ойлауынан байқауға болады. Сондықтан педагог білім алушыға тапсырма беріп, кері байланыс алғанда оның жеке әлеуетін анықтау мүмкіндігін жібермеуі тиіс.

Білім алушылар материалистік диалектиканың мынадай заңдары мен категорияларын игерулері қажет: дүниенің материалдығы мен танымдылығы; қозғалыс – материяның өмір сүру формасы ретінде; материяның бірінші, сананың екінші болуы; қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресі; себепті байланыс -болмыстың жалпы заңы; сандық өзгерістердің мөлшерден шығып кетуі мен олардың сапалық өзгерістерге айналуы; дамудың үздіксіздігі мен үздіктігі; себеп пен салдар диалектикасы; құбылыс - мәнділіктің көрінісі ретінде; мүмкіндік пен шындық; практика - таным негізі, ақиқат өлшемі.

Дүниетаным қалыптасуының біртұтас процесі білім берудегі сабақтастық, оқу пәндері арасындағы өзара байланыс арқылы жүзеге асады. Оқыту – педагог пен білім алушының бірлескен іс-әрекетімен сипатталады, іс-әрекеттің мақсаты – білім алушыларды дамыту, олардың бойында білім, білік, дағдыларды, яғни нақты бір іс-әрекеттің жалпы бағыттық негізін қалыптастыру.

Кез келген аналитикалық-жүйелік іс-әрекеттің нәтижесінде (түсінікте, идеалдарда, теорияларда) білім де, іс-әрекет әдіс-тәсілдері де бар. Бұл танымның әр түрлі жақтары, бірақ бұл процесте ең басты орында білім тұрады. Осының барлығы білім алушы бойында білім мен білікке қоса ойлау мен әрекет ете алуды дамытуды талап етеді. Ғылыми білім құрылымында екі деңгей бар: эмпирикалық және теориялық. Олар объективті болмысты көлемірек, тереңірек және толығырақ суреттеуі бойынша ажыратылады. Дүниетаным жекелеген білімдерден емес, заманның талабына сай білімдердің құрылымын қамтитын, әдіснамалық идеялар, теориялар мен принциптер негізінде ұйымдастырылатын жүйе. Білім алушылардың меңгерген білімдер жүйесі әрдайым қозғалыста болады, басқа жүйелермен қатынасқа түсіп, оларды пайдалану міндеттеріне сәйкес жалғасады [39].

Оқу білім алушылардың іс-әрекетінің басты нәтижесі олардың бойында теориялық сана мен ойлаудың қалыптасуы болып табылады. Оқу іс-әрекетінің психологиялық мазмұны іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін, білімдерді меңгеру болып табылады.

Білімдер сенімге айналу үшін, жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік болып тұрған көзқарастарының жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет. Білім алушылардың жағымды эмоционалдық күйі, олардың жеке тәжірибесіне, әлеуметтік-психологиялық жағдайына сүйенеді.

Оқу мен еңбек, қоғамдық іс-әрекет білім алушыларды әлеуметтік, жан-жақты ақпаратпен, саяси қарым-қатынас тәжірибесімен қаруландырады. Ол білім алушының ішкі жан-дүниесіне, жеке тұлғаның белсенді жасампаздық қажеттілігін дамытады.

Соңғы жылдардағы **ұстаздардың іс-тәжірибесі білімге ұмтылмайтын балалар санының үнемі өсіп келе жатқанын көрсетіп отыр** [40]. Ол тіпті бастауыш сыныптарда да басталды. Оны білім алушылардың көпшілігінің оқуға құлықсыздық білім алушылардың үй тапсырмасын орындау мен оқулықтарды орындауды ұмытып кетуінен, партада дұрыс отырмай, сабақта сурет салудан, терезеге қараудан, сыныптастарымен әңгімелесуден, сабақта зерігуден көрінеді. Мұндай балалар нашар бағалары үшін педагогтерді кінәлауы мүмкін, бірақ көбінесе олар нашар үлгерімге мүлде мән бермейді.

**Білім алушылар неге оқығысы келмейді?** Тіпті тәжірибесі бар педагогтер бұл сұраққа біржақты жауап бере алмай отыр.

Білім алушылардың оқуды қаламауының себептері әртүрлі, олардың саны өте көп. Солардың кейбірін талдап көрейік.

1. *Білім алушының жасы мектепке жеткіліксіз.* Ата-аналар балаларының жасына қарай көп нәрсені білетінін көрсе, мектепке дайын деп ойлап, оны мектепке ерте беруге тырысады. Бірақ егер баланың жеткілікті ақылды болса да және оны балабақшаға қосымша бір жыл апармаймын деп ойласа да, бұл оның психологиялық тұрғыдан мектепке дайын екенін білдірмейді. Өйткені бала белгілі бір ережелерге бағына алмайды. Сонымен қатар, жас балалардың сыныпта қозғалмай ұзақ отырып, педагогті тындауы қиын болады.

2. *Алдау және қорқыту.* Егер ата-ана осындай әдістерді қолданса, ата-ананың баласымен арасындағы байланыс пен сенім жойылады.

3. *Баланың мүмкіндігін ескермей, асыра талап қою.* Ата-ана баланы жалқау немесе «әдейі оқымайды» деп ойлауы мүмкін, бұл ретте нақты себептер болуы мүмкін (психикалық ерекшеліктер, ауру, шаршау).

4. *Жақсы оқу үлгерімінің орнына сыйлықтар.* Бұл әдістің көптеген кемшіліктері бар. Балада жақсы бағалар арқылы қалағанын алу әдеті тез қалыптасады. Болашақта ол сыйақы талап ете бастауы және қалағанын алғаннан кейін ғана ата-анасының, бауырлары мен достарының және т.б. өтініштерін орындауы мүмкін. Мұндай балалар жақсы оқуға емес, тек сыйлықтар алуға бағытталып өседі.

5. *Табыс арқылы шабыт (мотивация).* Көбінесе ата-аналар баланың санасына оның барлық әрекеттері табысқа және қоғамдағы жоғары мәртебеге бағытталған болуы керек деп сендіреді. Болашақта мұндай балалар жақсы эмоциялар әкелетіні немесе жақындарына көмектесуге бағытталғаны үшін емес, табыс пен ақша үшін бәрін жасайтын адамдар болып өседі.

6. *Әртүрлі әрекеттер мен қосымша үйірмелер арқылы шамадан тыс жүк арту.* Заманауи ата-аналар балаларының уақытын күнделікті пайдалы өткізу үшін мүмкіндігінше мұқият жоспарлауды ұнатады. Баланың психикасы мұндай жүктемеге төтеп бере алмауы мүмкін, сондықтан баланың сабаққа қызығушылығының толық болмауына ие болады.

**Білім алушының білім алуға деген құштарлығын қалай арттыруға болады?**

Бұл мақсатқа жету үшін педагог пен ата-ана бірлесе жұмыс жасауы тиіс. Ол үшін міндеттердің орындалуы абзал.

«Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасы Заңының жобасында

### **Педагог:**



- ✓ өз қызметі саласында тиісті кәсіби құзыреттерді меңгеруге;
- ✓ оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға;
- ✓ кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге;
- ✓ педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға;
- ✓ білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу бойынша дағдылары мен құзыреттерін арттыруға;

✓ білім алушылардың және олардың ата-аналарының ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

✓ балаларды заңға, адамның (азаматтың) құқықтары мен міндеттеріне, жоғары адамгершілікке, отансүйгіштікке, ата-анаға, үлкендерге құрмет көрсетуге, отбасы құндылықтарына, елдің мәдени-тарихи құндылықтарына, оның мемлекеттік құрылымы мен рәміздеріне, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге **міндетті** [41].

### **Білім алушы:**



✓ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;


✓ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

✓ өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

✓ өзінің адамгершілік қасиеттерінің құрметтелуіне;

✓ педагог қызметкердің қадір-қасиетін, өзі білім алатын және оның беделі туралы қам жейтін оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге **міндетті** [42].

### **Ата-ана:**



✓ баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

✓ ата-аналар Комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

✓ білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгерімі, мінез-құлқы және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

✓ өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялардан консультациялық көмек алуға;

- ✓ балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға;
- ✓ балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге;
- ✓ балалардың оқу орнына барып тұруын қамтамасыз етуге міндетті [43]. Әркім өз міндеттерін дұрыс атқарған жағдайда, аталған үштік (педагог, білім алушы, ата-ана) өз деңгейлерінде жетістікке жетері сөзсіз.

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу, сынып пен педагог, педагог мен бала, педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау, отбасы ерекшеліктерін ескере отырып қиындықтарды бірлесе шешу болып табылады.

#### *1. Ойын түрінде оқыту*

Ойын – педагогикалық әсер етудің ерекше құралы. Егер бала оқығысы келмесе немесе оның оқуына кедергі жасайтын нәрсе болса, педагог тарапынан берілген тапсырманы білім алушының орындауына қашанда ойын түрін табуға болады. Ол интеллектуалды жаттығу ойындары, жарысқа негізделген жаттықтыру ойындары болуы мүмкін. Қарсы топпен салыстыра отырып, ойнатуда білім алушылар өздерінің біліміндегі олқылықтарын өздері көреді, бұл олардың танымдық белсенділігін ынталандырады.

#### *2. Баланың хоббиіне қолдау көрсету*

Баланы өзгенің сүйікті ісімен айналысуына итермелемес бұрын оған өзінің сүйікті хоббиімен айналысуға мүмкіндік беру керек. Баланың бойындағы жасырын таланттарын ашуға немесе бұрыннан бар таланттарды дамытуға көмектесіп, оларға өздерін қызықтыратын нәрсені еркін таңдауға мүмкіндік берілуі тиіс.

#### *3. Үлкен марапаттар емес, кішігірім марапаттар*

Бала жақсы нәтижеге жету үшін оны қашанда көтермелеп отыру қажет. Бірақ оны ақшалай немесе қымбат сыйлықтар түрінде жасамау керек. Әйтпесе, бала өсе келе өз еңбегінің нәтижесін қымбатқа сатқысы келетін адам болады. Мысалы, «Әрбір дұрыс тапсырмаға – 1 кәмпит» ережесі «Күнделіктегі әрбір беске – тортқа» қарағанда әлдеқайда жақсы жұмыс істейді. Кәмпит - бұл қиын үй тапсырмаларының сенімділік жағдайында орындалатынына кепілдік, бұл өз алдына мотивация.

#### *4. Баланың бағасына емес, мектепте не үйренгеніне қызығушылық таныту*

Балаға білгендерін өмірде қалай қолдану керектігін көрсете отырып, әңгімеледі бірге талқылау. Баланың мүмкіндігіне қарай оны жиі ойлануға және тақырыпты бірге талқылауға шақыру. Ата-аналар кез келген баға субъективті нәрсе, бұл баланың білімінің көрсеткіші емес, тек педагогдердің берген бағасы екенін есте сақтау абзал.

Баланың үздік білім алушы болуы міндетті емес, оның нашар баға алуға құқығы бар. Егер оның өзі «екіліктің» кесірінен ренжісе, оны керісінше қолдап,



ешқашан ұрыспау керек. Өйткені, ең алдымен, ата-ана оның досы және серіктесі болуы керек.

##### **5. Стрессі (қысымдық) азайтыңыз**

Балаға ата-анасы өзінің мектепте қиындықтарды, қиын тақырыптарды қалай жеңгенін жеңгеніңізді айтуы керек. Осындай жолды жүріп өткен соң, қазір қандай жетістіктерге жеткенін көрсету керек. Өзінің сәтсіздіктері мен қорқыныштары туралы бірге сөйлесуі тиіс.

Бала әрқашан өзіне педагог, ата-ана тарапы құлақ асқанын білуі керек. Күйзеліс өмірдің ажырамас бөлігі екенін түсіндіріп, болашақта баланың өзі оны жеңе алатындай онымен күресуді үйрету керек.

Оқуға деген мотивация бір күнде қалыптаспайды, кейде ол көп уақыт пен күшті қажет етуі мүмкін. Егер ата-ана баласын тәрбиелеуде бір нәрсені жіберіп алса, қарым-қатынасты сенім мен түсіністік негізінде құруға ешқашан кеш емес.

Әрбір педагог білім алушысының, ал ата-ана өз балаларының әлеуеті қай жерде екенін табуы керек. Оның талантын әр қырынан ашуға тырысып, оған өзін көрсетуге мүмкіндік берілуі тиіс. Балалардың кез келген іс-әрекет түріне бейімділігін іздеп, өмір бойы жаңа нәрселерді үйренетінін өмірде көптеген қызықты нәрселер бар екенін өз тәжірибесімен көрсету маңызды.

Е.Н.Волкованың зерттеулеріне сәйкес, ауыр физикалық, эмоционалдық және басқа да зорлық-зомбылық түрлері қолданылатын отбасыда тұратын балалардың көпшілігінде физикалық және психикалық дамудың кешігу белгілері болады екен. Олардың есте сақтау қабілеті нашарлап, қиындайтын көрінеді. Балалардың зейіні шашыраңқы болады, сөйлеуі нашарлайды, кекештік пайда болады. Ондай отбасының балалары мектепте нашар оқып, мектепке бейімделу процесі қиын болады екен [44].

Білім алушыларының әлеуеті – рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде өзін-өзі дамыту және әртүрлі іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігін, қабілетін және мүмкіндігін қамтамасыз ететін оның жаңартылатын ресурстарының жиынтығын көрсететін білім алушының қасиеті.

Білім алушының қабілетін дамыту үшін:

- біріншіден, бұл байқампаздық, сөйлеу және жалпы белсенділік, көпшілдік, фактілерді талдау және түсіну әдеті, жақсы жаттыққан есте сақтау, ерік-жігер, қиялды дамыту;

- екіншіден, білім алушының даралығын танытуға мүмкіндік беретін жағдаяттарды жүйелі түрде құру;

- үшіншіден, бұл танымдық процесте зерттеу әрекетін ұйымдастыру.

Әрбір бала азды-көпті шығармашылыққа қабілетті, ол тұлғаны қалыптастырудың тұрақты және табиғи серігі. Сайып келгенде, шығармашылық қабілетін балада ересектер: педагогтер мен ата-аналар дамытады және бұл өте жауапты. Шығармашылық қабілеті бар баланы оның даралық ерекшеліктерін өте терең білу негізінде, осы қасиеттердің өзіндік ерекшелігіне ұқыпты және әдептілікпен қарау негізінде ғана тәрбиелеуге болады. Педагог өзі шығармашылыққа, тынымсыз ізденіске, жасампаздыққа жат болмаса ғана қалаған нәтижеге жете алады. Шығармашылық педагог дегеніміз:

- ынтамен оқытады, өз жұмысын шығармашылықпен жоспарлайды, тақырыптық және сабақты жоспарлауды ұтымды етуге ұмтылады;

- заманауи педагогикалық идеяларға, тұжырымдамаларға және оқыту технологияларына жүгінеді;

- білім алушы тұлғасын құрметтейді;

- тапсырмалардың көлемі мен күрделілігін ажыратады;

- қарапайым тапсырманың өзінде де жаңа мәселені көре алады, білім алушыларға шығармашылық тапсырма құрастыра алады, осы мәселені шешу барысын талдау үшін оларды өз бетінше іздену және зерттеу іс-әрекетіне белсенді түрде қоса алады;

- білім алушыларды танымдық сұрақтар қоюға итермелейді, сыныптағы барлық білім алушыларды назарда тең ұстауды біледі;

- баланы оның жақын даму аймағына бейімдей отырып дамытады, дамытушы бағдарды білім алушыға бағыттайды;

- баланың өзін-өзі позитивті тұлғасын қалыптастыруға, өзін-өзі тануға және өзін-өзі шығармашылықпен көрсетуге көмектеседі;

Балалардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін ашу үшін педагог кешегі күннің емес, болашағының дамуын басты назарда ұстауы керек деп есептей отырып, оқытудың заманауи технологияларын пайдалануға тырысады. Өртүрлі формаларды қолдана алады: жеке, жұптық және топтық жұмыс, сонымен қатар әртүрлі оқыту әдістері: ауызша, көрнекілік, ішінара ізденушілік, зерттеушілік, жобалық іс-әрекет элементтері, эвристикалық әңгімелер және т.б. [45].

Қорытындылай келе, ағылшын тілін оқыту процесінде проблемаларды шешу тәсілін қолдану тұрғысынан білім алушылардың өзіндік жұмысын жақсарту білім алушылардың тілдік дағдыларын, сыни ойлауын дамыту; оларды өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тану үшін ең жақсы мүмкіндіктер туғызатынын қорытындылаймыз.

#### **IV. «АҒЫЛШЫН ТІЛІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ АРҚЫЛЫ ӘДІСТЕРІ**

Ағылшын тілін оқыту бүкіл әлемдік көп деңгейлі тілге және мәдениетке деген қызығушылықты туғызу үшін тамаша мүмкіндіктер жасайды, коммуникативтік тіл ерекшелігін дамытуға ықпал етеді, баланың ойлауына, танымына және есте сақтауына жайлы әсерін тигізеді. Сонымен қатар «Ағылшын тілі» пәнінің басты міндеті – білім алушылардың тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру, пәнді оқыту арқылы дүниетанымын қалыптастыру және әлеуетін арттыру. «Ағылшын тілі» пәні мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетілдіруге, қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістерді қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. Мысалы, ағылшын тілінде тілдік дағдыларды (тыңдалдым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту, грамматикалық, лексикалық білімдерді игеру, білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру және әлеуетін дамытуға байланысты әдіс-тәсілдер қолданылады. Бұл шарттар арқылы қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси, шаруашылық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді.

Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру мен әлеуетін арттыруда «Биология», «Физика», «Химия», «География» және т.б. оқу бағдарламалары маңызды рөл атқарады. Алайда «Ағылшын тілі» сабақтарында білім алушылар басқа оқу пәндерінен алған көптеген білімдері мен идеяларын тереңдетеді және кеңейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Ағылшын тілі» сабағында пәнаралық байланыстарды «шоғырландыру», оларды одан әрі кеңінен қолдану маңызды, себебі білім алушылардың дүниетанымы мен әлеуеті арта түседі.

Ағылшын тілін оқыту әдістерінің ең алғашқы қолданылған әдісі - «Grammar-translational method» (грамматикалық-аударма әдісі) болды. Бұл әдістің негізі XVIII ғасырдың аяғында қаланып, XX ғасырдың ортасында іс жүзінде қолданыста болды. Ағылшын тілін меңгеруде, өз ойын жетік жеткізуде грамматика мен сөздікті меңгеру қажет болады. Сол үшін осы әдіс түрі қолданылды. Бұл әдісте қандай да бір грамматикалық құрылым меңгеріліп, кейін сол тақырыптарға орай сөйлем мәтіндері әртүрлі интернет, газет, журнал ресурстарынан жинақталады. Одан кейін сол сөйлемнің аудармасы қамтылады. Қандай да бір әдіс түрі сияқты бұл әдістің де өзіне тән ерекшеліктері болды. Біріншіден, бұл әдіс грамматиканы жетік меңгеруге жол береді. Екіншіден, логикалық ойлау деңгейі жоғары білім алушыларға ыңғайлы болады. Үшіншіден, түрлі мәтіндерді оқып, аудару, грамматиканы қолданып түсіндіру барысында білім алушылардың дүниетанымы кеңейеді. Төртіншіден, балалардың әр түрлі дарындылық, таланттық т.б. әлеуеттері дамиды деп күтілуде. Бұл тәсіл 50 жылдардың аяғына дейін үстемдік етіп келді.

Келесі қарастыратын әдісіміз «Total-physical response» (физикалық сезіну әдісі) деп аталады. Бұл әдіс оқыту барысында іс-қимылдар арқылы жүргізіледі.

Білім алушы алғашқыда білім алады, ағылшын сөздерін үнемі тыңдайды. Ал кейін оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінеді. Білім алушы физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік алады. Мәселен «отыр» деген сөзді түсініп олар отырады. Бұл әдістің мақсаты – білім алушылардың ағылшын тіліндегі ақпаратты есту арқылы түсіну, алған ақпаратын әрекетте қолдану.

Одан кейін 70 жылдары пайда болған әдістің бірі - «Коммуникативтік әдіс» (қарым-қатынас әдісі). Оның ең басты мақсаты - әңгімелесушілердің сөздері түсінікті болуы үшін адам баласын бір-бірімен тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс түрі ағылшын тілін игеруге әлеуеті бар балаларды тілге құштарлығын оятуда ең жеңіл және қолайлы әдістің түрі болып табылады. Себебі коммуникативтік әдіс қазіргі таңда да жұмыс барысында жиі қолданылады. Осы әдіс ағылшын тілін үйретудегі бірқатар үлгілі тәсілдердің үйлесімді көрінісі.

Ағылшын тілін үйретудегі келесісі - «Audio-Lingual method» (аудиолингвистикалық әдіс) әдісі. Аудиолингвистикалық әдіс 70 жылдардың аяғына қарай қолданысқа енді. Бұл әдісте білім алушы магнитофоннан немесе педагогтің айтқан сөздерін, сөйлемдерін немесе мәтінін тыңдап, кейін бірнеше рет қайталайды. Білім алушы осы іс-әрекетте сөздердің, сөйлемдердің немесе тіркестің дұрыс айтылу жолдарымен және оны аз уақыт көлемінде жаттап алу, оны қарым-қатынас әдісінде қолдану шарттары бейімделе бастайды. Әрине осы әдісте де педагог сөйлемдерге немесе мәтіндерге білім алушылардың дүниетанымын кеңейтетін мәтіндер таңдаған жөн.

Ағылшын тілін үйретудің келесі әдісі - «Surrender to the imagination» (қиялға берілу) деп аталады. Бұл әдіс түрі 70 жылдары қолданысқа енді. Бұл әдіс түрі басқа әдіс-тәсілдерге қарағанда күрделірек болып келді. Себебі осы әдісті қолдана отырып білім алушы қиялға беріледі. Бұл әдістің мән-мағынасы мынадай: білім алушы ағылшын тілін үйрену кезеңінде өзін мүлдем басқа адам болып сезінеді. Ол өзіне жаңа есім таңдап, жаңа өмірбаян ойлап табады. Сөйтіп, білім алушы өзін мүлдем бөгде әлемде – ағылшын әлемінде отырғандай күй кешеді. Бұл әрине білім алушылар үшін қызықты және жұмбақ болып келеді. Осы әдісте қолданылған барлық тәсілдер білім алушылардың оқып-үйрену процесінде оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, бұл әдіс білім алушылардың қиялын, сыни ойлай алу, өзге елдің әдет-ғұрпын тану, т.б. әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Шетел тілін меңгеруде сөздік қордың бай болуы да аса маңызды болып келеді. Ағылшын тілі сабағында сөздік қорды дамыту жолдары мынадай әдіс-тәсілдерден тұрады: сөйлеу, әңгімелесу, сұрақ-жауап, аударма, түсінік, кітап-мәтінімен жұмыс әдіс-тәсілдері. Білім алушылардың сөздік қоры баю үшін педагог сабақ барысында кестелер, бейне таспалар, түрлі суреттер, көрнекі құралдарды қолдануы керек

Мысалы, топтық интерактивтік әдісі – іс-әрекет жұмысын құруда білім алушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістің мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Білім алушылар

тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүшелерін де ойлауға үйренеді. Бұл әдісте әр білім алушы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге талпынады. Білім алушылар бірігіп жұмыс істеуге үйренеді. Бұл әдісте білім алушы сабақ барысында білім алушыларға кеңесші, серіктес рөлін атқарады.

Ағылшын тілі сабақ барысында компьютермен жұмыс білім алушының өз бетінше әрекетін ұйымдастыруға жәрдем береді. Ол үшін ғалымдардың ұсынысы бойынша мынадай жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер қолдану дұрыс:

1. Сұрақ-жауап диалогы;
2. Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма;
3. Еркін құралған сөйлемдерді стильдік түзету;
4. Толықтыруды керек ететін жаттығулар;
5. Сөздікті меңгеруде өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.

Компьютерлік бағдарламалар уақыт өте келе жетіліп, қарқынды даму үстінде. Сөйтіп біз бүгінде әлемдік интернет жүйесі арқылы ақпарат алып қана қоймай, білім алудың жаңа түрі қашықтықтан оқыту әдісі пайда болды. Бұл оқыту әдісінде мультимедиялық технологияның көмегімен бейне, мәтін, графика арқылы оқу курсының материалдары жасалады. Оқу материалы ретінде білім алушыға дәстүрлі оқулықтар мен оқу құралдары және интерактивті тақта, бейне және мультимедиялық материалдар ұсынылады.

«Ағылшын тілін» үйрету барысында ескертетін жайттар:

1. Ағылшын тілін оқытуды жүйелі түрде жүргізу;
2. Үйрету күнделікті өмірде жиі қолданылатын контекстерден басталады;
3. Тапсырманы білім алушының қабілетіне қарай беру;
4. Оқу материалдарын шындыққа сай етіп алу;
5. Үйрену – қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы арқылы жүзеге

асады.

Педагог өз сабақтарында әдіс-тәсілдерді таңдауда балалардың жеке ерекшеліктерін ескерген жөн. Балалардың әлеуеттерін анықтауға бағытталған Гарднер көп қырлы зият теориясына жүгінуіне болады. Ол ақыл-ойдың дәстүрлі тұжырымдамасы тым тар және шектеулі екеніне сенген. Осы теорияға сәйкес, адамдарды оқытудың әр түрлі әдістері бар. Гарднер бір адамға бірыңғай жалпы интеллектке бағдарланған дәстүрлі теориялардан өзгеше, адамдардың ойлау мен оқудың бірнеше түрлі жолдары бар деп санайды. Содан бері ол сегіз түрлі ақыл-ойларды анықтап, сипаттады:

- Көрнекі-эстетикалық - білім алушылар физикалық кеңістік туралы ойлайды және ақпаратты елестеткенді немесе «қиялдауды» ұнатады;
- Денелік-кинестетикалық - білім алушылар өздерінің физикалық денелерін жақсы біледі және шығармашылық қозғалыстар мен қолдарымен заттар жасауды ұнатады;
- Музыкалық - білім алушылар дыбыстың барлық түріне сезімтал және көбінесе музыка арқылы оқуға қол жеткізеді;
- Кіріспе - білім алушылар интроспективті және рефлексивті. Олар тәуелсіз оқу және өзіндік тәжірибе арқылы үйренеді;

- Тұлға аралық – білім алушылар басқалармен әлеуметтік қарым-қатынас жасау арқылы үйренеді және топтық динамиканы, ынтымақтастық пен кездесулерді ұнатады;
- Тілдік – білім алушылар ауызша сөйлеу арқылы оқуды ұнатады, тілді үйренуге бейім;
- Логикалық-математикалық – білім алушылар әлем туралы тұжырымдамалық, логикалық және математикалық ойлайды және заңдылықтар мен қатынастарды зерттеуді ұнатады;
- Натуралистік – білім алушылар табиғи әлемге деген сезімталдықты сезінеді және қоршаған ортада кездесетін өрнектерге сүйене отырып өсімдіктер мен жануарлар әлемімен оңай байланыса алады.

Гарднер теориясы оқыту мен оқуда үлкен шығармашылыққа әкеледі және балалардың сан қырлы қабілеттерін ашып, әлеуеттерін дамытуға ықпал етеді. Ағылшын тілі сабағынан мысалдар келтірсек, лингвистикалық интеллект - сөздер мен тілді қолдану қабілеті, білім алушы бойында осы қабілетті байқаған педагог, сабақ жоспарын құруда міндетті түрде ескеріп, сол баланың осы қабілетін ары қарай дамыту мақсатында тапсырмалар жиынтығын ұсынады. Кеңістіктік интеллект, яғни, үш өлшемді ойлау, бұл зияткерлік қыры көрініс тапқан білім алушыға сабақ үстінде мәтінде сипатталған көріністі, құрылысты немесе басқаны параққа бейнелеу, таныстырылымға түсіру деген тапсырмалар беруге болады. Дене-кинестетикалық интеллект, объектілерді басқару және физикалық шеберлік. Осындай қабілеті бар білім алушыны да ағылшын тілі сабағында тапсырмамен қамтамасыз етуге болады. Яғни бұндай балаға қозғалмалы әрекеттер көбірек қолданғанымыз жөн.

Көп қырлы зияткерлік теориясының пайдасы: білім алушыларды мүмкіндіктерін ескеру, қабілеттерін дамыту және қалыптастыру. Осы теория білім алушылар мен педагогтерге олардың қабілеттерін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Бұл балаларға сенімділікті арттыруға ықпал етеді, өйткені ол өздерінің әлсіз жақтарын шешу үшін өздерінің күшті жақтарын қалай пайдалана алатынын көрсетеді, сол күшті жақтарын дамыту жолдарын іздестіреді, шығармашылығын дамытады. Әр адамның шығармашылық қабілеті бар және қазіргі білім беру міндеті - бүкіл мектеп кезеңінде әр баланың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және дамытуды қамтамасыз етілетін ресурстар мен мүмкіндіктерді табу. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуге, білім алушылардың қабілеттерін ашуға, олардың дербестігі мен бастамашылығын, практикалық қолданудың кең спектрі бойынша дамытуға жобалық қызмет ықпал етеді. «Ағылшын тілі» пәні білім алушыларға шығармашылық әлеуетін барынша ашуға бастапқы мүмкіндіктер береді, баланың жеке дамуын сапалы жаңа деңгейге көтереді.

Білім алушыларды зерттеушілік қызметіне тарту бүгінгі күннің талабы болып табылады. Зерттеушілік қызмет шеңберінде жобамен жұмыс істей отырып, білім алушылар өмірдің әртүрлі салаларындағы мәселелерді өз бетінше шешуге қабілетті, өзін-өзі дамытатын, дарынды, белсенді тұлғаны қалыптастыру

үшін негіз болатын білім деңгейіне жетеді, негізгі зияткерлік және практикалық дағдыларды, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгереді.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін мәселені көре білу қажет. Күрделі сауалдарды, міндеттерді, зерттеу кезінде кездескен қиыншылықтардың өз шешімін табуын «мәселе» деп алуға болады. «Ағылшын тілі» сабақтарында жобалар тақырыбы әртүрлі болады, ол мәселенің өзіндік түр-сипатын бейнелейді. Мысалы, «Ауыл» тақырыбындағы жоба бойынша төмендегі мәліметтерді жинақтауға болады:

- а) Ауыл туралы тарихи мәліметтер;
- ә) Ауылда тұратын мамандық иелері;
- б) Ауылдың атақты адамдары;
- в) Ауылдың көрікті жерлері;
- г) Болашақтағы ауыл келбеті және т.б.

Жоба келесі бағыттарда жұмыс істейтін эксперт тобы құрастырылуы мүмкін:

1. Тарихшылар тобы (ауылдың бұрынғы тұрғындарының естеліктері);
2. Социологиялық топ (социологиялық сұрау жүргізу, сауалнама нәтижелерін талдау);
3. Экологиялық топ (ауылдың экологиялық деңгейін зерттеу);
4. Компьютерлік графика тобы (ауылды көріктендіру үлгісін жасау);
5. Экономистер тобы (көріктендіруге альтернативті қаражат көздерін іздестіру).

Берілетін тапсырмалар:

1. Ауылдың экологиясы бойынша мәліметтер жинақтау;
2. Табиғатты қорғау тақырыбына материалдар жинау;
3. Менің табиғатты қорғауға қосқан үлесім тақырыбына баяндама жасау.

Аталған жұмыстардың психологиялық-педагогикалық және әдістемелік негіздеріне сүйене отырып мынадай қорытындылар жасауға болады:

- ағылшын тілін оқытуда өздік жұмыс ретінде жоба әдісі білім алушының ізденуші, зерттеуші әрекеттерін қамтып, оқудың сапасын көтереді;

- ағылшын тілін оқытуда баланың жобаға қатысушы ретінде әрекет етуі шынайы өмір жағдайларында іске асады;

- оқытуды ұйымдастыруда білім алушының интеллектуалды, шығармашылық, коммуникативтік қабілеттерін дамытады, дүниетанымы кеңейеді;

- топ арасында көшбасшы болуға жетелейді, топпен жұмыс жасауда жауапкершілігін арттырады;

- топпен бірлестік, шығармашылық жұмысы артады;

- жұмыс барысында жоспарлауға дағдыландырады, баланың шыдамдылық қасиетін қалыптастырады, бірлескен жұмыстар жігер береді;

- оқу сапасын көтерумен қатар нақты іс-әрекет етуге үйретеді, сөздік қоры молайып, ағылшын тілінде сөйлеуде тілдік мәдениетке үйренеді;

- өз бетімен жұмыс жасауда қабілеттері ашылады, түрлі сөз үлгілерін қолдана отырып, сөйлемдерді, айтатын ойын жеткізуге үйренеді.

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытып, шығармашыл, белсенді тұлғаның қасиеттерін көрсетуге және дамытуға жағдай жасайтын сыныптан тыс жобалау қызметі де үлкен мүмкіндіктерге ие. Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың тиімді педагогикалық құралдары ретінде көрмелер, байқаулар, конференцияларды ұйымдастыруға болады. Бұл жұмыстарды білім алушылармен жеке, топпен және ұжыммен жобалық іс-әрекеттерін жоспарлауға болады.

Жалпы, жобалау қызметі білім алушылардың «ағылшын тілі» пәні аясында зерттеушілік қызметін дамытуға, сондай-ақ алған пәндік білімдерін өз өмірінде қолдану дағдыларын дамытуға, зияткерлік әлеуетін арттыруға, ақпарат көздермен жұмыстар арқылы дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін әмбебап әдісі деп айтуға болады. Оқу процесінде де, сабақтан тыс уақытта да жобалық іс-әрекет баланың шығармашылық әлеуетін, оның танымдық және жеке дамуының субъектісі болу қабілетін көрсетуге және дамытуға жағдай жасауға бағытталған және педагогтерге шығармашыл білім алушыларды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

«Ағылшын тілін» оқытудағы тағы бір әмбебап әдіс – ойын. Ойын әдісі сабақтың барлық кезеңдерінде қолданылады, және оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі үрдісі ретінде дербес дидактикалық категория болып табылады. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Ойын сабақтың барысында – өткен сабақты еске түсіреді. Сабақтың ортасында - көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Сабақтың соңында – тақырып бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Ойын – білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері білім алушылардың ойлау белсенділігін талап етеді. Сондықтан педагог әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Педагог сабағын баланың қабілетіне, мүмкіндігіне, қажеттілігіне, психологиялық ерекшелігіне сай жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, білім алушыларды жалықтырмайды. Осы әдістер мен әдістемелердің қолдануы негізінде білім алушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығының артқанын көре аламыз.

Қазіргі таңда ағылшын тілді елдердің экономикасының дүниежүзінде ықпалы артуда. Екіншіден, ағылшын тілі - әдебиет пен саясаттың, өнердің, саудасаттық пен әр түрлі ресми қарым-қатынас тілі. Бірақ, ағылшын тілі мамандарының алдында проблемалар да бар. Олар: біріншіден, ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды енгізуге байланысты материалдық-техникалық базаның талапқа сай келмеуі. Екіншіден, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруда базалық ортаның аз қамтылуы. Осы проблемаларды шешудің бірден-бір жолы әдістерді жетілдіру. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтыруды, дамытылуы тиіс. Ендеше білім алушылардың дүниетанымын



кеңейтуде танымдық белсенділігін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор болып келеді.

«Ағылшын тілі» пәні білім алушылардың қоршаған әлемге, мәдени құндылықтар жүйесіне бағдарлануына мүмкіндік беретін маңызды ақпарат көзі. Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың, әлеуеттерін дамытудың маңызды алғышарттары: педагог сабақтарда фундаменталды теорияларды зерттеу, білім алушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістерді қолдану, сабағына заманауи технологияларды енгізу, ресурстарды ұтымды таңдау.

«Ағылшын тілі» жалпы білім беретін оқу пәні ретінде білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту процесіне өз үлесін қоса алады және қосуы керек. Осы пәнде білім алушылар өз бойында бар шығармашылық, зияткерлік, сыни ойлау т.б. әлеуеттерін дамытып, оларды өз тәжірибелерінде қолдану жолдарын үйренуге, дүниетанымдарын кеңейтуге мүмкіндіктері бар.

«Білім алушылардың әлеуетіне сенімді болсаңыз, сіз олардың ақыл-ойының шегіне жетуге көмектесесіз», - деп түйіндейді Колумбия университетінің профессоры Доктор Джексон [46]

Ол білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру және әлеуетін дамытуға арналған негізгі алты негізгі жолды көрсетеді:

### **1. Білім алушылардың күшті жақтарын анықтау және белсенді ету**

Бұл жерде педагог білім алушыға «Мен мұны істей аламын» деген сенімге ие болуына көмектесуі керек. Білім алушының өз қабілеттеріне сенімді болуына көмектеседі және өсу ой-пікірін қалыптастыра отырып, күшті жақтарын ашуға мүмкіндік береді.

### **2. Жоғары интеллектуалдық өнімділікке назар аудару**

Жоғары интеллектуалды көрсеткіштерге тек дарынды және талантты білім алушылар ғана емес, басқа да барлық білім алушының да жету мақсаты болуы керек. Педагог сабақты білім алушылардың барлығының қабілеттілігі жоғары екенін біле отырып оқытуы тиіс.

### **3. Бар дағдылар мен білімге сүйену**

Білім алушылардың оқуда қандай жетістіктерге жетуі керек екенін педагог үнемі бақылауда ұстауы тиіс. Нақтырақ, олар бастапқы білімнің қандай түріне ие болуы керек және келесі деңгейде табысқа жету үшін қандай қосымша дағдыларды қалыптастыру керек?

### **4. Оқуды білім алушылардың өміріне енгізу**

Білім алушылар педагог оқытып жатқан материал мен әлемде болып жатқан тіршілік арасындағы байланысты көріп жатыр ма? Сонымен қатар, әлемде айналадағы болып жатқан мәселелер мен оқиғаларға назар аударып, сол үрдістерді оқу тәжірибесіне енгізуі тиіс.

### **5. Тәрбиенің әсерін мойындау**

Тәрбие оқу процесіне әсер етеді және білім алушылар үшін негізгі құрылыс материалы болып табылады. Егер мектеп тәртібі білім алушылардың тәрбиесіне әсер етпесе, педагог әр түрлі дисфункцияға тап болады.

### **6. Әрбір оқу тәжірибесінде білім алушылардың өсу деңгейін бағалау**

Педагогтер білім алушылардың әрбір оқу тәжірибесіндегі өсу деңгейін бағалауға мүмкіндік жасауы тиіс. Білім алушыларға олардың үлгерімі мен өсу бағыттары туралы кері байланыс беріп, білім алушылардың оқуда ілгерілей алатынына сенім қалыптастыруға көмектесуі қажет.

Педагог сабақта кез келген әдіс-тәсілді қолдану барысында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМББС) негізінде пән бойынша оқу бағдарламасына сүйенуі керек. Енді ағымдағы білім беру стандартына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұныны бойынша сабақты ұйымдастыруға шолу жасап өтейік.

Орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің бәріне белгілі, жаңартылған білім беру бағдарламасы маңызды **үш құжаттан** тұрады. Олар:

- Бағдарлама;
- Ұзақ мерзімді жоспар;
- Орта және қысқа мерзімді жоспар.

Педагогтердің осы уақытқа дейін жасап келе жатқан «Күнтізбелік — тақырыптық» жоспары – ұзақ мерзімді жоспар негізгі оқу мазмұнын қамтиды. Онда мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМББС) негізінде пән бойынша оқу бағдарламасы құрылады. Ал оқу бағдарламасының мазмұны:

- Жалпы ережелер;
- Пәннің мазмұнын ұйымдастыру;
- Оқу мақсаттарының жүйесі;
- Қосымша ұзақ мерзімді жоспар.

Ұзақ мерзімді жоспар білім беру деңгейі бойынша барлық сыныптардағы пән тарауларын белгілеп, олардың жалпы ережелерін анықтайды. Ұзақ мерзімді жоспар – бұл оқу бағдарламасының жалғасы, онда пәннің негізгі мазмұны нақтыланады. Орта мерзімді жоспар – ол белгілі тақырыпқа сай тізбектелген сабақтар жоспары, яғни, сол тақырыпқа тән бөлінген сағаттардың жұмыс сызбасы. Бұл жоспарды педагог жеке сынып үшін пайдаланады. Орта мерзімді жоспардың тиімділігі қажетті әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны күнделікті қысқа мерзімді жоспар жасауда қолдануға болады. Ұзақ мерзімді жоспардағы кодтың оқылуы мысалы: 5-сынып бойынша «Ағылшын тілі» пәнінде «5», 3-бөлім, 1-тақырып мазмұны, 1-оқу мақсаты. 5.3.1.1. сандарының мазмұны оқылады.

Оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеуді қамтамасыз ету – қысқа мерзімді жоспарда жоспарланады. Ол жерде мақсат қоя білу, міндеттерді белгілеу, күтілетін нәтиже, модульдерді қолдану, сабақтың барысы, педагогтің іс-әрекеті, білім алушының іс-әрекеті, бағалау және рефлексия бөлімдері бойынша педагогтің жұмысын бағалау ұсынылады. Сабақтың басты міндеті - оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. «Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады. Бұл туралы әр пәннің оқу бағдарламаларында былайша жазылған: «Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану әзірлігін

қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады». Осы берілген ақпарат бойынша педагогтер оқу мақсаттарынан ауытқымай жүрулері тиіс.

Сабақ мақсаты – білім алушылардың сабақ нәтижесінде (45 минуттан кейін) үйренетін дағдылары, білік пен білімі, білім алушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі. Сабақ мақсаты білім алушының сабақта (45 минут барысында) не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау нәтижесінде (сабақ соңында) не үйренетіндігіне болжау жасайды. Білім алушылардың әрекеттері **Блум таксономиясының** (*Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан*) деңгейлері бойынша белгіленеді.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. Оның құрылымы: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалаудан тұрады (4.1 сурет).

#### 4.1. сурет. Блум таксономиясы



Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалады. Мұнда педагог ұзақ мерзімді жоспарда (ҰМЖ) оқу мақсатын қанша сағатқа жоспарланғанына сәйкес негізгі сұрақтарды (оқу мақсатын толығымен немесе бір бөлігін) таңдайды. Әр сабақта 2-3 оқу мақсатын таңдаған дұрыс (алайда барлығы да мұнда КТЖ-ға байланысты: күнтізбелік-тақырыптық жоспарда қанша мақсат көрсетілсе, бір сабақта да сонша мақсат болады). Оқу мақсаттары алдымен сабақ мақсаттарына айналдырылады. Мұнда негізінен оқу мақсаттары өзгерілмейді, оларды тек ықшамдауға немесе түсіндіруге болады. «Білім алушылардың басым бөлігі» мен «кейбір білім алушылардың» сабақта қандай нәтижеге жететіндігін

көрсету-көрсетпеуді әрбір мектеп өздігімен шешуі тиіс. Ол үшін мектепте ҚМЖ құрастыру мәселесі жан-жақты талқыланып, содан кейін «ҚМЖ құрастыру ережесі» қабылданып, ереже педагогикалық кеңесте бекітіліп, мектеп ұжымының біркелкі жұмыс жасауына ыңғайлы.

Сонымен қатар, жоспар құрып отырғанда педагог мына сұрақтарға **жауап беруі керек:**

- ✓ Білім алушылар нені білу керек?
- ✓ Қандай түйінді идеяларды түсінуі керек?
- ✓ Қандай мәселелерді зерттеп, талдаулары керек?

Ал, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрудың **негізгі міндеттері:**

- ✓ сабақтың тақырыбын анықтау;
- ✓ әр тақырыпты меңгертудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
- ✓ білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
- ✓ уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру;
- ✓ жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру;
- ✓ сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау;
- ✓ білім алушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;
- ✓ тақырыпты пысықтау үшін үй тапсырмасын әзірлеу.

Егер педагог сабақтың жоспарын осы сұрақтарға жауап беретіндей етіп және сабақ құрудың жоғарыдағы міндеттерін ескере отырып жоспарласа, ол сөзсіз нәтижеге жетеді.

**Нәтиже:**

- ✓ білім алушыға бағытталуы керек;
- ✓ белгілі бір бағытты сипаттайтын етістіктер арқылы құрылуы керек;
- ✓ білім алушының жас ерекшелігі мен оқу үлгеріміне сай болуы қажет.

«Ағылшын тілі» пәні бойынша сабақ барысында қолданылатын педагогикалық **әдіс –тәсілдер:**

- ✓ білім алушының қатесін табу үшін емес, қайта қателерін түзету үшін оқыту;
- ✓ білім алушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру;
- ✓ білім алушыларға дебат тақырыбын таңдауға, зерттеуге және «жақтаушы, даттаушы» топтарын құруға мүмкіндік беру;
- ✓ дәлелдер мен айғақтарды қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ өз ойын жеткізуге, таңдауға және келісімге келуге, өнім жасауға мүмкіндік беру;
- ✓ тапсырмалар (белсенді іс-әрекеттер) арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, білім алушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудағы оқу үдерісінде педагог емес білім алушы неғұрлым белсенді болады. Ал педагог оқу материалын дайын күйінде бермейді, ашық сұрақ қою, назарын шоғырландырып оқу, шолу жасау,

тәжірибе және зерттеу жасауға бағыттап отырса, сабақ жемісті болады. Осындай жемісті сабақтың әр кезеңде белгілі бір оқыту мақсатын қоя отырып, педагог білім алушыларға мақсатқа жетуге, мәселені анықтауға, жауаптарды іздеуге, мәселені талқылауға, қорытынды жасай отырып, өз ойын білдіруге үйрете отырып, ашық қоғамның бәсекеге қабілетті азаматы етіп тәрбиелейді.

#### Әр түрлі оқытудағы әдістердің мүмкіндіктері:

Педагог қандай әдіс – тәсілді қолданып сабақты өткізсе де әрбір сабақтың соңында сабаққа талдау жасап, жақсы жақтары мен жетіспеген тұстарын анықтап отырудың маңызы зор. Педагог әр сабақтан кейін мынадай сұрақтарға жауап беруі тиіс:

- ✓ Сабақ мақсаты орындалды ма?
- ✓ Бүгін білім алушылар нені үйренді?
- ✓ Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?
- ✓ Тапсырмалар, жаттығулар сабақтың мақсатына сәйкес болды ма?
- ✓ Уақытты қалай пайдаландым?
- ✓ Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неге?

Егер педагог осы сұрақтарға жауап берсе, ол алдағы сабақтарда нені ескеруі керек, қандай мәселелерге ерекше көңіл бөлуі керек, т.с.с. екенін біледі, осы жағдайда әр педагогтің сабақтарында жоғары нәтижелерге қол жеткізетіні сөзсіз. **Педагогтің міндеттері:**

✓ Білім алушылардың жаңа мағлұмат бойынша алған білімдерін айқындап, оны бағалап, ол жөнінде өзара пікір алмасу мен талқылау жұмысын ұйымдастырады.

#### Білім алушылардың міндеттері:

✓ осы сабақта білгендері мен үйренгенін дәлелдейді, үйренгендерін тұжырымдайды;

✓ олардың қолданысы туралы ойланады, ой бөліседі;

✓ өзінің жаңа біліміне баға береді;

✓ сабақта не нәрсеге үйренгендігі және қалай жұмыс жасағандығы туралы есеп береді,

✓ жаңа білімді нақты бір проблема шешуде қалай қолданатындығын айтады;

✓ «Не білдім/үйрендім? Менің қандай жетістіктерім болды? Нені сәтті жасай алдым? Оның себебі қандай? Қандай кедергілер болды? Нені сәтті жасай алмадым? Оның себебі қандай? Бұл білім маған не үшін керек? Бұл білімнің қолданысы қандай? Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/ жалғастырамын? Тағы да не білгім келеді?» деген секілді сұрақтарға жауап беруге ізденеді.

Тапсырманы орындау барысында педагог **қалыптастырушы бағалау** жасайды: сыныпты аралайды, білім алушылардың қалай үйреніп отырғандығын бақылайды, сұрақ қояды, әңгімелеседі, кері байланыс ұсынады, көмектеседі, консультация береді, бағыт-бағдар сілтейді, ынталандырады, мақтайды, білім алушылардың үйрену деңгейлері бойынша өзі үшін қорытындылар жасайды, сынып/топ/жүп жұмысын үйлестіреді. Тапсырманы орындаудың нәтижелерін жариялау, тексеру және орындалу сапасын бағалау (критерийлер не дұрыс

жауаптар бойынша өзін-өзі немесе бірін-бірі, педагогтің кері байланысы) — 2-5 мин.

**Рефлексия:** «жетістік – кедергі – шешу жолдары» тұрғысында талқылау, қорытындылау – 1-3 мин. — мұнда «Тапсырманы қалай орындадық? Не үйрендік? Не білдік? Тапсырманы орындау не берді? Мақсатқа жеттік пе? Табысты жерлеріміз қандай болды? Қай жерде қиналды? Енді не істеу керек? Қалай жақсарту керек? Ол не беруі мүмкін? Қандай қорытынды жасаймыз?» деген секілді сұрақтарға жауап іздеу керек: — алдымен жұп не топпен, — содан кейін сыныппен. Бұл рефлексияны сабақ соңындағы рефлексиямен біріктіріп жіберсе де болады. Сабақ бойынша рефлексия: сабақ нәтижелерін талқылау, қорытындылау.

(2-5 мин.): «Сабақта не үйрендік? Не білдік? Тапсырманы орындау не берді? Қалай орындадық? Сабақ мақсатына жеттік пе? Оның дәлелі қандай? Табысты жерлеріміз қандай болды? Қай жерде қиналды? Енді не істеу керек? Қалай жақсарту керек? Ол не беруі мүмкін? Қандай қорытынды жасаймыз?» деген секілді сұрақтарды талқылау («жетістік – кедергі – шешу жолдары» тұрғысында): алдымен жұп не топпен, содан кейін сыныппен. Үйге берілген тапсырманы талқылауды сабақтың мақсатын, дескрипторларын не критерийлері мен орындалу жолдарын білім алушылар түсінбейінше тоқтатпау керек.

Шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін оқып - үйрену бүгінгі күні үлкен қажеттілік туғызып отырғаны бәрімізге мәлім. Сол ағылшын тілін оқып-үйрену әліпбиден бастап мектеп қабырғасында оқытылып, іргетасы осында қалатынын ескерсек, ағылшын тілін оқытудың әдістерін бүгінгі күн талабына сай етіп, білім алушыны ынталандырып, қызықтыра білуің өзі үлкен ізденіспен шеберлікті қажет ететіні сөзсіз. Осыған байланысты шетел тілін үйретуде түрлі ұтымды әдістерді қолданып, сабақ барысындағы іс - әрекеттерді тиімді ұйымдастыра отырып, білім алушының ынтасын арттыру- алдымызға қойылған негізгі мақсат екенің ұмытпаған жағдайда педагог еңбегі жемісті болмақ.

«Ағылшын тілі пәні бойынша» заманауи педагог - әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданады, әр әдістің ішінен тиімді деп санайтын әдістерді таңдап, оларды оқу мақсаттарына сәйкес қолданады. Олар сабақ барысында білім алушыларға жаңа тіл болып саналатын ағылшын тілін оңай түсіну жолдарын қарастырады және бұрынғы тәсілдерге ғана сүйенбей, үнемі ізденісте болады.

Мысалы:

✓ Педагог білім алушының еркін сөйлеуін және коммуникативтік қабілетін арттыру үшін жазбаша және ауызша жаттығулардың алуан түрін ұсынады;

✓ Педагог сынып жұмысындағы білім алушы тарапынан кездескен қателерді дереу түзетеді, бірақ оның ауқымы үлкен болса, бұл қателер кейінірек міндетті түрде түзетіледі;

✓ Педагог төрт тілдік дағдыны (оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу) қатар дамытады;

✓ Айтылым дағдысын жақсарту үшін педагог жаттығуларды пайдаланады;

- ✓ Білім алушылар педагог айтқан сөз тіркестерін автоматты түрде қайталайды;
- ✓ Педагог білім алушыға сабақта қолданылатын грамматикалық және лексикалық элементтерді дұрыс қолдануына көмектеседі;
- ✓ Педагог тек грамматика мен лексиканы ғана қамтымай, сонымен қатар тілдік функцияларды, ауызекі сөздерді, идиомаларды т.б. қамтуы керек екенін түсінеді;
- ✓ Педагог жаңа грамматикалық ережелерді басшылыққа ала отырып, білім алушыларға жаңа жаттығулар ұсынады;
- ✓ Педагог өзекті, ынталандыратын және нәтижелі сабақтар беру үшін ресурстардың кең ауқымын әзірлеуге ұмтылады, т.б.

Кейбір әдіскерлер ХХІ ғасырды «Postmethods Era» деп атайды: ағылшын тілін оқыту әдістемесіндегі көптеген әдістер қазірдің өзінде сыналған, сондықтан жаңасын ойлап табу қиын, бірақ педагогтер – оқытудың тиімді әдістерін үнемі іздейтін адамдар, соның арқасында белгілі әдістердің тармақтары пайда болады.

Нәтижесінде оқу процесін түбегейлі өзгерте алатын түбегейлі жаңа ештеңе жасалмады. Яғни, барлық педагогтер келісетін бірыңғай, жан-жақты және әмбебап әдістеме жоқ.

Педагогтер ағылшын тілінде коммуникативті тәсілді ең танымал әдіс деп санайды. Ресейлік педагог - ғалым И.А.Зимняяның еңбектерінде психологиялық тұрғыдан қазіргі оқытуда коммуникативті – белсенділіктің маңызы зор екендігі жазылған [47].

Ағылшын тілін оқыту әдісі қарым-қатынастың негізгі тәсілі болып табылады. Оқытудың коммуникативті әдісінің өкілі Е.И.Пассов коммуникативті оқыту сондай процеске ұқсайтындай етіп ұйымдастырылуы керек деп есептеді [48].

Тиісінше, тіл үйренудегі мұндай тәсіл нақты қарым-қатынастың ерекшеліктерін ескеріп, оқу процесі нақты қарым-қатынас үлгісіне негізделуі керек (тілді тиімді пайдалану үшін грамматика мен лексиканы білу жеткіліксіз).

Шетел тілінің кәсіби педагогтері **Принципті Эклектизм (Principled Eclecticism)** әдісі деп заманауи әдістерді ұстанады. Бұл әдістер білім алушылардың оқуда еркін болуына, тілді тез меңгеруіне итермелейді.

Принципті Эклектизм (Principled Eclecticism) - принципті эклектизм білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес әртүрлі оқыту стильдерін ажырата отырып пайдалануды білдіреді. Принципиалды эклектизм, яғни білім алушының қажеттіліктеріне негізделген қазіргі заманғы ең тиімді әдістерді тандап біріктіру әдісі.

Бұл «бос» тәсіл педагогтің көзқарасына байланысты идеалды немесе қарапайым болып көрінуі мүмкін, бірақ ол білім алушылардың қанағаттануымен тікелей байланысты мәселелерге шолу жасау құралы ретінде кейбір негізгі ойды түсінуді талап етеді. Бір сөзбен айтқанда, эклектизм принципін қолдану білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруден басталады.

Аталмыш тәсілдерді қолдануда төмендегі анықтамаларды назарға алу қажет:

*Тіл аралық дағдылар:* кез келген уақытта білім алушының тілдік дағдыларының деңгейіне сәйкес келетін тілдер шкаласы. Басқаша айтқанда, тілді меңгерудің көптеген деңгейлері бар, олардың белгілі бір деңгейі білім алушы үшін жеткілікті болуы мүмкін. «Ағылшын тілі» оқу бағдарламасы бойынша тілді білу мен меңгеру талаптары тілді меңгерудің халықаралық (CEFR) талаптарына сәйкес келеді (4.1 кесте).

4.1-кесте. «Ағылшын тілі» оқу пәні бағдарламасындағы әрбір деңгей бойынша күтілетін нәтижелер

Деңгей	Тілдің Еуропалық деңгейлер шкаласының сипаттамасы (CEFR)	Жаңартылған білім мазмұнының «Ағылшын тілі» оқу пәні бағдарламасындағы әрбір деңгей бойынша күтілетін нәтижелер
<b>A1</b>	Нақты міндеттерді орындау үшін қажетті таныс фразалар мен сөз тіркестерін түсінеді және қолдана алады. Өзін/өзгелерді таныстыра алады, тұрғылықты жері, таныстары, мүлкі туралы сұрақ қоя аламын/жауап бере алады.	<p><b>1-сынып</b> Білім алушы: ✓ негізгі сұрақтарды, жалпы жеке сұрақтарды, жалпы аттарды және орын атауларын біледі және түсінеді; ✓ адамдар мен объектілер туралы сөйлесудің қарапайым дағдыларына ие</p>
		<p><b>2-сынып</b> Білім алушы: ✓ түсі мен саны, қысқаша негізгі сұрақтар мен әңгімелер сияқты қысқа, баяу сөйлесулердің негізгі сәттерін таниды; ✓ жеке ақпаратқа, адамдар мен объектілерге қатысты негізгі ұсыныстарды айта алады, негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін сұрақтар қоя алады.</p>
		<p><b>3-сынып</b> Білім алушы: ✓ қысқа әңгімелердің мазмұнын, жеке ақпаратты сұрайтын қысқа нұсқаулықтар мен сұрақтарды таниды; ✓ адамдар мен объектілер туралы қысқаша ақпарат береді; ✓ өте қысқа қарапайым көркем және ғылыми-танымал мәтіндерді оқи бастайды.</p>
		<p><b>4-сынып</b> Білім алушы: ✓ өзі және қоршаған орта жайлы әңгімелесуді түсінеді және қолдайды; ✓ адамдар мен объектілерді қысқаша сипаттай алады; ✓ сұрақтарға жауап береді және ұнататындығы мен ұнатпайтындығын білдіреді</p>
<b>A2</b>	Жиі кездесетін сөздерді (өзі және отбасы мүшелері, сауда, мамандық т.б.)	<p><b>5-сынып</b> Білім алушы: ✓ жеке ақпаратты сұрайтын негізгі</p>



	<p>түсінеді. Қарапайым сөйлемдермен ақпарат алмасуға, туыстар мен достары туралы баяндап, күнделікті өмірдің негізгі аспектілерін сипаттай алады.</p>	<p>мәселелерді, қолдау көрсетілетін әңгіменің негізгі сәттерін түсінеді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ өзі және басқалары туралы негізгі ақпаратты, ұсыныс деңгейіндегі пікірді айта алады, қарапайым сұрақтар қоя алады.</li> </ul>
<p><b>В1</b></p>	<p>Әртүрлі тақырыптарға әдеби тілде жасалған, жұмыста, оқуда, бос уақыттарда және т.б. кездесетін нақты хабарламалардың негізгі идеяларын түсінеді. Өзіне белгілі немесе аса қызықтырған тақырыптарға байланыс жасай алады. Алған әсерін, оқиғаларды сипаттап бере алады, өз пікірі мен болашаққа деген жоспарын негіздеп айтып бере алады.</p>	<p><b>6 - сынып</b> Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ жеке ақпаратты қажет ететін күрделі сұрақтарға жауап береді, кеңейтілген әңгіменің негізгі сәттерін түсінеді;</li> <li>✓ өзі және басқалар туралы негізгі ақпаратты, әңгімелерді және оқиғаларды баяндайды;</li> <li>✓ хатта жеке сезімдер мен пікірлерді бейнелейді.</li> </ul>
		<p><b>7 - сынып</b> Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ негізгі сәттерді, нақты ақпаратты және кеңейтілген әңгімедегі дәлелдердің көп бөлігін түсінеді;</li> <li>✓ пікір айтады және пікірталасқа қатысады;</li> <li>✓ келіссөздер жүргізу үшін құрдастарымен өзара іс-қимыл жасайды;</li> <li>✓ жазбаша жұмыстарда мәтін деңгейінде сауаттылық пен пунктуацияны сақтайды,</li> <li>✓ мысалдарға сәйкес жазбаша дәлелдер келтіреді.</li> </ul>
		<p><b>8 - сынып</b> Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ кеңейтілген сөйлесулер мен мәтіндердегі болжамды мағынаның көп бөлігін түсінеді;</li> <li>✓ сыныптағы міндеттерді орындау бойынша өзара іс-қимыл жасайды;</li> <li>✓ кейбір кеңейтілген оқиғалар мен оқиғаларды сипаттайды және өз ойын жазады.</li> </ul>
<p><b>В2</b></p>	<p>Абстракттілі және нақты тақырыптарға берілген күрделі мәтіндердің жалпы мазмұнын түсінеді. Тіл тасымалдаушылармен үнемі қарым-қатынас жасау үшін</p>	<p><b>9 - сынып</b> Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ кеңейтілген сөйлесулер мен мәтіндердегі негізгі сәттерді, нақты ақпаратты түсінеді;</li> <li>✓ кешенді сұрақтар қоя алады, өз көзқарасын түсіндіреді және негіздей алады;</li> <li>✓ әртүрлі үлгіні пайдалана отырып, мәтіндік деңгейде сәйкес (когерентті) хат жаза алады.</li> </ul> <p><b>10 - сынып</b> Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ еркін талқылаудың негізгі мазмұнын, нақты ақпаратты және дәлелінің егжей-тегжейін түсінеді;</li> <li>✓ сөйлеудің формальды және формальды емес стилдерін қолданады, өзінің және басқаның</li> </ul>

	<p>кез келген тараппен қиындықсыз және тез сөйлей алады. Әр түрлі тақырыптарға нақты, егжей-тегжейлі хабарлама жасай алады және негізгі мәселеге өз көзқарасын баяндай алады, түрлі пікірлердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсете алады.</p>	<p>көзқарасын түсіндіреді және негіздейді, басқа адамдардың пікірін бағалайды және түсіндіреді;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ көлемді мәтіндердің негізгі идеясын түсінеді, түрлі стильдер мен жанрлардың көлемді мәтіндерінен алынған арнайы ақпараттар мен бөлшектерді таниды;</li> <li>✓ тиісті формальдылыққа жету үшін сөйлеу стилін қолдана отырып, грамматикалық дұрыс хат жазады.</li> <li>✓ қисынды дәлелдерді және қажет болған жағдайда мысалдар мен себептерді келтірумен тұжырымдайды.</li> </ul> <p><b>11 -сынып</b> Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ оқу бағдарламасының әртүрлі тақырыптарына еркін талқылау кезінде негізгі идеяны, ерекше ақпаратты, дәлелінің мағынасының егжей-тегжейін түсінеді;</li> <li>✓ талқылауда ресми және бейресми сөйлеу стилін қолданады;</li> <li>✓ өзінің және басқаның көзқарасын түсіндіреді және негіздейді, басқа адамдардың пікірін бағалайды және түсініктеме береді;</li> <li>✓ күрделі және абстрактілі идеяларды, көлемді мәтіндер контекстіндегі арнайы ақпараттарды түсінеді.</li> </ul>
--	---	--

*Түсіністік:* Стивен Крашен ойлап тапқан бұл идеяның мәні мынада: егер біз түсінбесек, біз үйрене алмаймыз [49].

*Мағынаға келісу:* Оқытуы бір тілде сөйлейтін адамдардың (ана тілі-қазақ тіліндегі адамдардың өзара ағылшын тілінде сөйлесуі) өзге тілде сөйлеп, өзара ой алмасу сәтінде болатынын сөйлесу гипотезасы.

*Нәтижеге бағытталған тәсіл:* тілдің фрагменттерін жинақтау (мысалы, уақытты дұрыс пайдалануға негізделген шақтарды үйрену және жаттығуларды орындау).

«Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты - білім алушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Сонымен қатар оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу, тілді қолдану) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енгізу. Қосымша материалдарды ұлттық құндылықтар негізінде оқыта отырып, білім алушының бойына ұлтжандылық қасиет қалыптастыру.

«Ағылшын тілі» пәнін оқытудың міндеттері:

- ✓ Басқа тілде сөйлеу тәжірибиесін меңгерту
- ✓ Жаңа мәдениет пен ұлттық құндылықтарды таныту

- ✓ Еркін ойлау қабілетін ынталандыру
- ✓ Дүниетаным қалыптастыру.

Енді осы мақсат-міндетке жету үшін тілді үйретудің әдіс-тәсілі де таңдаулы болуы тиіс.

Жалпы оқу материалының өзі өмірлік тілдік жағдаяттардан – нақты адамдармен сұхбаттан, олардың өмірбаянын әңгімелеуден, әңгіме үзінділерінен, телефонмен сөйлесулерден, саяхатты суреттеуден және т.б. тұрады.

Ағылшын тілін үйрену барысында білім алушылардың қызығушылығын арттыратын әдістердің бірі – коммуникативті тапсырмалар әдісі (Task based learning). Бұл тәсіл 80-ші жылдардың соңында пайда болды, бірақ 2000-шы жылдардың ортасында танымал болды. Теориялық негіздерін қалағандар: Питер Скехан, Род Эллис, Джейн Уиллис және т.б.

Негізгі принциптері:

-TBL – білім алушылардың шынайы (аутентичные) тапсырмаларды орындайтын коммуникативті әдіс саласы;

- білім алушылардың күнделікті өмірде орындайтын материалдары мен жаттығуларын пайдалану;

- ең бастысы білім алушылардың күнделікті өмірінде кездесетін тілдік құрылымдарды пайдалана отырып, тапсырманы шешу (отбасымен театрға, саябаққа бару, достармен доп ойнау, т.б.);

Тапсырманы орындау мыналарды қамтиды: Тапсырма > Жоспарлау > Есеп (Task > Planning > Report). Білім алушылар тапсырманы қалай орындағанын және қандай нәтижеге қол жеткізгенін айтуы қажет. Мысалы, олар бүкіл сынып үшін мыналарды көрсететін таныстырылым жасайды:

- ауызша және жазбаша сөйлеу тәжірибесі үшін желіні пайдалану мүмкіндігі (әлеуметтік желілер, қарым-қатынас платформалары, онлайн сұхбат, т.б.);

- технологияларды пайдалана отырып, шығармашылық тапсырмаларды орындау (веб-коллаждар, жобалар, веб-квесттер, аудио және бейне монологтарды жазу);

- талқылау, оқу және көру үшін күнделікті өмірге қатысты материалдарды таңдау.

